Қазан төңкерісінен кейін оқу-ағарту ісін дұрыс жолға қою мәселесі алғашқы орында тұрғаны белгілі. Қазақ тілінің тазалығы үшін күресіп, бөтен сөздермен тілді шұбарламай, таза қазақ тілімен жазу үлгілерін көрсету мақсатымен қазақтың көрнекті зиялылары алғаш мектептерге әліппелер, тіл ашарлар, тіл құралдарын жазып, кейіннен 20–30-жылдары ашыла бастаған жоғары оқу орындарына арнап оқулықтар, оқу құралдарын аударумен, сөздіктер құрастырумен айналысты.

Ал қазақтың ұлттық ғылым тілін жасаудың басында қазақ зиялыларының көрнекті өкілі — А.Байтұрсынов тұрғаны 1989 жылдан бері ғана көпшілікке мәлім болды. Әкімшіл-әміршіл жүйе тарапынан қазақ зиялыларының көрнекті өкілдеріне «ұлтшылдар», «Кеңес өкіметін құруға қарсы әрекет етушілер» деген айып тағылып, оларды қуғын-сүргінге ұшыратқаннан бергі 80-жылдардың аяғына дейін аты аталмай, еңбектері дұрыс баға алмағандардың біріне қазақтың ұлттық тіл білімінің іргетасын қалаушы лингвист-ғалым, ағартушы педагог, ірі қоғам қайраткері А.Байтұрсынов жатады.

Елімізде болған жариялылық, демократиялық процестерінен бергі он жылдан аса уақыт ішінде А.Байтұрсыновтың мұрасын жан-жақты зерттеген көптеген еңбектер жарияланды. Оларға Ә.Қайдар, Р.Сыздықова, Ө.Айтбаев, М.Жүсіпов, Ш.Білалов, Ш.Құрманбайұлы, Ш.Мажитаевалардың зерттемелері жатады.

Зерттеушілердің қай-қайсысы да А.Байтұрсыновты қазақша ғылым тілінің негізін қалаушы ретінде көрсетеді. Оның басты себебі Ахаңның тіл білімі мен әдебиет терминдерін өзі жасап, жазған оқулықтарында өз қолдануында ғана емес, оның басқа ғылым салаларынан да қазақша термин жасау мен өзге тілден термин қабылдауда үлгі көрсетіп, термин жасау тағылымын қалдыруында деп есептейді.

А.Байтұрсыновтың еңбегін арнайы жинақтап, оны алғаш қазақ қауымына таныстырған ғалым Р.Сыздықованы ерекше атап айту орынды. «Ахмет Байтұрсынов» деген кітапшада (Алматы, 1990) автор XX ғасырдың бас кезінде қазақ тілінің тұңғыш оқулықтарын жазып, графикасын реттеуші, сол арқылы қазақтың ұлттық тіл білімінің іргетасын қалаушы, ағартушы-ғалым, ірі мәдениет және қоғам қайраткері, тамаша публицист әрі ақын А.Байтұрсыновтың өмірін, еңбектерін алғашқылардың бірі болып талдады. Талдау барысында ғалым А.Байтұрсыновтың қазақ тілін зерттеудегі және оқу-ағарту майданындағы істеген істері мен жасаған еңбектерін толық көрсетіп, былайша санамалап көрсетеді: «... тұңғыш қазақ лингвисті өзінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін «Оқу құралды» жазған; одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл-құралды» жазған; үшінші — тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін «Тіл жұмсарды» жазған, төртінші — сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншыны» жазған». Р.Сыздықова «Ахмет Байтұрсынов» деген кітапша мен «Тіл тағылымы» [2] деген Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі мен оқу-ағарту еңбектері жинақталып басылған кітаптарға жазған алғысөзінде ғалымның қазақ тілі грамматикасына қатысты категорияларға қазақша термин ұсынғандығын, осы күнгі қолданылып жүрген *зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш* деген т.б. сан алуан лингвистикалық терминдердің көбі А.Байтұрсыновтікі екендігін тұңғыш атап көрсетеді [3].

Ахмет Байтұрсынов қазақ тіл білімінің қазақ тілінде өрбуіне, зерттелуіне, оның қазірде қолданылып жүрген ғылыми терминдерінің қалыптасып дамуына үлкен үлес қосты. Оның термин алуда ұстанған принципінің дұрыстығына ол жасаған терминдердің әлі күнге дейін тілімізде қолданыс тауып жүргендігі дәлел. Ғалымның термин жасаудағы ұстанған негізгі принципі ең алдымен қазақ тілінің өз мүмкіншіліктерін пайдалану, ал «Айқап» журналындағы мақалаларында *грамматика, фонетика, морфология* т.б. халықаралық сөздерді де қолданған. Бұдан оның орыс тілі арқылы кіретін интернационалдық терминдерден бас тартпайтын принципін де байқаймыз.

А.Байтұрсынов лингвистикалық терминдерді жасауда негізгі екі принципті ұстанған еді: бірі — ана тілдің бар мүмкіндігін барынша сарқа пайдалану, екіншісі — өзге тілдерден, әсіресе орыс тілінен әдеби тілдің дамуына керекті, жаңа ұғымды белгілеу үшін қажетті атау сөздерді алудан қашпау. Ол «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде жарияланған мақалаларында, «Оқу құралы», «Тіл — құралы», «Тіл жұмсар», «Баяншы» деген еңбектерінде тілімізде бұрыннан бар сөздерді белгілі ғылыми ұғымды білдіретін атау ретінде қолданады.

А.Байтұрсынов жасаған атаулардың жасандылығы білінбейді, ұғым мен атаулардың соншалықты жақындығы, атаудың дәлдігі, қысқа да нұсқалығы тәнті етеді. Ғалым тағылымы ғылымды ұлт тілінде сөйлету арқылы ұлт мәдениетін, ұлттық сананы, ұлттық таным деңгейін жоғары сатыға көтеру болатын. А.Байтұрсынов алға қойған бұл мақсатты оның замандастары мен шәкірттері іске асыра білді. Мысал ретінде 1914 жылы жарық көрген М.Дулатовтың есеп оқулығындағы мына атауларды келтіруге болады: *есеп сатысы* (таблица), *түзу сызық, тік бұрыш, кесе сызық, қатар сызық, сызғыш, деректі сан, төрткіл, шаршы, көбейту, шегеру, ондық (жүздік), бөлімдер* т.б.

Кейінгі жылдары жазылған зерттеулерде оқулықтар, оқу құралдарын құрастырып жазу барысында, пән атауларын жасауда 20–30-жылдары, негізінен, дұрыс принцип ұсталынды деген пікір айтылып жүр. Бұған мысал ретінде М.Жұмабайұлының «Педагогика» «Баланы тәрбия қылу жолдары» атты еңбегі [4] мен Ж.Аймауытовтың «Психология» [5] деген оқулығынан жинастырған тілдік материалдарымызға сүйене отырып, олардағы тіл ерекшеліктеріне, терминжасам мәселесіне қысқаша тоқталып өтелік.

М.Жұмабайұлының «Педагогика» оқулығы 1922, 1923 жылдары Ташкентте екі рет басылып шыққан. Кітаптың кіріспесінде автор бұл еңбегін қысқа уақыттық мұғалімдер курсына өзі оқыған дәрістерден жинақтап баспаға бергендігін, қазақша педагогика пәні атаулары болмағандықтан, түрлі

терминдерге дәл келетіндей қазақша сөз іздеп табу қиын соққандығын және бұл еңбекті жазуда басқа да мұғалімдердің жәрдемі тигендігін айтады.

«Педагогика» оқулығының өзіндік ерекшелігіне байланысты қазақ тілінің бейнелі, айшықты сөздері, мақал-мәтелдері мен тұрақты тіркестері де кездесіп отырады: *ұяда не көрсе, ұшқанда соны қылады; қарны қабақтай, бұты таяқтай, көк қарын, ши борбай; қу қанжыға адам; соқыр сезім; қытай қорғанын бұзу; тоғыз жолдың торабында тұру; арыстан айға шапса, мерт болмақшы; өтпес жарлық бойға қорлық; ауру қалса да, әдет қалмақ емес* т.б.

«Педагогикада» араб, парсы, түркі сөздері де термин мәнінде қолданылады: *һауа, дәріс, фән, сыныф, харіф, хукім, иждаһат, мактаб, шәкірт, рия, мақсұт, тәржыма, дәрәжа, тәрбия, тәжіриба*.

Сонымен бірге *Һәм, Һешбір, яки, хатта* сияқты жалғаулық шылаулар мен көмекші сөздер бұл кітапта жиі кездеседі.

20-жылдардан бері негізі қалана бастаған қазақ тілі оқу-ағарту лексикасын тілімізде қалыптастыру процесі әлі тоқталған жоқ. Қолданыстан берік орын алған көптеген терминдер мен атаулар, тіркестер педагогика терминдерінің ұлттық үрдісте дамығандығын көрсетеді.

Әрине, кітаптың жазылғанына біраз уақыт өткендіктен, кейбір мағынада қолданылған сөздер қазіргі тілімізде басқа баламада орныққан: *жылылық* (бұл сөз қазір *температура, дене қызуы*), *қайрат* (ерік), *тума мінез* (темперамент), *құлық* (этика), *сұлулық* (эстетика) *сезімдері, сұлу сурет* (живопись), *соқыр сезім* (инстинкт), *ояну дәуірі* (ренессанс), *сығыр* (близорукий), *елес* (иллюзия), *суреттеу* (қазір: *елестету*). Басқа жұрнактармен қолданылған атаулар да кездеседі: *еліктемпаз, іші пысымпаз, ауырымпаз, сезімпаз, қозғалымпаз* т.б.

Ал түпнұсқадан — орыс тілінен — дайын түрде алынған сөздер: *искусство, архитектура, нируа системасы, афазия, перцепция, локализация, музыка, категория, гипотеза, аналогия, аффект* т.б.

Орыс сөздерін алғанда көбінде түсінік беріліп отырған. Мәселен, *астрономды* ала отырып, жақша ішіне *көк ғылымына жетік адамдар, математика — есеп фәні, иллюзия — елес, перцепция — әсерленуді туғызған себепті, яки затты табу, гигиена — саулықты сақтау фәні* т.б. деген түсінік беріледі. Мысалы: Мидың белгілі бір жері зиянданса, адамның қол-аяғы қозғалмай қалады, яғни *паралич* болады. Мұны біздің қазақ пері соққан дейді (М.Ж. Педагогика, 49-б.)... кеңірдегі сау болып тұрса да, сөйлей алмай, тілсіз болып қалады, яғни *афазия* ауруы пайда болады (М.Ж. Педагогика, 49-б.). Әсерленуді бұрынғы болған тәжірибелермен толықтыру *апперцепция* деп аталады (М.Ж.Педагогика, 58-б.). Келе жатқан бір кісіні екінші біреу деп ойлап қалу, шілікті қасқыр деп білу, міне, осылар — *иллюзия* (М.Ж. Педагогика, 59-б.).

Терминдердің қазақша баламасын тапқан жерлерде жақша ішінде орысша вариантын беріп отырған: *сұлу сурет (живопись), абай (внимание), шешпе хукім (анализ хукімі), қоспа (синтез), бейғамдық (рассеянность), темір тәртіп (железная дисциплина)* т.б. «Педагогика» кітабынан бірнеше мысал келтірейік:

Ішкі сезімдер тағы екіге бөлінеді: өзімшілдік (эгоизм) ішкі сезімдері Һәм көпшілдік (альтруизм) ішкі сезімдері (М.Ж.Педагогика, 121-б.).

Әлбетте, даму, ілгерілеу барысында ізденістер болатыны — заңды құбылыс. Жылдар бойы қалыптасқан кейбір сөздердің, атаулардың бүгінгі талапты өтеуде олқылық танытып тұратындары да болады. Дегенмен кітапта кездесетін терминдер мен жаңа қолданыстардың көпшілігі қазіргі қазақ тілінде аздаған өзгешеліктермен қолданылып жүр. Мысалы: *абай (внимание) — назар, ықылас; аң, аңдау (сознание; понятие) — түсінік, ұғым; жалаңаштау (абстракция) — дерексіздендіру; қайрат (воля) ерік; сұлу сурет (живопись) — кескіндеме* т.б.

Кітапта араб, парсы сөздері арқылы оқу-білім, жазу-сызуға байланысты ұғымдар берілген: *хукім, сыныф, Һауа, фән, харф, мактаб, дәріс, шәкірт* т.б.

Ал кейбір орыс және сол арқылы басқа да еуропа тілдерінен енген сөздер дайын күйінде алынған: *аперцепсия, афазыйа, гимнастика, доқтыр, искуство, орыс школасы, консентыр, пойезыйа, нируа системасы* (бұл сөз кітапта бірнеше фонетикалық вариантпен кездеседі), *минот, факті* т.б.

Сонымен, бұл еңбек, сөзсіз, педагогика ғылымдарының терминдерінің тууына, қалыптасып, дамуына негіз болды, өз дәуірі үшін аса пайдалы, құнды еңбек болса, қазіргі күнде де маңызын әлі жойған жоқ деуге болады.

XX ғасыр басында қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі Ж.Аймауытовтың педагогикалық оқу орындарына арнап жазған «Тәрбиеге жетекші» (Орынбор, 1924), «Психология»

(Қызылорда-Ташкент, 1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (М., 1926), «Комплексті оқыту» (Қызылорда, 1929) т.б. оқулықтары мен оқу құралдары баспадан шықты. Оның тәлім-тәрбие тақырыбына жазған «Психология» кітабы осы ғылымдар саласы терминдерінің негізін қалауға көп септігін тигізді деуге болады. Автор бұл кітабында шетелдік және орыс атауларын қазақтың өз сөзімен беруге тырысқан: *философ — данышпан, ионизм — жан-тән бірлігі, факт — болмыс, субстанция — тірек, гармония — келістік, существо — жаратылмыс, восприятие — түйсік, анкета — сұрақ, возбудимость — қозғыштық, пантомима — ымдасу, клетка — шілтер, нервный — күйгелек, дальтонизм — түске соқырлық, сентиментальный — аянышжанды, любопытство — таңсыққойлық, мимика — ым, пассивно — жайбарақат, флегматик — салқын қанды, холерик — қызбалы, апатичный — сары уайымшыл, апперцепция — түйсіктегіш* т.б.

Ымдасу (пантомима) деп бастың, кеуденің, қол-аяқтың әлпетті қозғалыстарын ұзу керек (Аймауытов Ж., 108-б.). **Талдау (анализ)** дегеніміз — қоспалы күрделі нәрселерді, бернелерді жеке-жеке алып, бөліктеп тексеру. Мәселен, қылды, жібекті талдауға болады (Аймауытов Ж., 186-б.). **Іріктеу (абстракция)** деп бір шумақ нәрселерден не бернелерден бірнешеуін таңдап шығарып алғанды айтады (Аймауытов Ж., 187-б.). **Сіңістіру (ассимиляция)** біріне-бірі өте ұйқас екі нәрсе, екі берне қосылып, бір-ақ берне болып кеткенді айтады (Аймауытов Ж., 187-б.). **Ұластыру (синтез)** — талдауға қарсы. Талдау бүтінді жырымда болса, ұластыру бөліктерден бүтін құрау (Аймауытов Ж., 187-б.).

Сондай-ақ байырғы сөздер тіркесуі арқылы жасалған атаулық терминдер де баршылық: *жансыз зат, құрғақ даналық, тілсіз күш, амалдық қисын, ерсілі-қарсылы қисын (теория взаимодействия), дерексіз пән, ішкі қозғалыс, құрғақ жорамал, жан қуаты, тірлік ғылымы* т.б.

Тілімізде жоқ ұғымдар түсіндірме жолымен берілген: *Неліктен ақ көбелек шамның жарығына үймелейді? Неліктен маяктың (кеме жүзетін судың жағасына кемешілер адаспасқа жағып қоятын қарауыл шамды маяк дейді) жарығы құстарды шақырады, қаратады? Ескі психологшылар айтар еді: «Көбелек шамның жарығын әуес көреді». «Құс маяктың отын жаратады» деп (Ж.А., 66-б.). Моридың бетіне қызарған темірді жақындатса, ол түсінде **кочегарды** (пароходта от жағатын жұмысшыны) көреді (Ж.А., 216-б.).*

Ж.Аймауытов кейбір диалектизмдерді де қолданған: *дәйім, әсілімен* (барлығы), *сілем, сүгірет, жар (қабырға), ауқат (тамақ деген мағынада), жарату, тілмар* т.б.

Термин жасауда, негізінен, байырғы төл сөздеріміздің басым қолданылғаны аңғарылады: **нану, наным** — вера, **ерік** — воля, **өнер** — техника, **әдебиет** — словесность т.б.

«Психологияның» грамматикалық ерекшеліктеріне келсек, -у тұлғалы тұйық етістіктің орнына -мақ, -ға, -са тұлғаларымен қолданылғанын көреміз. Мысалы, ... күнәлі адамның жаны өлгеннен кейін шошқаға жан **болса** керек (Ж.А., 12-б.). Бұл қозғалуды табиғат өзінен-өзі тауып алған, өйткені табиғат бір зор тұтас әлем, одан тысқары ештеңе **болуға** мүмкін емес (Ж.А., 22–23-б.). Бірақ нәрсе өзіндік сипатқа ие болса, ол нәрсенің амалының қалпынан, тұрмысынан **тумақ** керек (Ж.А., 23-б.). «Бет — жанның айнасы» дейді. Бұл рас. Бірақ бет бояма, перде **болуға** да мүмкін (Ж.А., 53-б.).

Сонымен, 1920-жылдары қазақша ғылым тілінің дамып қалыптасуына қазақ тілінде жазылған оқулықтар мен оқу құралының, сөздіктердің, мерзімді баспасөздің атқарған рөлі зор екені сөзсіз. Дегенмен 20-жылдары термин жасаудағы принциптерде бірізділік болмағандығы, оның себебі туралы Ә.Қайдаров, Ө.Айтбаев, Ш.Құрманбайұлының т.б. зерттеушілердің еңбектерінде айтылған пікірлерден көруге болады. Шындығында, 30-жылдардың ортасына дейін термин сөздер аударылып алынса, 30-жылдардың ортасынан бастап советизмдер мен шетелдік терминдер сол қалпында аударылмай қабылданды. Бұған 1935 жылы Алматыда өткен Қазақстан мәдениет қызметкерлерінің съезінде қабылданған термин жасаудың принциптері де үлкен әсер етті. Оның үстіне бұл кезеңде Ресейдің мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған түркі тілдерінің терминін жасау үшін қандай принциптерді негізге алу қажет деген орыс ғалымдарының мақалалары, айтылған ой-пікірлері мен ұсыныстары әсерін, ықпалын тигізбей қоймады. Бұл жөнінде Ш.Мажитаева өзінің «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» (Алматы: Ғылым, 1999), «XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі» (Астана: Елорда, 2000) деген монографияларында жан-жақты тоқталады [6].

Академик Ә.Қайдар «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деген еңбегінде термин жасауда қазақ тілінің байлығын сарқа пайдалана алмағанымызға бірнеше себеп болды деп ашып көрсетеді: «Ең басты себеп — замана үрдісі, тіл саясаты мен идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі, екінші себеп — «еліміздегі ұлт, ұлыс тілдері өздерінің дамудан кенжелеп қалуына байланысты ғылым тілі болып, орыс тілімен терезесі тең тұра алмайды» деген пікірдің орталықта да, жергілікті мамандар арасында да қалыптасуы. Үшіншіден, терминдік

ұғымдардың қайнар көзі орыс тілі болып саналады да, қалған жүздеген тілдердің бәрі тек «қабылдаушы» пассив тілдер болып келді. Төртінші себеп — ғасырлар бойы өз дәстүрімен еркін дамып келген тілдері ғылыми-техникалық прогреске икемдеумен шұғылданбағандықтан, бірден лап берген терминология тасқынына бұл тілдер төтеп бере алмады. Бесінші себеп — ана тілінің мүмкіншілігін толық ашып, терминология тасқынына қарсы қоярлықтай, ұлт кадрлары тоталитарлық үкімет тарапынан кезінде жойылған болатын» [7].

Сөйтіп, қазіргі тіліміздегі көптеген терминдер бірден осы күйінде жасалынып, қолданыс тапқан жоқ. Алғашқы оқу-педагогикалық, ғылыми-техникалық салалардың терминдері, негізінен, 20-жылдары жасалына бастады. Термин жасауда нақты принциптер болмағандықтан, әркім терминді өз бетінше жазды. Алғаш рет қазақ тілінде жарық көре бастаған оқулықтардағы термин сөздердің сол кездің талабына сай қолданылуы — шартты құбылыс. Дегенмен қазірге дейін олардың біразы сұрыпталып, ғылым тілінде өзгеріске ұшырағандары да кездеседі. Осы кезеңдегі термин жасауда негізгі көзделген мақсат олардың қалың бұқараға түсінікті болуы еді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күні қай ғылым саласында болса да терминдер тұрақты қолданысқа ие болып, терминология саласында біршама жетістіктерге қол жеткіздік. Бұған XX ғасыр басындағы ғылыми-көпшілік кітапшалар мен газет-журналдарда жарық көрген мақалалардың, алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарының қазақша ғылыми терминдердің қалыптасуына негіз болғаны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жалмаханов Ш.Ш. А.Байтұрсынұлы — қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы. — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1997. — 3-б.
- 2 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. — Алматы, 1992. — 448 б.
- 3 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. — Алматы, 1990. — 29-б.
- 4 Жұмабаев М. Шығармалары. — 1-3-т. — Алматы, 1996.
- 5 Аймауытов Ж. 5 томдық шығармалар жинағы. — 4-т. — Алматы: Ғылым, 1998. — 448-б.
- 6 Мажитаева Ш. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. — Алматы: Ғылым, 1999. — 192-б.; XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. — Астана: Елорда, 2001. — 343 б.
- 7 Қайдарі Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. — Алматы, 1993. — 19-б.

Ш.Мажитаева, С.Б.Калыбаева

Лингвистические особенности учебников на казахском языке начала XX века

В статье рассматриваются лингвистические особенности первых учебников и учебных пособий на казахском языке начала XX в. Авторы анализируют принципы терминотворчества в учебно-методических работах таких видных представителей казахской интеллигенции, как А.Байтұрсынов, М.Жумабаев, Ж.Аймауытов.

Sh.Mazhitayeva, S.B.Kalybayev

Linguistic peculiarities of the Kazakh textbooks of the early XXth century

The article devotes language features of the first textbooks and manuals of the first quarter of the twentieth century in the Kazakh language are considered. Authors of article make attempt to analyze principles of terms making in science-methodical works of prominent representatives of the Kazakh intelligency as A.Baitursynov, M.Zhumabaev, Z.Ajmauytov.

Ж.А.Құсайынова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана

Контекст — семиотикалық бірлік

Мақалада контекстің семиотикалық бірлік сияқты қызметтері қарастырылды, сонымен қатар грамматикалық бірліктердің семантикалық және құрылымдық тұстарының өзара әрекеттестігі заңдылықтарына талдау жасалды. Контекст арқылы шешімін табатын лексикалық бірліктер семантикалық өрістерінің кеңеюі мен тарылуы жөнінде айтылды. Бұл мәселе талдаудың салыстырмалы деңгейінде қарастырылған.

Кілтті сөздер: контекст, семиотикалық бірлік, мәтін, модальділік, семиотикалық белгілер, модальділік санаты, коммуникативтік қарым-қатынас, семиотикалық кеңістік.

Құрылымдық синтаксис деңгейіндегі талдаулар модальділік санатының грамматикалық табиғатын толық ашып көрсете алмайды. Себебі бұл санаттың грамматикалық ерекшелігі, модальді мағынаның астары көп жағдайда сөйлем аралық байланыстан, контекст аясындағы салыстырудан дараланады. Модальділікті контекст шеңберінде талдау қажеттігін, ішкі себептері мен қол жеткізер мүмкіндіктерін, оның функционалдық мәнін С.Құлманов пікірімен ұштастырып, төмендегіше саралап көрсетуге болады: «Біріншіден, модальділік категориясын оны тура білдіретін конвенционалды құралдардан басқа осы семантикалық мазмұнды, осы коммуникациялық функцияны жанама түрде білдіретін бейконвенционалды құралдарды да жатқызуға болады. Кейбір модальдік мағыналар оларды білдіретін құралдардың семантикасына байланысты болмауы да мүмкін... Екіншіден, ұқсас мағыналарды білдіретін жекелеген бірліктердің арасындағы семантикалық айырмашылықтарды коммуникативті әдіске сүйенбей табу мүмкін болмайды... Үшіншіден, коммуникативті жағдаяттың ерекшелігіне байланысты тілдік құралдарды таңдау шарты анықталады... Төртіншіден, коммуникативті жағдаят пен оның қатысушыларын айқындау бұйрықты сөйлемдердің кеңес, өтініш, бұйрық, ұсыныс т.б. сияқты реңктерінің семантикалық айырмашылықтарын айқындауға мүмкіндік береді...» [1; 45,46].

Модальділіктің аталған құрылымдық белгілерін талдау үшін, контексті тірек ете салыстыру аса қажет. Контекст әр сөйлемде көрініс беретін модальді мағынаны жалқылап талдауды мақсат етпейді. Текст, контекст — бірнеше сөйлемнің ішкі бірлігінен қалыптасатын, белгілі бір жағдаяттың әсерін ескере отырып, модальділікті толық сипаттауға, ұғынуға мүмкіндік беріп, біртұтас ойды қалыптастыратын бірлік. Яғни, контекст өзінің құрамындағы ұсақ семиотикалық белгілердің тығыз семантикалық қатынасынан өрбитін модальді мағынаның құрылымдық ерекшелігін бұзбай, субъектінің әр түрлі көзқарасын жандандырады. Ендеше, модальділік санатының құрылымын, семантикалық ерекшелігін толыққанды талдау үшін, контекстің өзін семиотикалық бірлік ретінде қабылдаймыз. Оның құрамындағы синтаксистік бірліктер өзара әрекеттесу заңдылығымен дараланып, семантика-құрылымдық байланысын қатаң сақтап, тұтас құрылымның ішкі бөлшектері сияқты қызмет атқарады.

Контекст, оның ішкі бөлшектері, олардың байланысы, грамматикалық қызметін В.Л.Ринберг: «Учитывая, однако, что целостность этой структуры, как и других единиц высшего порядка, основана на диалектическом единстве структурных и семантических параметров, среди которых ведущее место принадлежит семантико-синтаксическим отношениям и связям между предложениями, следует считать, что оба плана (и граница, и связи) взаимообусловлены, взаимосвязаны, и выявление их может быть реализовано только в этом неразрывном единстве», — деп сипаттаған [2].

Контекстің құрылымы, оның қызметтік мүмкіндігін Г.В.Колшанский пікірі де толықтырады: «Интенция построения текста распространяется не на задачу формирования отдельных высказываний, а на передачу цельного смысла, представляющего собой не констатацию атомарных фактов, а описание определенной ситуации, являющейся предметом, обмена мыслями между коммуникантами» [3].

Жалпы грамматикада семиотикалық бірліктер туралы әр түрлі көзқарастар орын алған. Лингвистикалық ауқымда семиотикалық бірліктерді тар көлемде де, кең көлемде де түсінуге болады. Тар көлемде «семиотикалық бірліктер», «мағына», «семантика» ұғымдарын лексикология шеңберінде талдап, бір сөздің мағынасын сипаттаумен байланыстырамыз. Мұнда семиотикалық бірліктерді

жалқылау басым. Егер лексикологияда семантика категориясының бірлігі сөз және сөздер тіркесі болса, функционалдық сипаттаумен астарласқанда, сөйлемдерді де, контекстерді де семантика категориясының бірлігі ретінде қабылдаймыз. Ал контекстің семиотикалық бірлік ретінде сипатталуы функционалды көзқарас, функционалдық талдаулардан бастау алады. Бұл бағытта семантика категориясының бірліктері неғұрлым күрделі сипат алып, болмыс-бітімін кешенді сипаттауға мүмкіндік жасалады. Бұл жетістікке, әрине, бірнеше сатыдан, бірнеше теориялық ілімдердің дамуы нәтижесінде қол жеткіздік. Бұған дейінгі сатыда «семантика категориясының тірегі қандай бірлік?» деген сұрақ төңірегінде әр түрлі көзқарастар орын алған. Себебі семантика категориясының алғашқы теориялық негізі, іргетасы осындай ойлардың астарынан қалыптасып, дамыды. Бұл еңбектерде жеке белгі, сөздердің маңызы туралы тұжырымдар қамтылды.

Семиотикалық белгілердің табиғатын айқындауда зерттеушілердің бір тобы «тұлғадан мағынаға» әсер ету көзқарасын қолдаса, екінші тобы тұтас құрылымның тұлғаға әсер етуіне, олардың бірлікте жұмсалыуына мән беру керектігін айтады.

Дегенмен, «тұлғадан мағынаға» әсер ету ұстанымын басшылыққа алған зерттеулерде семиотикалық белгілердің функционалды деңгейдегі қызметіне мән берілмеді.

Семиотикалық белгілердің сөйлеу әрекетін қозғалысқа түсірудегі рөлі, олардың ішкі бірлігі, ақпарат алмасуға тірек болуын саралау төмендегі еңбектерден бастау алады.

Алғаш рет семантика мәселесіне қатысы бар тілдік бірліктердің коммуникативтік қызметіне мән берген Р.Пирс болды. К.Я.Сигалдың талдауы бойынша, Р.Пирстің семиотикалық белгілерді сипаттауының астарында «қандай ақпаратқа тірек болған?» деген сұрақ төңірегінде ой қозғалған [4]. Яғни алғаш рет семиотикалық бірліктердің тілдік қарым-қатынас жасауға тірек болуына назар аударылады.

Ч.Моррис ілімінде семиотикалық белгілердің бірлігі, қозғалысы, қызметтік аясы айқындалды. Автор: «Полная характеристика отдельного знака возможна лишь при указании того, что будет названо синтаксическими, семантическими и прагматическими правилами, управляющими знаковыми средствами, — деп тұжырымдайды. Сондай-ақ ол: «Семиотика включает в себя три подчиненные ей дисциплины — синтактику, семантику и прагматику, которые изучают соответственно синтаксическое, семантическое и прагматическое измерения семиозиса», — деп, семиотикалық бірліктердің қызметін талдау үшін, контекстің семантикалық, синтаксистік, прагматикалық белгілерін салыстыра қарауды ұсынады [5; 43]. Зерттеуші семантиканың күрделенуі оның ішкі бірліктерінің күрделенуіне әкелетіндігін орынды ескерген. Бұл туралы автордың төмендегідей ойлары орын алған: «...успешное развитие семантики предполагает относительно высокоразвитую синтактику» [5; 55].

Ю.М.Лотман семиотикалық бірліктердің коммуникативтік қажеттілікке орай ұйымдасатынын айта келе, олардың ішкі семантикалық, құрылымдық байланысы жаңа ақпаратты тудырудың қозғаушы күші болады деп бағалаған: «Всякая осуществляющая весь набор семиотических возможностей система не только передает готовые сообщения, но и служит генератором новых» [6].

В.Г.Гак семиотикалық кеңістікте тексті маңызды бірлік деп таныған: «Однако положение о доминирующей позиции слова в семиотической системе языка оспаривается текстоцентрической теорией, в соответствии с которой высказывания считаются основными знаками, а слова определяются как полужнаки» [7].

Е.В.Падучева семантика категориясының шешімі, болмысы тек контексте анықталады деп тұжырымдаған [8].

И.П.Сусов «Семантическая структура предложения» деп аталған еңбегінде семантика мәселесін жеке сөйлемдермен жалқыламай, бірнеше сөйлемнің құрылымдық-мағыналық байланысы нәтижесінде қалыптасатын күрделі құбылыс деп сипаттайды [9].

Функционалдық шеңберде контекстің семиотикалық бірлік ретіндегі қызметін Г.Ю.Аманбаева талдай келе, ақпарат алмасушы субъектілердің арасын байланыстыратын белгілі бір хабар таратушы, байланыстырғыш амалдар деп көрсетеді. Бұл туралы автордың «знак как результат семиотических коннекций рассматривается в качестве конвенционального транслятора некоторого содержательного объема, обусловленного интенцией отправителя и интерпретированного в процессе декодирования получателем» деген тұжырымды ойларын келтіруге болады [10, 9].

Ал М.В.Никитин семиотикалық бірлік ретінде контекст қызметін сөйлеу әрекетіне тірек болуымен бағалайды: «Интенциональность знака — свойство, определяемое в качестве

семиотической константы и позволяющее утверждать, что знак объективируется как «конвенциональный транслятор значений от отправителя к получателю» [11; 11].

Семиотикалық бірлік ретінде контекстің қызметі функционалды грамматиканың міндет-мақсаттарына бағынады. Ал «функционалды грамматиканың міндеті — грамматикалық бірліктер мен категориялардың сөйленім мазмұнын білдіруге қатысатын әр түрлі тіл деңгейіндік элементтермен өзара әрекеттестіктегі қызметінің арнайы динамикалық аспектісін қалыптастыру» болмақ [1, 30].

Сонда контекстегі сөйлемдердің қатары семантикалық заңдылыққа сай, коммуникативтік қарым-қатынасты өтеу мақсатында, өзара байланыста орналасады. Г.Ю.Аманбаева контексті құрайтын сөйлемдердің белгілі бір мағыналық кеңістікте ішкі заңдылыққа сай орналасып, қолданыста болатынын сипаттап: «Центростремительный механизм текста, образующий из совокупности составляющих его знаков единое семиотическое пространство, вне зависимости от параметров пространственного объема и временной протяженности, является следствием законов, человеческого мышления и познавательной деятельности», — деп қорытады [4, 46].

Өйткені функционалдық бағытта семантика категориясының бірліктері күрделі міндеттерді шешеді. Яғни, семантикалық байланыстың жігін байланыста ұстап, құрылымдық тұтастықты сақтап, сөйлеудің мән-мағынасын ашу. Бұл туралы А.Вежбицка: «Семантика представляет собой деятельность, которая заключается в разъяснении смысла человеческих высказываний... Теоретическая семантика, если она действительно стремится к познанию и подробной фиксации семантической структуры человеческой речи, не может остановиться на полпути. Она должна довести минимизацию до конца, до тех пор, пока она не дойдет до таких составляющих человеческих высказываний, которые уже просто не могут быть подвергнуты дальнейшему разложению», — деп бекітеді [12].

Контекст семиотикалық бірлік ретінде қызмет атқарғанда, модалділік санатын тек лингвистикалық тұрғыдан сипаттамайды, контекст модалділік санатының табиғатын ашуда, «олардың құрылымдық жағымен бірге мағыналық мазмұнын ескере отырып, оны қарым-қатынаста, сөйлеу жағдаятымен тікелей байланыста, яғни, жүйелеумен қоса, оның әрекет ету, жұмсалы механизімін де қарастырады» [1]. Яғни, модалділіктің жасалуына тірек болатын тілдік амалдардың әр түрлі функциялы қызметін, жалпы модалділік категориясының белгілі құрылымдық сатысы болатынын, мономодалді, полимодалді қолданыстардың белгісін, лексикалық бірліктердің мағыналық жақтан кеңеюі нәтижесінде берілетін модалді мағынаның астарын, интонация компоненттерінің қозғалысын, сөйлем мүшелерінің орын ауыстыруы нәтижесінде берілетін омонимдік модалді мағыналарды да контекст деңгейінде ажыратамыз. Мысалы, кейбір зат есімдердің лексикалық мағынасы тура және қолданыста орныққан ауыспалы мағынасынан бөлек стилистикалық құбылтуға да икемделеді. Мұндай қолданыстарда зат есімге тән, әбден қалыптасқан негізгі ұғым екінші қырынан жаңғырады. Осы мәселеге қатысты тек контекстік салыстырудан белгілі болатын «ит» сөзінің мағыналық жаңару сатысына көз жүгіртсек. Мысалы: *Есенейдің иттері әуелі шыға салып таласып алды. Тайыншадай дырау, қасқыр азу иттердің тістері қанжардай жарқылдап кетті. Иттерде қай бұрын жығылғанын талайтын әдет бар (Ғ.Мүсірепов)*. Бұл мысалда «ит» сөзі тура мағынада. Ал екінші қолданыста тура мағынаның ізімен қалыптасатын «ит» сөзінің ауыспалы мағынасын ажыратамыз. Мысалы: *...Әлдекім әлдеқашан айттырып, құда түсіп қойған болар-ау... Оған сөз жоқ қой. Ит-ай, деген маңдай жарылып туған ит еді! (Ғ.Мүсірепов)*. Үшінші контексте «ит» сөзінің семантикалық өрісінен бастау алатын мағынасы басқа қырынан танылған. Бірінші, екінші мысалда жағымсыз реңк орын алса, соңғы мысалда субъектінің сағынышын, қуанышын ашуға тірек болған «ит» сөзінің жаңа қолданысын аңғарамыз. Мысалы: *Артекең Садыр батырмен ерекше сағынышты амандасты: — Батырым-ай, оқ өтпесім-ай, найзагерім-ай, сені де көретін күн бар екен-ау! Сен ит он бес жыл бойы неге ат ізін салмай кеттің? Өліп қалған шығарсың деп жүр едім (Ғ.Мүсірепов)*. Лексикалық қолданыстардың мұндай ерекшеліктері арқылы берілетін модалді мағыналар тек контекстік деңгейінде айқындалады. Ал контексте мұндай ерекшеліктер семантикалық ұстаным негізінде талданғанда көрініс береді. Ж.Жақыпов контекстегі тілдік бірліктердің қызметін салыстыруда орын алатын басты ұстанымды төмендегідей ажыратады: «Сонымен, сөйлемге коммуникативтік тұрғыдан қарау дегеніміз — оны сөйлеу единицасы ретінде қарау. Ал сөйлеудегі сөйлем — контекстегі сөйлем. Тіл тұрғысынан алғанда біз оқшау алынған сөйлемдерді, олардың семантикасының құрылыммен берілуін қараймыз. Енді контекст аясында қарағанда, сөйлем басқаша мәнге ие болады: бүтіннің бөлшегі, буыны, бүтінді құраушы негіз ретінде көрінеді. Осы бүтінді біріктіруші құралдар әр сөйлемнің бойында болады. Осылайша сөйлем ой ағынының, сөйлеу ағынының единицасы ретінде қызмет атқарады» [10, 25].

Талданған мысалдар мен теориялық мәселелерден аңғаратынымыз, контексте тілдік бірліктердің қозғалысы ретсіз емес, олар белгіленген ұстанымға сай тұтастық құрайды. Нақтырақ айтсақ, сөйлеу әрекетіндегі тілдік бірліктердің қызметі, контекстік тұтастық шеңберіндегі өңделуі, толығыу семантикалық қатынастан бастау алады. Яғни, тілдік белгілердің семантикалық ұстанымға сай қызметтік аясының құбылуынан, өзара әрекеттесуінен, ұйымдаса қолданылуынан сөйлеу әрекетінің құрылымы қалыптасады. Бұл мәселеге қатысты Н.Уәлиұлы: «Сөз мағынасының өзгеруі, қызметінде жаңа бір қырдың пайда болуы, өзгеше реңге көшуі тілдің өз заңдылықтары бойынша өрбіп отырады. Соларға сүйенбей, оларды елеп-ескермей «дұрыс» не «бұрыс» деп кесім айтып, әркім өз қиялында топшылау жасап жатса, көлеңкеге қарап пішкен тондай келіссіз болып шығуы да мүмкін. Сөздің де сөз болғанмен, сарасы бар», — деп ескереді [11, 50]. Осы пікірдің астарында кез келген қолданысты, грамматикалық, лексикалық бірліктердің контекст деңгейінде бүтіннің бір бөлшегі сияқты семантикалық ұстанымға сай қолданыста болатындығы туралы, контекст сөйлеу бірліктерінің тұтастығын, семантикалық мәнін ашуға тірек болатын күрделі семиотикалық бірлік екендігі дараланған.

Біз қарастырған модалділік санатының құрылымдық ерекшелігін талдауда да контекстің ықпалы барынша белсенді және қажетті. Сондықтан контекст семиотикалық макробелгі ретінде, терең семантика-құрылымдық белгісі негізінде ақпараттық, концептуалдық, прагматикалық деңгейлерді біріктіре отырып:

- модалділіктің тұтас құрылымдық көрінісін анықтауға;
- оның қалыптасуына әсер ететін лингвистикалық, психолінгвистикалық, паралингвистикалық амалдардың кешенді қызметін ажыратуға;
- модалділік санатының сөйлем деңгейінен кең құрылым екенін саралауға;
- модалділіктің мәтін түзуші категория екенін дәлелдеуге тірек болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модалділігінің функционалды-семантикалық өрісі. — Алматы: Ценные бумаги, 2006. — 155 б.
- 2 Ринберг В.Л. Конструкции связного текста в современном русском языке. — Львов: Вища шк., 1987. — С. 30.
- 3 Колишанский Г.В. Коммуникативная функция и структура языка // Коммуникативные единицы языка. — М.: Изд. МГПИИЯ им. М.Тореза, 1984. — С. 115, 116.
- 4 Сигал К.Я. Проблемы иконичности в языке // Вопросы языкознания. — 1997. — № 6. — С. 100–109.
- 5 Падучева Е.В. О семантике синтаксиса. — М.: Наука, 1974. — 292 с.
- 6 Сусов И.П. Семантическая структура предложения. — Тула, 1974. — С. 14.
- 7 Аманбаева Г.Ю. Макрознак: структура, семантика, прагматика. — Алматы: LEM, 2005. — С. 13.
- 8 Никитин М.В. // Вопросы языкознания. — 1997. — № 5. — С. 12.
- 9 Вежбицка А. Семиотика: Сб. ст. — М.: Радуга, 1983. — С. 24.
- 10 Жақыпов Ж.А. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. — 159 б.
- 11 Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. — Алматы: РБК, 1998. — 128-б.
- 12 Моррис Ч. Основания теории знаков // Семиотика: Сб.ст. — М.: Радуга, 1983. — С. 225, 226.

Ж.А.Кусайынова

Контекст — семиотическая единица

В статье показаны функции контекста как семиотической единицы, также дается анализ закономерностям взаимодействия семантико-структурных сторон грамматических единиц. Автор рассматривает расширение и сужение семантических полей лексических единиц в контексте. Эта проблема проанализирована на сравнительном уровне.

Zh.A.Kusayynova

Context — a semiotic unit

Functions of a context as a semiotic unit consider in the article, analysis of interconnection regularities of semantic structural sides of grammar units are also given there. The article is about broadening and narrowing of semantic fields of lexical units, which find its solution in the context. This problem is considered on the contrastive level of analysis.

Ә.М.Қызырова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Паремиялық бірліктер — жұмбақтардың әлемнің тілдік бейнесін образдау үдерісінде орындайтын қызметтері

Мақалада жұмбақтар мен нанымдар мақал-мәтелдермен жақындастыратын белгілеріне байланысты паремиялық бірліктер ретінде қарастырылды. Олардың біріне әлемнің үш деңгейлі моделі (аспан, жер, жерасты әлем) сияқты әлем моделдерінің бейнелі түсінігі жатады. Паремияларға оған қоса орындайтын қызметтерінің ортақтығы сияқты белгі тән, оған дидактикалық, экспрессивті, репрезентативті және когнитивті жатады. Мақалада көрсетілгендей, бұндай белгілерді талдау паремиялық бірліктердің жақындығын дәлелдеп, оларды паремиялық жүйеге қосуға мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: паремиялық бірліктер, жұмбақтар, әлемнің тілдік бейнесі, образдау үдерісі, әлемнің моделі, архетиптер, универсалия, кодтық жүйелер, паремиялық жүйе.

Қазіргі таңда жұмбақтың табиғаты фольклордың жанры ретінде толық зерттелінсе де, оның паремиялық бірліктер — мақал-мәтелдермен жақындастыратын белгілері, қасиеттері әлі де айқындалмаған. Күні бүгінге дейін жұмбақ тек сөз өнері тұрғысынан ғана зерттеу өзегі болып, оның қазақтың ескі наным-сенімімен, тұрмыс-салтымен, мақал-мәтелдермен тығыз ұштасқан қырлары толық ашылмаған.

М.Әуезов 40-жылдардың өзінде-ақ жалпы, жұмбақты сөз бейнесінің кілті есебінде тануға болады деген. Жұмбақ ақындықтың ұрығы — дәні тәрізді. Бұл жақтарын тексеріп, тану да ғылыми міндет [1].

Соңғы кезде жұмбақ тек фольклордың жанры ретінде ғана зерттелінбей, тілдік бірлік ретінде қарастырылады, себебі ол дүниенің тілдік бейнесінің фрагменті ретінде әр түрлі құбылыстарды астарлап беріп, бейнелейді. Сондықтан жұмбақты жеке зерттеу нысанына айналдырып, оның өзіндік ерекшеліктерін көрсетуге болады. Сол өзгешеліктерін атаудан бұрын жұмбақтың анықтамаларын келтірейік. Кейбір ерекшеліктерін көрсетуге болады. М.Ғабдуллин жұмбақтың ерекшелігіне жұмбақтың затты нақты атамай, астыртын түрде атап, нәрсенің сырт көріністерін сипаттап, белгілерін көрсететінін жатқызады: «Жұмбақ заттың өзін айтпай, оның түр-түсін, сыртқы белгілерін, жұмбақ болып отырған затқа ұқсас жақтарын сипаттайды, ол заттың өз атын жасырып ұстайды. Сондықтан да ойға алған нәрсенің өзін айтпай, оның сырт көріністерін, сыртқы белгілерін қысқаша сипаттауды, солар арқылы жұмбақ етілген затты табуды жұмбақ дейміз» [2].

Жұмбақтың негізгі қызметі — дидактикалық функция. Жұмбақтарды шешу үдерісінде жастар тек қана күнделікті тұрмыста қажетті заттардың аттарымен танысуымен қоса, тәлім-тәрбие алады, мінез-құлықтық үлгілерді, дағдыларды да бойына сіңіреді. Жұмбақтарды тіл дамыту шәкірттер шаршаған кезде миын тынықтыру, сабақтардың тартымдылығын арттыру мақсатында қолданылады.

Сонымен қоса жұмбақтардың когнитивтік қызметін де көрсетуге болады, себебі жұмбақтардың тілдік құрылымы (ішкі-және сыртқы) алуан түрлі болып келеді. Жұмбақтар тікелей сұрақ ретінде, мақұлдайтын немесе болымсыз сөйлем түрінде, каламбур түрінде кездеседі. Жұмбақтардың көбі бірыңғай синтаксистік формаларды жүзеге асырды. Жұмбақты шешу үдерісінде адамдар синтаксистік формаларды да жаттап алады, олармен көрнекті түрде танысады.

Жұмбақтардың құрамында әр түрлі реалиялар кездеседі, сондықтан да жұмбақтардың тілді үйрену үдерісіндегі қызметі зор. Басқа этностардың өкілдерін реалияларымен таныстыру үдерісінде жұмбақтар когнитивтік-мәдениетті функцияны атқарады, өйткені реалиялар арқылы басқа елдің мәдениеті, тұрмыстарының өзгешелігі, халықтың өмір тәсілі, көзқарасы, табиғи-географиялық орта туралы түсініктер береді. Жұмбақтар құрамында кездесетін келесі реалияларды атауға болады.

1. Халықтың мифтік түсініктеріндегі бейнелер:

Көк өгізін жүреген,

Мүйізін көкке тіреген.

Көк өгіз — ескі мифтік түсініктің, халықтың байырғы діни нанымдарының негізінде пайда болған бейне. Бұрын хақ тәңірінің әмірімен ең әуелі жер жаралды, одан соң көк жаратылды, жер мен көкті мүйізімен көтеріп тұрған бір алып көк өгіз бар, ол өзіндей бір үлкен балықтың үстінде тұрады деген

сенім болған. Көк өгіз шаршаған кезде жерді бір мүйізіне ауыстырғанда жер сілкіну болады, екі мүйізі сынса, ақыр заман болады деп айтылған [3].

2. *Құдық* — қазақтың көшпелі тұрмысының реалиясы, себебі қазақтың тұрмыс-тіршілігі бұрынғы заманда құдықпен байланысты болған. Құдық дегенде ең алдымен су көз алдымызға тура қалады, су — тіршілік негізі, қараңыз:

*Жапанда бір құдық бар суы тәтті,
Ішінде бір бәйтерек тек айбатты,
Жаралған десек болар қандай шебер,
Адамзат не бол десе сол болыпты.*

3. *Дария* — қазақ нанымдарында ағып жатқан үлкен ағынды су. Сондықтан қазан ішіндегі сорпаны — дарияға, пісіп жатқан етті дарияда жүзген жайынға теңеуі нанымды. Ауыстырулар, кішірейту, сұйық түрінде кейіптеу тәсілдері арқылы сол себепті жұмбақта диірменге салынып, содан тоқтаусыз ақ ұн болып шығып жатқан бидайды дарияға теңеуіне қисын бар [4].

«Дария» сөзі жұмбақ мәтіндерінде өзінің нақты мағынасына қосымша ұғым-түсініктер жамап алады, қараңыз:

*Дүниеде бір дария беті қатқан,
Бетінде бетегесі шығып жатқан.
Қараса сол құдыққа көз жетпейді,
Құр қалмас сол құдықтың суын татқан.*

Бұл жерде «дария» — шетсіздіктің өлшемі. Жұмбақ оқу, білім алуды жасырып отыр.

Сонымен қоса жұмбақтар экспрессивтік функцияны да атқарады. Олардың құрамында бейнелі тәсілдер метафора, теңеулер қолданылады, мысалы, қазақ жұмбақтарында тұрақты образ ретінде кемпір, қыз, жезде образдары жүзеге асырылады, мысалы: ұдайы қолданылатын ауыстыру — кемпір арқылы, мысалы, керегенің майысқан тұрқын белі майысқан, бүкшендеген кәрінің суреті арқылы бейнелеуге болады:

*Жетпіс кемпір жер тістелеп жатыр,
Он кемпір мұз арқалап тұр.*

Кемпірдің еңбекқор, шаруа мен қолөнерге мығым бейнесі еңбек құралы — ұршық туралы жұмбақта бейнеленген:

*Жапанда бір кемпір бар ағаш таяқ,
Аузында тістегені жалғыз таяқ,
Табаны жылтыр мұздан бір таймайды,
Зырлайды күні-түні аямай-ақ.*

«Қыз» сөзі ауыстыруларда түпкі мағынасынан алшақтап, сан қилы қосымша бұрма мағыналар үстемелеп алады, мысалы:

*Бір қыз бар дүниеде шынарланған
Сол қызға елдің бәрі құмарланған.
Бір адам, бір хайуан, бір жануар
Ақыры сол қызды үшеуі алған.*

Үнемі қайталанатын тағы бір атау — жезде, қараңыз:

*Жездем жезді қамшысымен
Жер шұқылайды. Тамшы.
Жер астында жездем аты кісінейді. (Суыр)
Жез отадан жездем аты кісінейді. (Қоңырау)*

«Жорға» ұғымы — жүйріктіктің, алғырлықтың бейнесі. Жорға образы жұмбақтарда келесі теңеулерде кездеседі: *боз жорға, ақ боз жорға, құла жорға, көк жорға*. Мысалы, қаламның қағаз үстіне жазуды көрсету үшін жорғаның жүрісіне теңейді:

*Тайпаңдап бүгіліп құла жорға,
Маңызданып аяғын басар зорға,
Неше күн дамыл алмай жүрсе де
Іліп жерден шөпті жемес сонда.*

Жұмбақтардың келесі функциясы — репрезентативтік қызмет. Жұмбақтар арқылы әлемнің фрагменттері бейнелі түрде көрсетіледі. Әлемнің құбылыстарын, заттарын бейнелеу үшін жұмбақтардың құрамында әлемнің көптеген модельдері жүзеге асырылады. «Әлемнің моделі» терминнің біз әлем туралы дүниетанымды жүйелі түрде көрсететін когнитивтік модельдердің жиынтығы деп сипаттаймыз. Бұл модельдердің жиынтығының архетиптік негізі бар, себебі олар

ұжымдық санасыз елес, үлгі ретінде ежелгі заманнан бері қалыптасқан. Архетиптер үлгі ретінде ұрпақтан ұрпаққа мақал-мәтел арқылы да жеткізіліп отырады. Сол жеткізілетін құндылықтардың ішінде әлемнің моделі туралы ақпарат та бар. Бұл архетиптік ақпарат — универсалия, себебі әлемді бейнелейтін модельдер барлық халықтың мақал-мәтелдерінде кездеседі. Мақал-мәтелдерде, бір жағынан, «халықтың жаны», «халықтың менталитеті» туралы мағлұматтар бейнеленсе, екінші жағынан, универсалиялар да көрініс береді, өйткені әр түрлі халықтардың мақал-мәтелдерінің мағыналары бірдей болуы мүмкін, бірақ олардың денотатты-бейнелі реңкі өзгешеленеді. Халықтардың мақал-мәтелдерінің жалпы, ортақ белгілеріне әлемнің модельдерін сипаттау қызметін жатқызуға болады. Әлемнің модельдері халықтардың паремиялық бірліктерінде келесі түрде бейнеленеді:

1) кеңістіктің құрылымын суреттейтін модель: *жоғары /төмен; аспан /жер; жер /жер асты; оң /сол; шығыс /батыс* т.б.;

2) уақыт туралы ақпарат білдіретін модельдер: *күн/түн; қараңғы/жарық; қыс/жаз; көктем/күз;*

3) түр-түсті білдіретін модельдер: *ақ/қара; көк/қызыл/қара; табиғат/мәдениет;*

4) оппозицияны бейнелетін модельдер т.б.

Әлемнің модельдері әр түрлі кодтық жүйелерде көрініс бере алады. Әр түрлі кодтардың негізін әлемнің заттары, құбылыстары қалайды. Олар астралдік, вегетативтік, зооморфтық, антропоморфтық, түр-түстік, гастрономиялық, сандық кодтарды қалыптастыруға себін тигізеді. Бұл кодтар семантикалық деңгейі бойынша біркелкі болады, өйткені барлық кодтардың нысаны-қоршаған әлемді адамның дүниетанымына сай бейнелеу [5].

Әлемнің модельдерін лингвистикалық код арқылы бейнеленгенін қарастыру үшін, осы модельдердің жұмбақтардағы көрінісін сипаттайық. Ол үшін біз *Аспан/Жер* моделінің жұмбақтардағы бейнелену тәсілдерін қарастырайық. *Аспан — Жер* моделі көбінесе антонимиялық қарама-қарсылықта суреттелінеді, қараңыз:

Бір түкті кілем,

Бір түксіз кілем. (Аспан — жер)

Аспан/Жер әлемнің моделі жұмбақтарда қазақтардың мифологиялық көзқарастарындағы мифологиялық модельдеріне сәйкес келіп, «аспан» үнемі жоғарғы орында тұрады, жұмбақтарда оның биіктегі орнын, жер мен жер астына қарама-қарсы орналасқаны көрсетіледі. Мифологиялық модель қазақ дүниетанымында үш деңгейлі. Осы модельдік деңгейлері туралы С.Е.Керімбаева келесі пікірді білдірген: «Қазақ мифологиялық жүйесіне көптеген әлем халықтарының деңгейлі моделі тән. Мұнда жоғары — аспан, орта — жер, төмен — жер асты, әлем деңгейлері мүшеленеді, әрі сәйкестендіріледі» [6].

Аспан денелері де жұмбақтарда көрсетілген. Олар нанға теңеледі, мысалы, айды *күлше, қалаш, нанға* балауын жұмбақтарда жиі кездестіреміз, қараңыз:

Жабықта жарты нан;

Жабық артында жарты күлше.

Жұлдызды халық жұмбақтарында дөңгелек нәрсеге: ұсақ тас, сөк, бауырсақ, моншаққа, тарыға ұқсатқан, қараңыз:

Тақиям толған сөк,

Ерте тұрсам дым да жоқ. (Жұлдыз)

Бірталай тары шаптым там басына,

Тамнан биік жоғары қамбасына,

Қиыстырып өлеңмен жұмбақ қылдым,

Ойлағандар мәнісін аңдасын да. (Жұлдыз)

Аспан денелері — жұмбақта көшпелілер үшін уақытты болжаудың айғағы. Қыс түскеннің белгісі — бұрынғы жердегі Үркер (Алып өгіз) аспанға көтеріледі. Оны алып қара құс алып кетті. Ол барып тау басындағы көк серкенің мүйізіне барып қонады. Бұл мезгіл — Үркердің түн ортасында тас төбеде болатын кезі, қараңыз:

Жоғалып жазды күні бір қысырақ

Келемін бірталайдан елден сұрап,

Тұр екен дарияның ортасында

Жете алмай үйге қайттым босқа бірақ (Үркер).

Өгіздің жауырын сүйегі төмен түскені — Үркердің төмендей бергені, яғни күнге жақындай бергені. Жауырын сүйек — қозғалыс сүйегі. Жауырынның төмендеп көрінуі — Үркердің көрінуі. Бұл кез — наурыз айы. Жауырынның төмен түскені — жазғы қырық күн шілде басталғаны. Бұл кезде Үркер күннің маңында болады, көрінбейді. Жұмбақтарда шілденің қырық күні (Үркер түскендегі кез) Үркердің жоғалуы бейнеленген:

*Біз, біз, біз едік,
Біз алты қыз едік,
Бір тақтайға жиналдық,
Таң алдында жоқ болдық.
(Алты қыз — Үркер, Үркердің батуы)*

Қазақ дүниетанымындағы жердің төменгі орны мифтерде бейнеленген. Жұмбақтарда да үш деңгейлік модельдегі жердің төменгі орны суреттелген, қараңыз:

*Зер-зер кілем, зер кілем,
Көтерейін десем зор кілем. (Жер)*

*Жапанда бір алыпты көруім күшті,
Барлық салмақ дүниеде соған түсті.
Қандайын дүниеде барлық жеміс,
Солардың атырапында құрап пісті.
Қашыпты айналдыра зығыр қылып,
Бар мақұлық қыбырлаған соған түсті. (Жер)*

Қорыта айтқанда, жұмбақтар паремиялық жүйеде маңызды орын алады. Олар арқылы әлемнің бейнесі мифологиялық және дүниенің модельдері негізінде суреттелінеді. Әр халықтың әлемдік тілдік бейнесінде жұмбақтар өзгешеленіп, универсалдық түсініктерді, ортақ моделдерді ерекшелейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әуезов М. Кіріспе// Қазақ жұмбақтары. — Алматы: Ана тілі, 2007. — 3-б.
- 2 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974. — 320-б.
- 3 Бегимов М. Почему сложилось мнение у киргизов, что земля держится на рогах быка // Средняя Азия. — 1911. — № 3. — С. 107, 108.
- 4 Керім Ш. Қазақ жұмбағы. — Алматы: Арыс, 2007. — 137-б.
- 5 Цивьян Т.В. Модель мира и ее лингвистические основы. — М.: Комкнига, 2006. — С. 6.
- 6 Керимбаева С.Е. Ономастическая экспликация мифологической модели мира в казахском языке: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. — Алматы, 2004. — С. 20.

А.М.Кызырова

Функции паремиологических единиц-загадок в процессе образной репрезентации картины мира

В статье загадки и верования рассматриваются как паремиологические единицы, так как обладают признаками, сближающими их с пословицами и поговорками. Следующим признаком паремий является общность выполняемых функций, к которым относятся дидактические, экспрессивные, репрезентативные, когнитивные. Анализ таких признаков, как показано в статье, доказывает близость паремиологических единиц, дает возможность включить их в паремиологическую систему.

A.M.Kyzyrova

Functions of paremiological units-riddles in the representation of the worldview

The article is dedicated to the conception of mythological models of the world in the riddles as pharemiological units. The riddles and belief are considered as pharemiological units, as so they possess sign, drawing together with proverbs and sayings. Image of world models such as sky, earth, subterranean relate to the pharemiological units.

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

ӘОЖ 894. 342.574

Г.Е.Әшірбекова

Қазіргі заманғы гуманитарлық-техникалық институты, Қарағанды

Космогониялық мифтердің діни дастандардағы қолданысы

Мақалада діни эпостарда космогониялық аңыздарды қолдану мәселесі қарастырылды. Күн, Ай және басқа да ғаламшарлардың пайда болуына қатысты мифологиялық мотивтерді зерттеуге ерекше көңіл бөлінген. Аталған мотивтердің рөлін діни дастандардың көркемділігін, нақтылығын күшейту тұрғысынан зерттеуге басым назар аударылды.

Кілтті сөздер: космогониялық мифтер, аспан әлемі, діни дастандар, мифологиялық сипат, мифологиялық сюжет, мифологиялық қолданыстар, ислам діні, эпостық туындылар.

Әлем халқы мифтерінің қай-қайсысын алып қарасақ та, аспан денелеріне қатысты аңыздардың мол кезігетіндігін зерттеушілердің дені мақұлдайды. Оның, әрине, өзіндік себептері де бар. Жаратылыста қыры мен сыры жұмбақ көріністер де, әрекеттер де баршылық. Жалпы кез келген құбылыстың сипатын, астарын айқындауға адамзат сандаған ғасырларды сарп етіп барып қол жеткізген. Әлі ашылмаған тылсым дүниелер қаншама? Соған сәйкес әр дәуірлерде, түрлі жайттерге байланысты мифтік әңгімелер туындап отырған. Олардың белгілі бір бөлігі жаратылыс заңдылығымен белгілі бір үндестікте алынса, келесі бір парасы адамзат қиялының жемісі негізінде өмірге келген. Сондықтан да мифологиялық туындылар өз заманындағы адами ой-түсініктен, қабылдауынан, ұғымынан белгілі бір деңгейде хабар береді. Олай болса аспан әлеміне қатысты аңыздардың да адам баласының жаратылысты тануға талпынған әрекетінен барып туған деп тұжырым жасауға әбден болады.

Зерттеуші-ғалымдардың бірі Ш.Ыбыраев: «Салыстырмалы зерттеулердің нәтижелеріне қарағанда, ең қарапайым және ең көне мифтердің қатарына аспан денелері — Күн, Ай, Жұлдыздар мен планеталар туралы айтылатын мифтер жататын көрінеді. Бұлардың әлем жұртшылығына кең таралғандығы және миф атаулының ішінде алатын орнының мән-мазмұны олар бір кезде адам болды деген түсінікті айшықтап көрсетеді. Күн сәулесінің өткірлігін оның мінезінің тік, өжеттігіне, Ай сәулесінің әлсіздігін оның жұмсақ мінезіне байланысты түсіндіру де олардың адам кейіпінде ұғынылғанын дәлелдейді» [1], — деп ғылыми тұжырым жасайды. Әрине, космогониялық мифтерді туғызу үшін, оның кең таралып, ұзақ сақталуы үшін, өзге де мифтер тәрізді адамзат әлемімен байланысқа түсіру қажет еді. Осындай сан-салалы жаратылысты бірі мен бірін үйлестіре, үндестіре білудің өзі мифтік мұралардағы өзіне тән шеберлік көрінісі болып табылады.

Ұлттық мифологияда айды — ару қыз, күнді күйеу жігіт деп бейнелейді де, аспан әлемінде екеуі бірін-бірі іздеумен күн кешеді. Бірақ іздеу жандары айқаспағандықтан, кездесе алмайды екен. Кейде қайғырып, қамығып жылайды да ол жерге жаңбыр болып жауады, енді бірде кейіп, реніш білдіргенде аспанды қара бұлт торлап, қар борайды, енді бірде үмітке сүйеніп, кездесеміз деп ойлағанда күн ашылып, әлем жадырайды, осылайша бірін-бірі аңсаумен, сағынумен өмірлерін өткізе береді. Бұл күн мен ай туралы ел ішінде сақталған көптеген мифтердің бір нұсқасы ғана. Сондай-ақ жұлдыздар туралы да аңыздар жеткілікті. Солардың бірі Жетіқарақшы жұлдызымен байланысты болып қалған. Аспан әлемінде көңіліне ұнағандарын шамалары келсе тартып алатын немесе ұрлап алатын Жетіқарақшы мекендейді. Олар атақты екі батырдың Ақбозаты мен Көкбозатын ұрлап алғылары келіп, бірақ Темірқазыққа мықтап арқандалған аттарды бір түннің ішінде ағытып алу мүмкін

болмайды, таң атып қарақшылар үлгере алмай қашып кетіп отырған. Осылайша өмір тоқтаусыз өте береді, ал аттарды жеті қарақшы ала алмайды. Бұл бір нұсқасы ғана. Келесі бір сирек кездесетін варианты мынадай. Темірқазық таза алтыннан құйылған екен. Соны жеті қарақшы ұрлап аламыз деп андумен болады. Бірақ Ақбозат пен Көкбозатқа мінген батырлар түнімен күзетіп алғызбайды. Таң ата қарақшылар қашып кетеді екен де, батырлар дем алуға жатады екен. Міне, күнге, айға, жұлдыздарға қайсысы осы тәріздес мифтер ел санасына әбден сіңгендіктен, халықтық мұраларда әр түрлі сипатта, белгілі бір деңгейде көрініс беріп отырған. Анығын айтқанда бұл жайттен діни дастандар да тысқары қалмаған.

Ел ішіне кең тараған діни дастандардың бірі — «Жүсіп-Зылиха». Оның халықтық нұсқасы да, авторлық нұсқалары бар. Түрік әдебиеті әлемінде дастанды туғызған Әли XIII ғасырда өмір сүрген. «Жүсіп-Зылиханың» халықтық нұсқасы 1991 жылғы 25 мамырда Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланды. Дастанда оқиға өрісінің алғашқы бастамасы түс көру мотивінен негіз алған.

*Жүсіп Нәби қисасы енді келді,
Қойынында атасының ұйықтап еді.
Ғажайып ұйқысында бір түс көрді,
Жоруын атасынан сұрап еді.
– Әй, Ата, түсімде Ай мен Күнді көрдім,
Он бір жұлдыз қасында бірге көрдім.
Он бір жұлдыз барлығы сәжде қылды,
Жоруын, ата сізден сұрай келдім [2].*

Бір қырынан қарағанда бұл — түс. Бірақ зерттеуші-ғалым А.Қыраубаева түс көрудің өзін мифтік желілерге жатқызады. «Түс көру, оны жору өнері өте-мөте көне замандардан келіп жеткен. Антика әдебиетінде Артемирдордың «Түс жорығыш» атты кітабы болған. Түс көру жемісінің іздері «Гильгамеште» бар. Жүсіп пен Жәкып мифтерінде түс-көру негізгі желі болып кірген» [3]. Осы жерде ойға оралатын бір сұрақ неліктен түске Ай, Күн, жұлдыздар еніп отыр? деген мәселе. Әрине, оның түбірі көне дәуірдегі мол ұшырасатын аспан әлеміне қатысты мифтерде жатыр деуге болады. Себебі ұзақ замандар бойына аталатын көріністер халықтың санасына, ұғымына әбден орнығып, қалыптасқан болатын. Сондықтан оны көркем туынды сюжетіне қолдану дастанды әрі қызықты, әрі тартымды, әрі табиғи етіп көрсетері ақиқат. Екіншіден, мифологиялық сипаттардың шығарма көркемдігін арттыруға да белгілі бір деңгейде әсер беретіндігін жоққа шығаруға болмайды.

Келесі керемет, мифтердің бірі жер ғаламшарына байланысты болып келген. Жер қалайша құлап кетпейді? деген сұраққа осы миф жауап берген. Яғни, жерді көк өгіз көтеріп тұр, мүйізі тартып екінші жағына ауыстырғанда сілкініс болады, көк өгізді жайын балық көтеріп тұр, ал ол жайын дарияда тұр дегенді айтады. Мұндағы бір назар аударатын жай, халықтық жер өздігінен тұрған жоқ, оны бір күш ұстап тұр деген ұғым-түсінігі. Соны белгілі бір күш иелеріне балап, мифті өмірге әкелген. Осы аңыз да діни дастандарда кездесіп отырады. Ақиқатын айтқанда, қазақтың діни дастандарының сюжеті ислам дінімен тығыз байланыста дамыған, оқиға өзегі де осы діннің негізінде жатыр. Ал, мифтік аңыздардың көпшілігін ислам діні қуаттамайды. Көпшілігін деп алып отырған себебіміз, дінге, атап айтқанда, періштелерге, әулиелерге, жын, перілерге байланыстысын мақұлдайды, өзгесін қабылдамайды. Сол қабылдамайтындардың арасында осы көк өгізге қатысты аңыз да бар. Десек те, діни дастандарда аталмыш миф қажетті тұстарда келтіріліп отырған. Оның бірден бір себебі діни мұралардың сюжетінің ұлттық болмыс-бітіммен біте қайнасып кеткендігін аңғартады.

Исламның белді де белгілі батырларының бірі, тарихи тұлға, пайғамбардың әрі аталас туысы, күйеу баласы Әзірет Әли Ибн Әбу Талиб туралы қисса-жырлар баршылық. Солардың бірі «Ғалидың құл боп сатылғаны» дастанында Әлиді сатып алған шаһар халқын жыл сайын қырғынға ұшырататын алып айдаһарды шауып өлтірген осы Әли екендігі айтылады. Әлидің күшінің мықтылығын, ондай әлді адамның әлемде жоқ екендігін суреттеу барысында осы көк өгізге қатысты мифті қолданған. Қандай тұрғыда көрініс бергендігін аңғарту үшін мысал келтіріп көрелік.

*Аңырап сонда Ғали айқай салды,
Суырып Зұлпықарын қолына алды.
Шапқанда Зұлпықары жерге барып,
Кесуге көк өгізге жақындады [4].*

Міне, мифтегі көк өгіз дастан жолдарында алдымыздан шықты. Айдаһарды тауып, жерді жарып, көк өгізді мерт етуге жақындайды. Сол сәтте:

*Құдайым бұйрық қылды Жәбірейілге,
Тез барып Зұлпықарды ұста деді
Кескен соң көк өгізді дүние болмас,
Тезінен Зұлпықарды ұста дейді [4, 8].*

Көк өгіз шабылса, жер құлайды. Жер құласа, адамзат жойылады. Бұл мифтік ұғымнан тыс жатқан көрініс. Өрі әдемі, әрі әсерлі қолданылған. Сонымен қатар басты кейіпкердің тұлғасын даралап көрсетуге септігін тигізіп тұр. Сөйтіп:

*Қақ жарып айдаһарды басқа салды,
Зұлпықар жеті қабат жерге барды.
Көз ашқаниша Жәбірейіл жерге кіріп,
Басынан Зұлпықардың ұстай алды [4, 8].*

Міне миф пен дінді үйлестірудің озық үлгісін аңғарып отырмыз. Тарихи тұлға мифологиялық қолданымдар арқылы өзінің аңыздық бейнесін аңдатып тұр. Жерді көк өгіздің көтеріп тұруы туралы миф ел ішіне ерекше кең тараған түрі болып табылады. Сондықтан болса керек, осы мифологиялық сюжет көптеген шығармаларда көрініс тапқан. Басты байқалатын жәйт, аңыздың көптің көңілінен шығуы. Өйткені халық қабылдамаған дүниенің өрісі тар, өмірі қысқа. Келесі дастандардың бірі «Қиса Қаһарманда» көк өгізді қолдану тәсілі жүзеге асырылған. Қап тауын көтеріп тұрған Қаһарман батыр тастап жіберген кезде жер сілкініп, әсері көк өгізге жетіп, Жәбірейілдің көмектесуімен аман қалады. Мәтінге назар аударып көрелік:

*Өткен соң Қап тауларын қоя берді,
Үш күннен соң жеріне сонда тиді.
Көкше мұздай сол заман мұз қайысып,
Зақымы көк өгізге барып жетті.*

*Жер астында көк өгіз шыр айналған,
Шайқалып құлайтындай болып талған.
Жәбірейіл алып келіп шашқан екен,
Бұл айналма сиырға сонан қалған [5].*

Көк өгізге қатысты мақсат алдыңғы жырда да, соңғы дастандарда да біреу. Батырдың күшін, әлін айқындау, анығырақ айтқанда, фольклорлық дәстүрді қолдана отырып, әсірелеу суреттеу болып табылады.

Жалпы діни дастандарда ғана емес, өзге де эпостық туындыларда мифологиялық қолданыстардың бар екендігі айқын. Бұл мәселе жайында ғалым А.Қыраубаева да жан-жақты зерттеу жүргізген болатын. Ғалымның ғылыми мұрасын зерделеген К.Әбдір былай дейді: «Ғалым миф-адамзаттық дүниенің сырын білмеген кездегі балаң санасының көрінісі деген пікірге қарсы шығып, қазақ қиса-дастандарының негізінде мифтер жатқанын куаттайды. Сөйте келе, А.Қыраубаева қазақтың қиса-дастандарындағы мифтердің негізін салыстырулар арқылы айқындайды» [6].

Аспан әлеміне қатысты мифтердің бірінде аспан жеті қабат деп айтылады. Бұл жайт бүгінгі күнде ғылыми тұрғыдан да өзінің ақиқаттығын айқындаған. Десек те, миф миф түрінде сақталып қала берген. Аталмыш көрініс «Алланың елшісінің мығражға көтерілуі» дастанында қолданыс тапқан. Поэзия әдемілікті, сұлулықты талап етеді. Сондықтан оған сөз көркемдігі ғана емес, ой көркемдігі де, оқиға көркемдігі де қажет. Ал халықтық дастандарда осындай сұлулықты бойына сіңіру үшін миф таптырмас әсемдік көзі болған. Дастан оқиғасының өзегінде ақиқат жатқанымен суреттеу барысында сұлулық болуының сан қырлы түрлері киюластырыла отырып пайдаланылған. Солардың бірі — жеті қабат аспанды әспеттеу. Әр қабатта әр кейіптегі періштелерді де тамаша үйлесімде бейнелеген және аспан қабаты арта түскен сайын оларда арта түседі. Мәселен, бірінші қабатта:

*Онан соң әуелінше көпке шықты,
Бір кідірмей жүреді пырақ тіпті.
Жамалып хақ Расулдың көреміз деп,
Жол тосып, періштелер көрсетінті [7, 12], –*

болып келсе, екінші қабатқа шыққанда да періштелер жолығады.

*Болып тұр жарығы нұрдан өткірірек,
Тақсырдың абзалдығын айту керек.
Екінші аспанға шығып еді,
Көрісті періштелер кезек-кезек [7, 12].*

Мұнан кейінгі үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы қабаттарда бұрынғы өткен пайғамбарлармен, Адам Атамен кезігеді. Әрине, орынды әсемдік. Өйткені жаппай періштелермен ғана кездесе берсе, ерекше өзгеріс болмағандықтан, тартымдылығы солғындап, тыңдарманда қызықтыру қабілеті әлсірер еді. Бірақ аталған өзгерістерді енгізу арқылы шығарманың құндылығын арттырып отырған. Мәселен, төртінші қабатта:

*Хақ Расул бұл хабарды естіп ұқты,
Төртінші қат аспанға барып шықты.
Төртінші қай аспанға шығып еді,
Жақия, Ғайса екеуі көріс қыпты [7, 13], —*

деп екі пайғамбармен кездестіреді. Ислам дінінде төрт пайғамбарды тірі деп есептейді. Олар: Ғұзайыр, Қызыр, Ғайза, Ыдырыс. Бірақ дастанда аспан әлемінде тұрып жатқан біраз пайғамбарлардың есімдері аталады. Дінмен арасында алшақтық болғанымен, көркем туындының тартымды шығуын мақсат етіп қойған ақын көптің көңілін тартатын түрлі құбылыстарды қолдана білген. Сөйтіп соңғы жетінші қабатқа келгенде:

*Жетінші көкке шықты тұр аспанға,
Көрісті періштелер сол аспанда.
Бәрі де намаз оқып сәждеде тұр,
Босатпай тұр жөндерін сұрасқанға [7, 13]. —*

деп қайтадан періштелерге оралады. Сонымен, біз аспан әлеміне қатысты мифтердің діни дастандардағы қолданылу көріністерін айта отырып, қандай мақсатта, нендей әрекеттерге сабақтастырылғандығын аңғарттық. Дегенмен, космогониялық мифтердің кезігуін осындай шағын сипаттармен шектеуге болмайды. Әсіресе Ай мен Күнге, Шолпанға қатысты аңыздардың біршама мол пайдаланғандығын атап айтқан жөн. Мифтердің мазмұны – ғажайып әлем. Сондықтан оны қажеттілігіне орай іске жарату шығарма жемісін ширатып, тартымдылығын арттыра түседі. Ал, діни дастандар болса, осындай ерекшелігімен дараланып көрінетіндігі сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақтың мифтік әңгімелері. — Алматы: Ғылым, 2002. — 4-б.
- 2 Жүсіп-Зылиха // Орталық Қазақстан. — 1991. — 25 мамыр. — 4-б.
- 3 Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қиса-дастандардың түптөркіні мен қалыптасуы: Филол. ғыл. д-ры ... дис. — Алматы, 1997. — 2-б.
- 4 Ғалидың құл болып сатылғаны // Шалқар. — 2004. — Қараша.
- 5 Бабалар сөзі: Діни дастандар. — Көп томдық. — 2-т. — Астана: Фолиант, 2002. — 420 б.
- 6 Әбдір К. Алма Қыраубаеваның әдеби-зерттеушілік мұрасы: Филол. ғыл. ...дис. автореф. — Алматы, 2010. — 16-б.
- 7 Алланың елшісінің миғражға көтерілуі // Ислам әлемі. — 1998. — № 1.

Г.Е.Аширбекова

Проблема использования космологических мифов в религиозных эпосах

В статье рассматривается проблема использования космологических мифов в религиозных эпосах. Особое внимание уделено исследованию мифологических мотивов относительно появления Солнца, Луны и других планет. Основной упор делается на изучение роли данных мотивов в усилении художественности, выразительности религиозных эпосов.

G.E.Ashirbekova

The use of cosmological myths in religious epics

The scientific article devotes problem of using cosmology myphes in religion eposes. Especially attention was given to research of myphology motives to appearing of Sun, Moon and other planets. The base strike was did to know of these motives in plusing of artistic, showing of religion eposes.

ӨОЖ 82:821.512.122

Ж.Ж.Жарылғапов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Абсурдтық идея және сана ағымы М.Мағауиннің «Тазының өлімі», Т.Әбдіковтың «Ақиқат» повестері негізінде

Мақалада абсурдтық идея және сана ағымы сияқты XX ғасыр модернистік әдебиетінің негізгі критерийлері қазақ жазушылары шығармашылығы негізінде қарастырылды. М.Мағауин мен Т.Әбдіков шығармаларындағы идеялық және эстетикалық мәселелер талданған. Автор «Тазының өлімі», «Ақиқат» повестеріндегі модернистік эстетика ерекшеліктеріне тоқталды. Қазақ прозасындағы сана ағымы құбылысына қатысты қорытындылар келтірді.

Кілтті сөздер: абсурдтық идея, сана ағымы, М.Мағауин, Т.Әбдіков, модернистік әдебиет, ой тасқыны, сана тасқыны, модернистік эстетика, ой ағысы.

Модернизм әдебиетінің ұстанар басты принциптерінің бірі көркем шығарма тілін сана ағымына орайластыру десек, мұндай сипат 1960–1980-жылдардағы қазақ прозасында анағұрлым басымдыққа ие болды. Мұндай үдеріс әсіресе Ә.Кекілбаев, Т.Әбдіков, О.Бөкей, А.Сүлейменов, Қ.Ысқаков, А.Нұрманов, М.Мағауиндердің стильдік бағдарына тән еді. Кезінде американ психологы және философы У.Джеймстің «Психологияның ғылыми негіздері» (1890) атты еңбегінде тиянақталған «сана ағымы» тұжырымдамасы классикалық реализмдегі кейіпкерлердің белгілі бір рухани-психологиялық күйін бейнелеуге қолданатын ішкі монологынан біршама өзгешелектері бар. Реалистердің көпшілігі қолданған ішкі монолог бойынша ой заттық-құбылыстық фактыға негізделді. Модернистерге дейінгі әдебиетте көркемдік ойлау сананың ақиқат болмысқа деген рефлексиясы ретінде түсініліп келсе, сана ағымы ақиқат әлемнен қол үзуге дейін барды. Ю.Боревтің ұғындыруынша, «рухани әлем өзгермелі, ой фактыдан бастау ғана алады, ойлау актысында адамның өткендегісінің барлық тәжірибесі қатынасады, ой өткенді, бүгінгіні, болашақты түгел қамтиды. Ой — фактыны адамның өмірлік тәжірибесі тұрғысынан қайта қорыту. Ойлау жүйесіне мидың аналитикалық және синтетикалық қана емес, сонымен бірге жады, елестету және фантазиялау сынды қабілеттері қатысады» [1; 457,458]. Реалистер ішкі монолог арқылы көркем туындыға психологизмнің қою бояуларын дарыта алғанын ешкім жоққа шығармайды. Ал модернистер қолданған сана ағымы шегін ситуацияларды таңдамай-ақ, шығармадағы уақыт пен кеңістіктегі еркіндік арқылы жүзеге асады. Яғни классикалық реализм үлгісіндегі әрекет пен сезім бірлігі қатаң сақтала бермей, ой тасқыны сюжет логикасына тым тәуелденбей, кейде фабуладан тыс та жасай береді.

Адам сезімдері мен ойларын санадағы жаңғырықтармен бейнелеу, кейіпкерлер мен реалды өмір ағыстарын шектеулі, тіпті механикалық қатынастарға құру, өмірдің бір-бірімен қатыссыз көріністерін сана арқылы жандандыру қазақ прозасында да өзіндік сипаттарымен танылып отырды. Ой тасқынына ерік беру көбінесе көлемдірек жанрларды қажетсінді. XX ғасырдың 70-ші жылдарынан бері жарық көрген роман, повесть жанрында туған шығармалардың бірқатарында қоршаған орта мен қаһарман қатынасын сана ағымы арқылы көрсету басым. Мұндайлық құнар М.Мағауиннің «Тазының өлімі», «Көк мұнар», Т.Әбдіковтің «Ақиқат», «Тозақ оттары жымыңдайды», А.Сүлейменовтің «Бесатар», Ә.Кекілбаевтің «Күй», «Ханша-дария хикаясы», «Бәсеке», «Шыңырау», О.Бөкейдің «Мұзтау», «Өліара», «Сайтан көпір», «Қар қызы», «Жетім бота», «Құм мінезі», Д.Исабековтің «Қарғын»,

«Тіршілік», «Сүйекші», «Өкпек жолаушы», С. Елубаевтың «Жарық дүние» т.б. шығармаларға тән еді. Прозаға өзгеше тыныс, бөлекше серпін әкелген мұндай туындылардың бірінен соң бірі дүниеге келуі әдебиеттану мен сынның қалыптасып қалған дәстүрлі әдістемелерін де жаңғыртуды тіледі. Аталған шығармалардағы мекен мен мезгілдің нақтыланбауы, жазушылардың кеңістік пен уақыттық өлшемдерге басқаша қарай бастауы, қоғамдық-идеялық фактордан алыстап кету немесе мүлде ескермеу, әлеуметтік белсенді кейіпкерлерден бас тарту т.т. соны сипаттар алғашында тосырқатып тастағаны рас. Қоғамдық идеалдың бұлыңғырлығын, трагизмнің шектен тыс қоюлығын, кейіпкердің әрекетсіздігін тілге тиек еткен сындар да болып жатты. Өйткені әдебиеттің мүлде жаңа сорапқа түсуі, тың ізденістер арқасында әлемдік әдеби тенденцияларға батыл үн қосуы ұзақ уақытқа созылмаған күрт өзгерістер болатын.

Оқиғаларды, негізінен, персонаждың жадынан, сана түкпірлерінен орын алып қалған жаңғырықтар арқылы туындататын сана ағымына хас белгілер М. Мағауиннің «Тазының өлімі» повесінен аңғарылады. Мұндағы бас кейіпкердің ролі Қазыдан гөрі итке (Лашынға) тиесілі. Адам болмысының күрделі табиғатына, олардың қарым-қатынастарының мәнісіне, жалпы адамның әлемде алатын орны мен жаратылыс қайшылықтарына жазушы тазы көзімен қарайды. Тазының арпалысқа толы өз ғұмыры мен адамдардың қайшылыққа толы тірлігі туралы ойлары, тіпті ғаламат сәйкестігі жайындағы толғаныстары оның жадысы арқылы қайта тіріледі. Яғни жоғалған уақытты іздеу сарынына орай сана қалтарыстарына жүгіну сынды модернистік әдеби техника толығымен салтанат құрады. Жады категориясының маңызын модернистік әдебиеттің орталық тұлғалары Джойс пен Пруст шығармашылығы негізінде салмақтайтын Ю. Боровтің: «Олардың шығармашылықтарында адамның жады өмірлік тәжірибенің ұланғайыр қоймасы ретінде алғаш рет айрықша ыжаһаттылықпен, ұлғайтып көрсететін әйнекпен назар салғандай қаралып, оның өзіндік үстем мағынасы негізделді. Өткендегі өмір қазіргі санадағы шындық фактілерінен гөрі тұлғаның рухани ахуалындағы ең мәнді кезең ретінде ұғындырылды. Сана өмірлік импульстардан бірте-бірте қол үзіп, өзіндік тәуелсіз ағыс ретінде дәйектелді», — деген пікірі біздің ойымызды қуаттауға септеседі [1, 459].

Повестегі Лашынның ойлары да лирикалық шегініс арқылы баяндалуы үзік-үзік сана көріністерін бір-бірімен жалғау, қайта қалыптастыру ретінде беріліп отырады. Қарны бұлтиып тамақ ішетін, масатыдай құлпырған табиғатта армансыз аунап-қунайтын, бойын белгісіз қуаныштар кернейтін, дүниеге масаттанып қарайтын алаңсыз күшікке қоршаған әлемнің барлығы қызылды-жасылды қызыққа толы. Оның балаң санасы өмірдегі бар заттарды «жеуге болатын және жеуге болмайтын» деп екіге ғана бөледі. Алайда қызықты дәурен ұзаққа созылмай, өмірдің ащы сабағын күшік кезінде-ақ алады. Ол — қара төбет Бардасоққа талануы. Қатыгез өмірдің алғашқы соққысын осылай көреді. «Екі-үш апта бойы жақсылап күткеннен кейін денесіндегі жаралар жазылды. Бірақ күшіктің жүрегіне басқа бір жара түскен еді: ол дүниеде әділетсіздік, зұлымдық, зорлық барын, басыңа бақытсыздық төнсе ақтығың, жазықсыздығың арашалап алып қала алмайтынын ұқпаса да, бұдан былай бейтаныс жан иелерінің бәріне күмәнмен, дұшпан көзімен қарайтын болған» [2, 9].

Мұнда өмір шындығының белгілі бір құбылысын адамның әр кезеңдегі санасында қайта-қайта жаңғыртып отыру сынды модернистік тәсіл қолданылады. Бір құбылысты адамның жас ұлғаю шамасына қарап, яғни балалық, толысу, егделену кезеңдеріндегі санасына салатын тәжірибе Лашын образына беріліп, көркем шығарманың идеялық-философиялық өзегін аңдатуға бастайды. Тазы өсе келе адамдардың күнделікті өмірінен әлдебір мағынасыздықты, күрмеуі шешілмес қайшылықтарды аңғара бастайды. «Өз иелерінің, иелері ғана емес, жалпы екі аяқты атаулының өмірінде, тұрмыс-салтында түсініксіз жайлардың көптігін Лашын жасы алты айдан асып, бойы өсіп, денесі іріленіп, үлкен итке жақындаған кезде ғана аңғарды. Бұрын бәрі де дұрыс, бәрі де орынды сияқты көрінетін. Енді ойлап қараса, ешбірі де ақылға сыймайды» [2, 15]. Жазушы адамдар ортасын тілсіз мақұлықтың көзімен сырттай бақылай отырып, олардың тіршілік-қарекетінің қым-қиғаш қайшылықтарға толы екендігін, абсурдтығын мегзейтін ойға жетелейді. Ешкімнің ала жібін аттамаған Қазы — басынан бақайшағына дейін қулық тұнған әрі қатыгез Есенжолдармен салыстырғанда қашан да аутсайдер.

Жалпы, повестегі Қазы бейнесі сюжеттің сыртқы контурын ұстап тұруға қажетті, Лашын ойлары арқылы берілетін сана ағымының үнемі бастау алып отыратын нысаны, керек десеніз, өмір шындығының философиялық толғамдарға тамызық беретін фактісі түрінде алынған. Оның адамгершілік сапасы, өмірлік мұраты, ішкі рухани болмысы термеленбейді. Қазы — шығармада тым ерекшеленбейтін (аңсақтығы болмаса) сыртқы әрекеттерімен ғана бейнеленетін, монологтік форма өңдеуіне жуықтатылмаған, әредік сараң диалогтермен ғана кескінделетін образ. Оған күрескерлік қасиеттер дарытылмаған. Тіпті Есенжолмен болған кикілжің үстінде оған не жарытып жауап

катпаған, мерездігін бетіне баса алмаған, қолынан тек ірге аударып көшіп кету ғана келген күйректік сипаттары басым образ. Қаламгер оның ойлау үдерістерін, айналаға деген көзқарасын таныту сипаттарын термелеп жазбаса да, шексіз жалғыздыққа ұшыраған, сұрқай өмірдің сұмдықты еңсесін әбден езгілеген, қатыгез әлемде жалғыздық қасіретін шеккен жан екеніне көз жеткізеді. Қазы — Д. Исабековтің «Тіршілігіндегі» Қыжымкүлмен, «Сүйекшісіндегі» Тұңғышпен тағдырлас кейіпкер. Рухани жаратылыс ретінде толыққанды тіршілік етуге мүмкіндік бермейтін трагедиялы өмір туралы экзистенциализм сорабы «Тазының өлімінен» де аңғарылады.

Қазы жазушының реализм арнасынан тым шығандап кетпеуге, сыртқы әлемнің сұлбасын қалыптастыруға көмектеседі. Сана тасқынына ерік беретін Мағауинге сыртқы әлем мүмкіндік, идея, нысан ретінде бағалы. Оның трагедиясы қоғамдық-әлеуметтік иерархиядан келіп шығатын, әсіресе сентименталистер көп тоқталған «кішкентай адамның» нала-мұңы емес, жалғыздық шыңырауында қалған адам мен қоғамның қарым-қатынасы, дәлірек айтсақ, олардың арасындағы қандай да бір байланыстың жоғы. Жазушы оның қоршаған болмысынан әлдебір үйлесімсіздікті, қатыгездікті, адам ғұмырының асау толқын ағызып кете баратын жаңқа сияқты қорғансыздықты, мәңгі өз орнын іздеп өтетін, бірақ оны таппайтын мағынасыздықты көреді. Сондықтан да Қазының бұ дүниеден көшкен оқиғасы болмашы ғана суретпен беріледі. Өлі денені жер қойнына тапсырып, одан кейін ұмыт болған, көңілден тасалана берген Қазыны шарқ ұрып іздеген, ақырғы деміне дейін адал болып қалған — ит қана. Айналасын жатсынумен ғұмырын тауысып бітірген Қазы өлімінің ситуациясы әлем және жалғыздық лейтмотивін тиянақтамайды. Енді ол Лашынға ауысады.

Қазы образы орталық кейіпкер Лашын тіршілігімен белгілі бір аналогиялар, рухани-психологиялық параллельдер жүргізу үшін алынады. Қазының жан-жағын бөтенсіген ғұмыры мен Лашынның ит ғұмырын бір-бірінен бөлшектеуге келмейтін тұтастық тұрғысында қараған жазушының философиялық түйіні өмір шындығын абсурдтық тұрғыда, иррационалдық ыңғайда жасалады. Ол түйін адамдардың беймәлім тұңғыықтан келіп, сол белгісіз тұңғыыққа аттану мағынасы төңірегінен шығарылады. «Ол өзі осы уақытқа дейін ашқан жаңалықтарының ішіндегі ең сұмдығын ашып еді: адам, тірі мақұлық атаулының бәріне әмір жүргізген, көк темірге жан бітіріп, көлік етіп мінген, қолдан құс жасап, қыран қалықтар биіктен де жоғары самғаған тәңірі текті, күдіретті адам да өледі екен, жүзі ызғарлы ажал алдында адамзаттың өзі дәрменсіз екен» [2, 42].

Тазы алғашқыда тәңірісіндей табынған екі аяқтылардан көңілі мүлде суынған, ол үшін жер бетіндегі мейірім Қазымен бірге жоғалған. Адамдар қолымен жасалған қақпанға түсуі адамдық мейірбандыққа деген онсыз да әлсіреген сенімді біржола өшіріп тынады. Өмір шындығын түрлі қайшылықтар формасында көретін жазушы концепциясын күрт күшейтіп жіберетін тұс — тазының қасқырлармен арпалыс оқиғасы. Қызыл ала қанға көздері қызарып алған бөлтіріктердің «өздерін тапқан, емшек сүтін беріп асыраған» енелерін бас сала жәукемдеуі табиғаттың қатал заңы трактовкасында ғана емес, абсурдтық идея түрінде де көрініс табады.

Дүниенің бей-берекет ретсіздігі, мәңсіздігі модернистік әдебиет танымының ең көп дендеуге тырысқан мәселесі болды. Кезіндегі «Абсурд театрының» дүниеге келуінде де модернистік эстетика ықпалы басты роль атқарды. Неміс драматургы В. Хильдесхаймер: «Тек абсурдтық жағдай ғана өмірдің толық картинасын бере алады. Және де абсурдтық пьесалардың жиынтығы, яғни, құбылыс ретінде өмір сүріп тұрған абсурдтық театр ғана өмірдің аналогы бола алады», демекші, модернистер үшін хаостық жағдайлар ғана болмыс ақиқатына жақыдатады [3].

Қазақ прозасында абсурдтық идея көбінесе әлемнің «күштілер үстемдігіне» құрылған әділетсіздігі түрінде танылды. Мысалы, сана ағымы поэтикасын әбден меңгерген Т. Әбдіковтің «Ақиқат» повесін алып қарайық. Шығарма бас кейіпкері Роберттің үзік-үзік санасындағы жаңғырықтар абсолютті шындық, адам мен әлем, жаратылыс пен мәңгілік т.б. іргелі философиялық толғамдарына құрылған. Повесть қарапайым ғана сюжетке құрылған, тіпті фабулалық қисынмен түзілген. Қаламгерге оқиғалар қоюлығы, сюжет дамуының логикасы аса маңызды емес. Роберттің телепаттық қасиетін өз мақсатына пайдаланушы профессормен, жындыханадағы көршісі священникпен және дәрігермен болатын диалогтық қарым-қатынастар ғана сюжеттік желілер түрінде көрінгенімен, олардың байланыстары да әлсіз. Олардың ортасындағы диалог полемикалық тұрғыда басталғанымен, бара-бара Робертпен диалогқа түсуші субъект ығысып, орталық образдың субъективті толғаныстары күш алып кетіп отырады. Өйткені ішкі монологтың күрделенген типі, ой мен сезімді бейнелеудің модернистерге тән техникасы — сана ағымы доминанттық сипат алады. Профессор Роберт диалогының бір үзіндісіне жүгініп көрейік:

—...Болашақ — тұнып тұрған фальсификация. Шындық пен жалғанның шекарасын таба алмаймыз. Өйткені бәрін қолдан жасаймыз.

— Бұл сұмдық қой, — деді профессор сыбырлап. — Адамзаттың санасымен жасалған осыншама заттың бәрін жоққа шығаруға бола ма?..

— Мынау өмірдегі мән-мағына, қасиет, әділет деп жүргендеріміздің бәрі адамдардың өздері ойлап тауып жүрген дүниелері. Әйтпесе олардың жаратылыс заңының негізін құрауға еш қатынастары жоқ...» [4, 425].

Диалогқа пассив-қатынасушылар Роберттің болмыс хақындағы толассыз ойларына тамызық берушіге айналып отырады. Қаламгер Роберттің бейнесін ішкі ой-толғаныстарымен танытудағы мақсаты — өмір шындығын емес, өмір туралы пайым-түйсіктердің тиегін ағыту. Модернистік шығармада өмірдің алуан құбылыстарынан гөрі өмір жайындағы таным қырларын бірінші орынға шығаруы аталған туындының да басты ерекшелігіне айналады. Роберт үшін болмыс — «шетсіз-шексіз кеңістікте зеңіп жүрген өлі-тірі денелер. Ажалдай қатал, мейірімсіз әлем. Мәңгілік деп аталатын уақыт кеңістігінде тіршілік атаулы қараңғы түнекте анда-санда бір жалт еткен нәзік сәуле секілді. Ал жеке адамның ғұмыры ше?.. Мәңгілікпен салыстырғанда осынша қып-қысқа ғұмырының ішінде осынша үлкен азапты арқалап кететіндей адам сорлының не жазығы бар?..» [4, 433]. Сыртқы әлем заңдылықтарын иррационалды тұрғыдан қабылдайтын кейіпкер социумнан ажыраған, одан жатсынған контексте алынады. Ол — трагедиялы әлемге, оның онтологиялық мағынасыздығына бүлік шығаратын қаһарман. Сондықтан да ол басқалармен тіл табыса алуы мүмкін емес.

Кезіндегі әдеби сын мұндай шығармалардағы трагифарстық бейнелеуді «буржуазиялық жатсыну», я болмаса капитализмнің өндіргіш күштерінің тетігіне айналған адамның дағдарысы («Ақиқат» повесі шет ел тақырыбы түрінде ұсынылды. Бірақ шығарма кеңістігі тым шартты тұрғыда алынған, туындыны шет елдік етіп тұрған кейіпкерлер аттары мен Робертке анасы айтатын ертегі сюжеті ғана) деп ұғындырғандар болды. Алайда сол жылдардың өзінде-ақ Т. Әбдіков повесінен үйреншікті материалистік таныммен жуыспайтын, басқа сорап, тың сұрлеуге түскендіктің белгілерін байқағандар да жоқ емес-ті. Мысалы, Б. Майтанов: «Әрине, өмірге субъективизм дүрбісінен көз салатын бұл тұлғалар әр алуан философиялық категорияларға идеалистік трактовка беруден аса алмағанмен, өз дәуірі мен тіршілік ететін ортасы шеңберінде дұрыс ойлана тұрып, түрлі гиперболизациядан аршылған кейбір сәттерде жалпы адам табиғатына қатысты шынайы сырлар түйіп өтеді», — дейді [5]. Расында да, 1970 жылдардың орта шенінен бастап ашық түрде көрініс таба бастаған модернистік поэтиканы ендігі жерде қалыптасып қалған әдістемелік құралдармен тани білу мүмкін болмай қалып еді. Ол «Ақиқат» сияқты реалистік дүние мен ирреалистік танымды араластырып жіберетін шығармалардың құрылымын саралаудан шығып жатты.

Роберттің әлем және адам антиномиясы хақындағы ой ағыстарының кемерінен асып төгілетін тұсы — жындыхана кезеңі. Модернистер шығармаларында біршама қолданылған осынау сарын қазақ прозасында да ірге тебеді. Бұл тұста әдеби ойын поэтикасының элементтері байқалмай қалмайды. Ойындық әдебиет персонаждарының ішінде құпия адам, жұмбақ адам, адам-маскалар өзгеше орын алатын. Сол тәрізді Робертті қоршаған адамдардың бәрі — маскалар. Олардың шынайы бет-пердесін елден ерек телепаттық қасиеті бар Роберт қана аша алады. Маска-адамдар бір-бірінің айқын бейнесін тани алмағандықтан, ішіне сұмдық құпия сырды бүгіп өмір сүре береді. Олар нақты бейнесін өле-өлгенше көрсетпеуі мүмкін. Ешкім де ақиқатты ашуға тырыспайды, масканы сыпыруға қол созған адам болмыстың мағынасыздығына көзі жетіп, бәрінен де көңілі қалар еді, жынданар еді. Робертке енді жынданбасқа шара жоқ.

Жазушы басқа модернистердей карнавалдық-маскарадтық сюжетке тікелей бармай, ол сарынның астарлы мәнін пайдаланған. Әлемдік көркем тәжірибеде Кобо Абэнің «Бөтен бет-пішін» («Чужое лицо»), М.Ю. Лермонтовтың «Маскарад» шығармаларындағы маскалық сюжеттің ашық ойын түрінде көрсетілгенін білеміз. Роберт — «тіршілік — аурухана» лабиринтінде адасып жүрген персонаж. Ол үшін азап шегудің төркіні ақыл мен парасатта жатыр. «Ақыл мен азап — ауру. Адамдар туады да сол аурумен ауырады. 60–70 жылдай азаппен ауырады... Тіршілік — үлкен аурухана!.. Сұмдық!

...Ақыл-ес ауруынан қалай құтылу керек? Құтылу керек... Жындану керек... Сонда ғана бақытты бола аласың... Қалай жындануға болады?.. Қалай? Роберттің есіне жындыхана түсті [4, 435]. Кейіпкер мүсіндеуге модернистік лабиринт тәсіліне жүгініп отыратын жазушы жындыхана нысанына арқа сүйейді. Әлемдік әдеби нұсқалардағы лабиринт «Әлем — театр» (Шекспир), «Әлем — кітапхана» (Борхес), «Әлем-жатақхана» (Маканин) т.т. түрінде болса, Т. Әбдіковте «тіршілік — аурухана» тұрғысында көрінеді. Алғаш жаны түршіге қашып шыққан Роберт бір түндік сенделістен кейін ессіздік жетегінде қайтадан жындыханаға оралады. Тіршіліктің қиыр-шиырлы, шимайлы сұрлеуі

жындыханаға әкеліп тірей береді. Вакуумдік халдегі кейіпкердің айналасы — шексіз лабиринт. Оның енді ол тұйықтан шыққысы жоқ, қайта «жазылдың деп шығарып жібермес пе екен деп қорқады».

«Ақиқат» повесінде де реализммен байланысын үзбеген жазушы жындыхана образы арқылы адамзаттың қазіргі рухани өрісі, өркениеттік даму және адамның рухани-адамгершілік ахуалы туралы көзқарастарын астарлайды. Бұл тәсіл авторды заманның көкейкесті мәселелері хақындағы шектен тыс публицизммен сақтандырады.

Жындыхана ситуациясы подтекст фонына айналдырылса, священник Роберт желісінде пародиялық ойын жүзеге асады. Священникпен екеуара болған диалогтан бастау алып кететін қаһарманның сансыраған санасындағы ой ағындарын берудің пародиялық тәсілі ішкі толқынысты тым шектемей ұсынудың бір жолына айналады. Әлдебір Френц дегенмен үнемі сырттай ұстасып отыратын, құдай атын жамылып ыңғайлы тіршілік кешуді ойластыратын, бір көргенге сүйкімді көрінетін діндар ұстанымы Роберт тарапынан пародиялық күлкіге айналады. «Құдайға қарсы ұйым аштым» деп оған священниктің келісімін, астына қол қоюын сұрайтын эпизод — пародиялық ойынның анық белгілері. Енді ол священниктің танымын терістеуге көшеді: «— Өмір, — деді Роберт ысылдай сыбырлап, — өмір ме екен? Адамның өлу процесі ғой бұл! Неге Иисус Христос Агасфарді «тіршілік қамыты мойныңнан түспесін, басыңа өлім келмесін!» деп қарғаған. Мәңгі тіршілік дәрісін бергенде Соломон неге ішуден бас тартты? Буддаға астындағы алтын, күмбезді сарайынан, сұлу жардан, бауыр еті баладан, жан қиысқан достардан безіп, бүкіл Үнді жерін жалаң аяқ, жалаң бас қайыршы боп безіп кетуіне себеп болған не? Өмірдің азабы ғой... Қай ел екені есімде жоқ, бір елде бала туғанда «бейшара, енді қашан өлгенше азап көретін болды» деп өлікті жерлегендей қайғылы жоралғы жасалады екен. Ал адам өлсе, «азаптан құтылады, мәңгі тыныштыққа кетті деп қуанып, той жасайды екен. Той жасау керек өлгенде. Мен өлгенде той жасандар, той!» [4, 440]. Қарап отырсақ, бұл сарыннан «дүние — бос» идеясына негізделген хайдеггерлік таным айқын байқалады. Мұнда қатыгез әлемнің құпиясын ашқан «трагедиялық сана» таңбаланады.

Роберт пен священниктің арасында шиеленісті тартыс жоқ, тартыстың тек симуляциясы ғана қылаң береді. Әдеби ойынның пародиялық типі священникті тұлға ретінде жоқ етуге дейін барады. Роберт үшін ол маңызды да емес. Өйткені священник — ол үшін тобырдың маска киген өкілі ғана. Бас кейіпкер құдай жөніндегі өзі тапқан жаңалықтарын священникке әлдебір фокустық тұрғыда, мақсатты түрде бағыттап отырады. «Мен көп қиналдым. Өмірдегі жаманшылық атаулыны тудырып отырған негізгі күшті, негізгі айыпкерді ұзақ іздедім. Ақыры таптым. Ол — құдайдың өзі. Адамды мазақ етуші де, қорлаушы да, азапқа түсіруші де, зұлымдықты қолдаушы да соның өзі» [4, 443].

Ақырында «ең үлкен бақытсыздық — бақыт атаулының болмайтынын сезу» деген пессимистік ойдың ақиқатына көз жеткізген ол жындыхана бөлмесінде өзіне қол салады. Өйткені енді оның білмейтін құпиясы қалмады. Тіршілік-маскарадта ойнап жүргендердің маскасын сыпырды. Жалғыз құтқарушысындай көрінген әйелінің де өткендегі өміріндегі жар адалдығына дақ түсірген сұмдық құпиясын ашты. Анасының ертегісіндегі «ашуға болмайтын есікті» ашып алды. Тіршілікке деген соңғы үлпілдек үміт сөнді.

Жалпы, повестің композициясын түзуде, ойындық поэтиканы қолдануда бала кезінде анасынан естіген ертегі сюжетінің орны маңызды. «Содан әлгі адам жолаушыны жер астындағы алтын күмбезді патша сарайына әкеліп кіргізді де: «Қалаған шарабың мен тамағыңды іш, сұлу кәнізактармен ойна, серуен құр, барлық есікке кіріп, алтын сарайды тамашала. Тек мынау тұрған бір есікті ғана ашуға болмайды. Оны ашсаң бақытсыз боласың» [4, 448]. Осы бір жұмбақ-ертегі сюжеті шығарманың бүкіл философиялық жүйесіне тұғыр қалаған, пәрмен берген. Мұнда адам баласына тән рефлекс — жұмбақты шешуге деген қызығушылық, азарттық ұмтылыстар бар. Жұмбақ шешімін табуда адам қателесуге, бірнеше нұсқа ұсынуға қашан да қақылы.

Автор Роберттің жүйеленбеген, «ой әлемінде салмақсыздыққа ұшыраған адамдай бағыт-бағдарсыз зеңіп жүрген» толғаныстарын бөлшектенген сана ұшқындары, сана жаңғырықтары ретінде байыптайды. Сана тасқынының логикалық тұрғыдан реттелмеген көріністерін батыс модернистері галлюцинация, түс көру фрагменттері арқылы танытудың дәстүрін қалыптастырса, Т. Әбдіков өзінше тәсілмен жеткізеді. Қаламгердің ол тәсілі Робертке фантастикалық реңктер дарыту арқылы жүзеге асады. Фантастика мен шындықты тұтастандырып жіберетін жазушы повесть оқиғасын реалды жағдайларда өрбітеді. Алайда Әбдіков фантастикасы таң қалдыруға құрылған немесе романтикалық эффект беретін ғажайыптық фантастика емес, адам болмысына трагедиялық бояулар үстейтін, тағдыр талқысын күшейтетін сипат алады.

Коллизиялардың шарттылығы, тарихи-әлеуметтік фонның бұлыңғырлығы, кейіпкердің болмыс туралы бағасының абсолютті субъективтілігі, көзсіз тенденцияшылығы — аталмыш повестегі

модернистік стиль айшықтарының айғақтары. Роберт — амбивалентті, яғни қандай да бір ішкі тұтастықтан айырылған, шексіз жалғыздыққа ұрынған кейіпкер болғанымен, абсурд-қаһарман емес. Ол — әлемдік құрылымның, қоршаған болмыстың абсурдтығын танушы адам. Сондықтан да оған сизифтік әрекеттер жат. Оның модернизм шекарасынан асып, постмодернистік танымға жуықтататын сипаттары да жоқ. Өйткені ол әлем жаратылысының абсурдтық болса да ақиқатын аша алды. Әлемде үстемдік ететін «күштілер зорлығы». Сондықтан да әлемде әділет болмайтынын, ғылым мен өркениеттің буырқана дамуы адам баласын тұйыққа тірейтініне сенімді болды. Ал постмодернистер агностицизмге негізделген көзқарастарында әлемді мүлдем тануға болмайды, ақиқат айғақталуы мүмкін еместігіне зейін қойғаны белгілі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Борев Ю.* Эстетика. — Ростов н/Д.: Феникс, 2004. — 704 с.
- 2 *Мағауин М.* Екі томды таңдамалы шығармалар. — 2-т. — Алматы: Жазушы, 1990. — 448-б.
- 3 *Hildesheimer W.* Erlanger Rede uber das absurde Theater // Akzente. — 1960. — № 6. — P. 546.
- 4 *Әбдіков Т.* Таңдамалы: Роман және повестер. — Алматы: Жазушы, 1991. — 512 б.
- 5 *Майтанов Б.* Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. — Алматы: Ғылым, 1982. — 101-б.

Ж.Ж.Жарылғапов

Абсурдная идея и поток сознания (на основе повестей «Смерть борзого» М.Мағауина, «Истина» Т.Абдикова)

В статье рассматриваются основные критерии модернистской литературы последней четверти XX в. (как абсурдная идея и поток сознания) на примере творчества казахских писателей. Анализируются идейно-эстетические проблемы в произведениях М.Мағауина и Т.Абдикова. Автор указывает на особенности модернистской эстетики в повестях «Смерть борзого» и «Истина».

Zh.Zh.Zharylgapov

An absurd idea and stream of consciousness (based on the stories "Death of the greyhound" of M.Magauin, "The truth" of T.Abdikov)

The article devotes base criteries of modern literature for last half of XX century like absurd idea and mind's load on the example of kazakh writers. There are ideal-estetic problems in kazakh verses of M.Magauin and T.Abdikov have been analysed. The author shows to espisalities of modern estetic in novels of «Dead of dog» and «The reality». The opinions about mind's load in kazakh prose have been made.

С.Б.Жұмағұлов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Әлкей Хақанұлы Марғұлан**

Мақалада көрнекті қазақ энциклопедист-ғалымы, отандық ғылымның титаны Әлкей Хақанұлы Марғұланның ғылыми-зерттеу шығармашылығының қайталанбас қырлары қарастырылды. Әдебиеттанудағы ғылыми ізденістердің жаңалығы мен өзектілігі көрініс тапты. Сонымен қатар ғалымның бойындағы қасиеттері XX ғасырдың басындағы Алаш қазақ интеллигенциясы рухани ізбасарлығымен байланыс тұрғысынан қарастырылды.

Кілтті сөздер: Әлкей Марғұлан, Алаш зиялылары, азаматтық шығармашылығы, ғылыми-шығармашылық тұлғасы, ғылыми ғұмырнама, әмбебап әдебиетші, Абай мұрасы, Шоқан мұрасы, Құнанбай Өскенбайұлы.

Қазақтың алып даласы елге тұтқа болған талай тархандардың әрі әлемге ғылым-білімнің нұрын төккен ғұламалардың құтты мекені, ырысты өлкесі болған. Тектілікке тән жасампаздық ғұмырын өмірінің асқақ тұғыры деп білген ұлт зиялылары елге қызмет етудің құтты білігін рухани жарасымда өркендеудің күре тамырына айналдыруда өшпес із, мәңгілік өнеге қалдырды. Қазақ руханиятындағы сондай кемел қасиетке ие дара тұлғалардың бірегейі — Әлкей Хақанұлы Марғұлан.

Ақжан Машани қазақ даласының ұлы перзенті әл-Фараби мұрасының маңызын ғалымның имани қасиеттерімен байланыстырып: «Ғалым деген сөздің өзі аса жоғары қасиетті есім. Ол өзі көп тараулы, терең білімді, шексіз ғаділ, қайырымды, адамдық ардың жоғары дәрежесін тұтынған адам болу керек. Ондай **Есім** ешкімнің алдында жалбыранып, бақыт іздеп, бас имеске керек. Ондай адамды дүние пұлы, әлемнің бағы, патшаның тағы қызықтырмаған керек. Оның іздегені ғылыми хақиқат. Ол бір тұрған адам баласының ақыл ойының бейне бір әлемге бірдей шам шырағы болу керек. Ғалым **Есіміндегі** өзінен жоғары мәнаптың алдында шыбындау, өзінен төменнің алдында қырыңдану сияқты сасық паңдық деген болмас керек. Осындай **Есім** күнделікке азбайды, мәңгілікке тозбайды. Ондай **Есім** бізде болған ба? Болған, ол — Фараби», — деген болатын. Осы бір ілкі қасиеттердің қазақ топырағында Шоқан Уәлиханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Қаныш Сәтбайұлы, Бауыржан Момышұлы сынды ғасыр саңлақтары арқылы дәстүр арнасында жаңғырып, отандық тарих пен мәдениет, әдебиет пен өнердің сан ғасырлық мұрасын кешенді зерттеген Әлкей Хақанұлы Марғұланның ғылыми-шығармашылық тұлғасымен сабақтасуы ғажайып та заңды құбылыс.

1919 жылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының баласы Әмен қамқорлығымен Керекудегі мұғалімдер курсына оқыған дарын кейіннен қыр перзенттерінің рухани орталығы болған Семей педагогикалық техникумында білімін ұштады. Шәкәрім ақын «Таң» журналына жаңа әнмен байғазы», «Таң» журналына тағы бір әнмен байғазы» өлеңдерін арнаған, «Таң» журналының (1925 жыл. Наурыз-маусым) және «Қазақ тілі» газетінің (1919–1929) редакциялық істеріне араласып, алғашқы мақалаларын жариялайды. Бұл ретте Әміре Қашаубаевтың Париждегі концерті, жүлде алуына қатысты жазған мақаласы ерекше назар аудартады.

Қандай да болмасын таланттың бойындағы хас даралық қасиеттерінің тұнық тұмасы — туған жері, өскен ортасы. Міне, Мәшһүр Жүсіп, Жаяу Мұса, Имантай сынды ұлт рухани мәйегін кейінгі ұрпақ санасына сіңірген тарландардан бата алған дарын ғалым болып қалыптасуына Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Әбікей Сәтбайұлы, Қаныш Сәтбайұлы, Хакім Иманбекұлы, Жағыппар Секербайұлы ерекше әсер еткенін зор ілтипатпен атап көрсеткен-ді. Ал Алаш арыстарымен рухани арнадағы шығармашылық тығыз байланыста болуы Әлкей Хақанұлының азаматтық тұлғасы және ғалымдық келбетіндегі ұлттық ұстанымдарының мызғымас негіздерін мәңгілікке қалады.

XX ғасыр бедеріндегі қазақ ғылымының Атиллаасы іспеттес тұлғаның 1926–1927 жылдары КСРО Ғылым академиясының одақтас және автономиялық республикаларды зерттеу жөніндегі комитет мүшесі академик А.Е.Ферсман, профессор С.И.Руденко басшылығымен Қазақстан және Алтай бойынша ұйымдастырылған экспедицияларының жұмысына қатынасуы болашақ ғылым ізденістеріне кең өріс ашты. Әсіресе экспедиция барысында Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханмен бірлесіп қызмет атқаруы өмір белесіндегі тарих тартуы тұрғысынан қалам қарымына, елшілдік мұраттағы отаншыл қасиетіне бұла күш дарытты.

Саяси қысым шығармашылық еркіндікті үнемі тұсаулап отырғанымен, ғалым өз естеліктерінде Алаштың рухани көсемдерінің ұлт керегі дегеннен бас кетсе де тартынбаған ерен еңбектері мен қастерлі есімдерін қашанда зор құрмет сезіммен еске алып отырды. Мысалы, «Біздің Мұхтар» (1976) атты жинаққа енген «Алғашқы өрлеу» мақаласында: «...Мұханның атын көпшілікке әйгілі еткен ең алдымен «Абай» журналы еді. Бұл журналда Мұханның беташары деуге болады. Өйткені оны бірінші рет ұйымдастырып, оның негізгі мақалаларын жазған көбінесе Мұханның өзі болатын. Бас редакторы — Жүсіпбек Аймауытов» [1], — деп жазды. Ал Мағжан ақынның сұлулық әлемінің тылсым құдіретін Жүсіпбек Аймауытұлынан кейін эстетикалық биікте әдіптеген де Әлкей Марғұлан болатын. «Менің өз білуімде, қазақтан сол кезде екі әдемі кісі болатын. Мынау сұлулықты, ләззәттылықты, сосын дүниедегі жақсы нәрсені жақсы көретін екі кісі болып еді. Біреуі — Мұхтар, екіншісі — ақын Мағжан болатын. Осы екеуінің түріне қарағанымызда, құлпырып тұрған қыран құстай оларға еш пенде жетпейді деп ойлайтынбыз» деген тебіреніс күйіндегі сағыныш сазымен өрнектей отырып жеткізді [2; 68].

Алаш зиялылары ер басына күн түскен алмағайып әрі ар өлшемі таразыға тартылар тайталас тағдыр тауқыметіне қарамастан, ата-баба қанынан дарыған имани қасиеттеріне берік болды. Оның терең тамырлы дінгегін дауылды жылдар екпіні де шайқалта алмады. Сталинизм зобалаңында Алаштың арлы ақыны Мағжан Жұмабайұлы тергеушінің: «Ленинградта тұрғанда кімдермен байланыс жасадыңыз?» — деген арандатқыш сұрағына: «Ленинградта көп тұрғаным жоқ. Елден әйелімді шақыртып алдым. Досым, әрі **поклоннигім Әлкей Марғұлан** есімді жігіт жиі келіп тұрды, әйтсе де көп ұзамай ол жігіт ауырып, ауруханаға түсті. Содан байланысымыз үзіліп қалды» — деп жауап берді. «Ойнайды заман сойылы — ақын өлтіру ойыны! Заңын да салып соңына, жарын да салып соңына, көріне даусын жеткізбей, еліне даусын жеткізбей, аузы мен мұрнын тығындап, сыртынан сұмдар сыбырлап, жас бала демей қарбытып, баспана бермей қаңғытып, ойнайды заман сойылы — ақын өлтіру ойыны» (Жұматай Жақыпбаев) қазақ ұлтының зиялы қауымын қынадай қырған өлара тұста арлы ақын Мағжан Жұмабайұлы Алаш аманатын арқалаған Әлкей Марғұланды саяси арандатудан қорғап қалды. «Ішкі істер наркомының айлакер тергеушісі кейіннен Мағжан аузынан шыққан кісілердің тізімін жасапты. «Қайсысы қай жерде жүр» деп әлгі тізімді қайыра әкеліп алдына тартыпты. Сонда Мағжан Әлкей Марғұлановтың тұсына «өлді» деп белгі соғыпты» [3]. Міне, Мағжандай ұлт перзентінің елдік қасиеттерді асқақ тұтқан өрлігі мен ерлігі Алатаудай асқақ, Ұлытаудай нар тұлғасындағы парасат әлемінің ұлық дидарын асқақтата түседі. Осы ретте Әлкей Хақанұлының азаматтық һәм ғылыми-шығармашылық тұлғасының қалыптасуындағы Алаш қайраткерлерінің өрісті ықпалы ғұламаның ғылыми ғұмырнамасын тұрғысынан терең екшеуді, байыпты зерттеуді қажет етеді.

Әлкей Марғұланның естеліктері Алаштың ақылмен ақындары мен сал-серілерінің өршіл рухтағы әсемдік күйге бөлейтін сыршыл әуезге толы ғажайып та жарқын ойға толы бір бүтін жойқын әлем іспеттес. Қазақ әдебиеті мен өнері Халық университетінде 1974 жылы 16 тамызда сөйлеген сөзінде Мұхтар Әуезұлы туралы тереңнен сыр шертіп, суреткердің әсемдік әлеміне қатысты: «Ол алтын адам бейнесін жасаған суретші, оны әдебиеттің сұлулық қақпасына әкеліп кіргізген кісі... Мұқаң адамшылыққа жол ашқан, айға, аспанға, жұлдызға ұмтылған кісі. Әуезов көптеген шығармаларында көтерген мәселелері — терең ойлы, ар, намыс, шындық, адалдық. Ар, намыс, шындық — бәрі бір категория. Ар, намыс бар жерде шындық та болады. Оған негіз болған нәрселер — Абай үлгісі, Абайдың школы десем, шынында Мұқаңның жаңағы ой қазыналары көбінесе кемеңгер Абайға барып тіреледі», — деп дәстүр негіздерінің болат өзек түптөркініне ой сала зерделейді [4,5].

Семейде Мұхтар Әуезұлымен танысқан Әлкей Хақанұлының Абай туған қасиетті Шыңғыстауда болуы да оның өмір белесіндегі айтулы кезеңді. Асылдың сынығы Тұрағұлмен жүздесіп сырласуы қазақтың бас ақынының көркемдік құпиясына енуіне, ұлт рухының айбыны болған қасиетті мекенінің рухани тыныс-тіршілігімен етене танысуына серпін берді. Ақын туған орта, оның текті ұрпақтарына қатысты құнды да маңызды тақырыптар білгірлікпен қамтылған естеліктерінде сол бір ұмытылмас күндер жайында «Шыңғыстаудан алған алғашқы әсер өте тамаша еді. Өйткені талай ауылға бардық, Тұраштың өз үйінде болдық, әлгінің бүлдіршіндей балалары сөйлегенде, былай өлең айтқанда, олардан бір жақсылықтың, бір сұлулықтың иісі аңқып тұрғандай көрінді» [2, 72], «Жебеш деген әнші болды Тұрағұлдың баласы — Жебірейіл деген. Жебірейіл сияқты Абайдың өлеңдерін ешбір пенде осы күнге дейін айта алған емес. Оны жұрт Жебеш дейтін. Жебештің «Қараңғы түнде тау қалғыпты» айтқаны анау Орда тауының түбінде отырып, әлі күнге дейін құлағымда» [2,74] деп тебірене жазды. Тұрағұл Абайұлы (1876–1934), Жебірейіл Тұрағұлұлының (1903–1930) шығармашылық тұлғасын

ашудағы сырлы сезімдегі эстетикалық толғаныстары Ә.Марғұланнның өнер күдіретін айрықша бағалаған жан әлемінің көркемдік иірімін танытады.

Ұлт руханиятының алтын бесігі Шыңғыстау өлкесі туралы естеліктерінде Шәкәрім Құдайбердіұлына қатысты деректер кездеспейді. Десек те жаһан ғылымы мен ілімін терең игерген ғалым Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресімен» (Орынбор, 1911) жан-жақты таныс болды. Қайым Мұхаметқанұлы «Шаһкәрім» зерттеу мақаласында ақынның аталған шежіресіндегі Алаша ханға қатысты тарихи деректерді айта келіп, Абай мен Шаһкәрімнің берген мағлұматтарын академик В.В.Бартольдтың еңбектерінен көреміз деп жазады (қара.: Шәкәрімтану мәселелері. 69-бет). Ал Әлкей Марғұлан Ленинградтағы Шығыс институтының түркология бөлімінде, сонымен қатар тарих-филология факультеттерінде қатар оқығанда және де Өнер институтында дәріс тыңдап жүргенінде Орта Азия тарихы мен археологиясы жайында академик В.В.Бартольд дәрісінен нәр алғаны мәлім. Санкт-Петербург университетінің шығыс тілі факультетін тамамдап, ғылыми-оқытушылық қызмет атқарған әрі Орта Азия мен қазақ даласының тарихын, мәдениетін терең зерттеген В.В.Бартольдтың (1869–1930) Шәкәрім шежіресімен таныс болғаны да еш күмән тудырмайды. Міне, Әлкей Хақанұлы Шәкәрім Құдайбердіұлы шежіресіндегі кейбір тарихи дерек көздерін «О носителях древней поэтической культуры казахского народа» (кітапта: М.О.Ауэзову: Сборник статей к его шестидесятилетию. — Алматы, 1960) зерттеу мақаласында келтіреді. Абай қолжазбаларын мұрағаттардан тыңнан тапқан ғалым «Абай шығармаларының негізгі нұсқасы болып табылатын Мүрсейіт Бікеұлының дәптерінен басқа князь Кудашевтің, Сәдуақас Мұсаұлының, Г.Н.Потаниннің, И.Я.Коншиннің тізбелерін салыстыра зерттеп, олардың жазылған жылдарын анықтады. Кудашев тізбесінің Сәдуақас қолжазбасының көшірмесі екенін дәлелдеді» (Т.Рсаев). Өз кезегінде қолжазбаны бірінші рет тізген Мәшһүр Жүсіп Көпеев екенін, ал Садуақас өз дәптеріне көшіріп алғанын да дәйектеп, ол тізбеде Абай шығармаларынан басқа бірнеше ақынның, соның ішінде Арыстан, Табынбай, Шәкәрімнің, Мәшһүр Жүсіптің жазғандары да бар деген құнды дерек көздерін нұсқады («Қ.Ә». — 1969. — 16 шілде).

Орыстың В.В.Сиповский, Р.Кулле сынды атакты ғұламаларының Абай мұрасын тануына әрі насихаттауына рухани дәнекер болған әмбебап әдебиетші Әлкей Марғұлан зерттеулерінің ең мәнді арнасы — Абай және Шоқан мұрасы.

Бұл бағыттағы зерттеулері соны сипаттағы ізденістер тұрғысынан отандық әдебиеттануда озық мәнге ие. 1929 жылы Абай шығармашылығынан дипломдық жұмыс жазған әдебиетші мұрағат материалдарын ғылыми айналымға енгізе отырып, абайтануды соны деректермен толықтырды. «Абайдың жаңадан табылған қолжазбалары» («Социалистік Қазақстан». — 1954. — 21 қырк.), «Абайдың Ленинградтағы қолжазбалары» («Әдебиет және искусство». — 1957. — № 3), «Абайдың інісі Халиуллаға жазған хаты» («Қ.Ә». — 1959. — 12 маус.), «Абайдың қолжазбасы» («Қ.Ә». — 1963. — 16 тамыз), «Жас Абайдың фотобейнесі» («Қ.Ә». — 1970. — 2 қаз.), «Күміс сандық құпиясы» («Қ.Ә». — 1981. — 1 қант.), «Ақын өскен орта» («Жұлдыз». — 1982. — № 4) өзге де ғылыми зерттеулерінің әдеби-тарихи, танымдық-тағылымдық маңызы айрықша. Мәселен, Ақан серінің, Жаяу Мұсаның және Абайдың фотосуреттерін мұрағаттардан тауып ұсынған ғалым «Жас Абайдың фотобейнесі» («Қ.Ә». — 1970. — 2 қаз.) мақаласында ұлы ақын фотобейнесінің жарыққа шығуы — «ақын өмірін толық зерттеп білу үшін аса қымбатты деректердің бірі, Абай атын ғасырлар бойы ардақтайтын жарқын бейне» деп білді. Ақын бейнесіндегі даналық пен парасаттың, ұлылық пен кеменгерліктің кемел тұлғасына өзгеше сезім күйінде, өршіл рухта ене отырып: «Осындай терең ойлармен шұғылданып жүрген жас Абайдың суреттегі отырысы, оның қияпаты, жан күйін сыртына шығаруы ол кездегі қазақтардан бүтіндей өзгеше. Кесслердің фотосындағы Абай ойға батқан жас кеменгер, ақылымен, рухани күшімен көпшілікті өзіне қаратқан жігіт ағасы. Оның байсалды, маңғаз түрінен білімнің, ойдың, сезімнің, сұлулықтың аңқыған күшті лебі көрінеді» дей келіп: «Мағауияны қоспағанда, Абай мен оның балаларының жалпы сипаты ғасырлар бойы өркендеп келген түркі тайпаларының антропологиялық келбетіне келеді» деген құнды пікір айтады. «Жалпы айтқанда, Ленинград пен Москва архивтерінде Қазақстан туралы екі-үш ғасыр бойы жиналған мәліметтердің көптігі сонша, оларды қазақ тарихының, мәдениетінің алтын қазынасы деуге болады: қандай қиын мәселелердің соңына түссең де, оңай шешетін материалды содан табасың. Саясат, білім, шаруа, мәдениет, өнер, техника, география, жертану, геология (кен орындары), гидротехника (жер суару, кәріз, шығыр), архитектура, тағы басқа толып жатқан мәселелерге қатысты мәселелердің барлығы да кезігеді» [5] деп мұрағат қорындағы ұлт мұрасын игерудің бағыт-бағдарын да білгірлікпен нұсқады.

Ғалым өзінің қандай да болмасын тың зерттеулеріне өзек етіп алған тақырыптарын мұрағат негізіндегі маңызды деректермен нығыздап, ұлтымыздың айтулы тұлғаларының өмірі мен қоғамдық

қызметін бағалауға отаншылдық рухтағы парасат биігінен келді. «Ақын туған орта» мақаласында Құнанбай тұлғасын қазақ қоғамының тарихи шындығы тұрғысынан әділ бағалап, мұрағаттағы тың деректерімен толықтырды. Дала тарланының дара туған болмысын бағалаудағы саяси танымдағы қасаң пайымдардың сеінін бұзды. Құнанбайдың ата-бабасына, үрім-бұтағына, әлеуметтік өмір ағысындағы қайраткерлік тұлғасына қатысты кеңестік қалыптағы идеологияға бүтіндей бөлек санаткерлік көзқарастағы пікір білдірді [6].

Абайдың Халиоллаға жазған хатын негізге ала отырып, «мұнда ата мен ойшыл жас ағаның жарқын ойлары жаңа өсіп келе жатқан дарынды бала Халиулланы толқындырмай қойған жоқ, оны тура білім қақпасының есігіне апарып кіргізеді» деп Құнанбай ұлағатын жеткізеді. Құнанбайдың әкесі Өскенбайға берген асындағы ұлттық дәстүрге қатысты құнды этнографиялық деректер де тыңнан қамтылды (майданға жалаңаш сұлу әйелді шығару). Ескі дәуірден келе жатқан аталған қызық сауық тек «Манас» жыры мен Өскенбайдың асында ғана кездесетінін байыптады. А.Янушкевичке қазақ тіршілігі туралы айтқан Құнанбай хабарларының (қазақтың мал шаруасы, қамыстан үй салу әдісі, қазақ тұрмысы, салты, рухани тіршілігі, бала тәрбиелеу ісі, ескі шежіре, Домбауылдың шежіресі, Алтын Орда тарихы, Шыңғыстауда сақталып келген Шыңғысханның бірінші ордалары) маңызы да кеңінен екшелді.

«Құнанбай көп өмірін зұлымдыққа қарсы тұру ісіне жұмсаған» деп «Қызыл бузауға» қарсы пәрменді істерін, «өзі игі, өзі адал, өзі сергек, өзі ойшыл» Құнанбайдың әскери губернатор Фридрихстың «арам ойлы, залым ісіне қарсы тұрып, ел шаруасын оның қанішер талауынан сақтағысы келеді» деп отаршыл жемқордың арам пейіліне, жымысқы іс-әрекетіне жол бермеудегі қажыр-қайратын, табандылығын мұрағат деректері мысалында дәлелдей көрсетті. Ел билеудегі «қызметтерде Құнанбайдың ой санасы, шаруа ісі, ел басқару жұмысында атқарған істері өзгелерден бүтіндей өзгеше болып отырады» деп мектеп, медреселер ашудағы, сол арқылы руханият тамыршысы тұрғысындағы игі қадамдарын айрықша бағалады. «Өз балаларына да сондай білгіш, саналы ойлар үйреткен. Мұның барлығын Қарқаралы, Аягөз, Шыңғыстау, Семей төңірегінде аса жарқын түрде қолданған. Үлкен медреселерді Қарқаралы мен Семейде, Бесқарағайда аштырған» деп нақты деректер келтіреді.

Құнанбайдың сәулет өнерін ерекше қадірлеп сүйгенін айта келіп: «Қарқаралыда, Семейде үлкен мектептер ашқан. Оның біреуін тіпті Мекке қаласына апарып тұрғызады» деп түйеді. Құнанбайдың Фридрихс бұйрығымен Омбыға апарылып, алты ай үй абақтысында ұстауы, дала шонжарын бостандыққа шығарудағы Шыңғыс пен Шоқан қажыр-қайраты, Гасфорд шапағатына қатысты мол деректер берілді.

Ә.Марғұлан сондай-ақ Құнанбай Өскенбайұлы және Нұрғаным суретіне де тереңнен бойлайды. Суреттің түсірілуі жоғарыда айтылған қиыншылық кездің соңғы мезгіліне дөп келетінін айтады. Құнанбайдың киімдеріне тоқталып, белінде көркемделіп өрнектелген кісенің асқан шебер қолынан шыққанын, кісенің ұлттық дүниетанымнан туындағын бедерлеріне тоқталады. «Мұны жасаған бір ойшыл ақылды зергер болу керек. Ол ескі дәстүр бойынша түрік қағанаты, ғұн дәуірінде қолданған өнер үлгісін еске түсіреді. Адамды, алып ер бөріні, аспанның қыраны бүркітті қадірлеу қыпшақ елінің шеберлері де аса ардақтаған» деп түйеді. Көкбай ақын айтқан Балта ақынның Құнанбай туралы айтқан «Ей, Құнанбай, Құнанбай // Басқан ізін Бұхардың қақпасындай // Айтқан сөзің жыраудың нақылындай // Сен өлсең де өкінбен // Артында алтын балаң Қалды ат басындай» деген өлең жолдарын келтіре отырып, оның жарқын ойшыл Абайға арналғанын түйіп, «Мұның барлығы Абайдың төңірегін әлі де жақсы зерттеудің керек екендігін көрсетеді» деп Абай, Құнанбай тұлғаларын терең зерттеуде қолға алар келелі істің бағыт-бағдарын зерделейді.

Ғалымның «Шоқан және «Манас» (1973) зерттеуі шоқантанудың келелі арқауын көне мәдениет, әдебиет күретаырымен тығыз байланыстырумен құнды. Шоқанның «Манас» жырын ғасырлар бойы Орта Азия мен Қазақстан жерінде қолданылған «түркі» деп аталатын дәстүрлі арап емлесімен жазғанын зерделеу арқылы оның көне мұрамызды танудың түйінді желісінен ажырағысыз арнасымен дәнекерлейді. «Түркі» жазуының мың жылдық қалыптасқан тарихын айта отырып, қоғамның рухани өміріндегі маңызын Х ғасырдан бастап, соңғы дәуірге дейін Орта Азия мен Қазақстанда, Орал, Еділ бойында жасаған дарындардың өз ойларын қағаз бетіне аталған жазумен түсіргеніне ерекше мән береді. Сол арқылы шағатай ақындары, Бабыр, Қадырғали Жалайыри, Әбілғазы тарихи жазбалары, Бұқар жырау, Абай өлеңдері, Сырым Датұлы нақылдарының «түркі» жазуымен бүгінгі күнге жетуінің әдеби-тарихи дәстүрінің маңызын ашады. Сонымен қатар осы көне жазумен сақталған тарихи шежіре, әдебиет, тіл мұраларын айтқанда «Қорқыт», «Оғызнаме», «Мұхаббатнаме», «Шайбанинаме», «Саңлақ» сынды қолжазбаларды және қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарына ортақ

XIII–XVI ғасырлардағы ерлік, махаббат жырларын нақты мысалға алып, «олармен қатар XVI–XIX ғасырдағы қазақ халқының Орта Азия, Ресей, Қытай мемлекеттерімен елшілік, жұрт аралық қатынастары да бір ғана осы жазумен жүргізілген. Шоқан жазып алған «Манас» жыры сондай тарихи жазулардың бірі» деген тұжырым жасайды.

Шоқантану аясында қазақ халқы құрамындағы Оғыз әсеріне қазақ мифтері мен ауыз әдебиеті нұсқаларындағы көріністері тұрғысынан үңіліп, оның негізді қисындары мен негізсіздерін ажырата талдайды, мифті ертегімен ғана емес, тұтас ауыз әдебиеті үлгілерімен бірлікте саралап, шығу тегі мен түптөркінін, даму жолдары мен эпикалық табиғатына дейін кешенді қамтиды. «Манас» жырын талдау негізінде «Оғызнаме», «Ақсақ құлан», «Махаббатнаме» дастандары, Күлтегін, Мойыншора, Білге қағанға арналған жәдігерлерде кездесетін ортақ атаулар, ұғымдар, түсініктерге дендей еніп, олардың қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларында кездесетін желілі сарынының қатпары терең астарын талдайды. «Қорқыт», «Оғызнаме», «Ақсақ құлан» мәтіндерін «Манас» жырларымен салыстырып қарастырғанда, оларға тән болып келетін ортақ сипаттарды дәстүр арнасында нақты мысалдар арқылы ашады. Ал, мифтік сарындардан халық өмірінің тарих көшіндегі тағдыр-талайының елеулі кезеңдерінің табын тануымен өткенімізге саналы қарауға ой салды.

Халқымыздың байырғы фольклорлық, көне жазба мәдениетінің этнографиялық бай мұрасының бүгінгі күнмен этногенетикалық байланысын ғылыми негіздеу барысында Ш.Уәлиханов жазып алған «Манас» мысалында эпос генезисін ертедегі көшелі тайпалар заманынан бастап, түркі тайпалары эпосы Ғұн, Үйсін дәуірінде туа бастағанын дәлелдейді (Ә.Қоңыратбаев).

Ә.Марғұлан басқаруымен Ш.Уәлихановтың бес томдық жинақтары, таңдамалы жинақтары (1961–1972) (1985) жарық көрді. Отандық ғылымның іргелі табысы саналатын еңбектерді жариялауда ғалым КСРО мұрағаттарынан ұлы тұлғаның үш жүздей шығармасын тауып, ғылыми редакциясын жасады, адамзат игілігіне айналдырды. Шоқан шығармашылығын қамтыған елуден астам мақала, жалпы көлемі 100 баспа табақтан астам ғылыми түсініктемелер жазды. Шоқан жазып алған «Манас» жырының аса құнды нұсқасын тауып, жеке кітап етіп бастырды («Қ.Ә». — 1984. — 21 қырк.). «Шоқанның жарияланбаған мұралары» («Қ.Ә». — 1981. — 16 қаз.), «Шоқанның естеліктері» («Қ.Ә». — 1982. — 2 сәуір), «Шоқан өскен орта» (С.Өтениязовпен бірге) («Жалын». — 1985. — № 1) өзге де мақалаларының шоқантанудағы маңызы зор. Мысалы, «Шоқанның жарияланбаған мұралары» мақаласында Әлкей Хақанұлы: «Шоқанның бес томдық шығармаларына кірмей қалған мақалалары әлі де көп. Өмірбаяны туралы жүз беттік документтері тағы бар. Әлі еш жерде басылмаған көп жазулары бір ғана архивте сақталып келеді. Шоқанның мен ашқан мақалаларының тізбесі 135 бет... Әлі басылмаған жазулары төрт кезеңді аңғартады: 1) Шоқанның жас кезінде жазғандары (1855–1869); 2) Петерборда жазғандары (1860–1861); 3) ауылға қайтып келіп жазғандары (1862–1863); 4) Черняев экспедициясына қосылғаннан кейін жазғандары (1864–1865)» деп шоқантануда атқарылар келелі істерді нұсқады.

«Хандар жарлығының тарихи маңызы» (1943) атты кандидаттық, қазақ ғылымының тарихында тұңғыш рет «Қазақ халқының эпикалық жырлары» (1945) деген тақырыпта қазақ эпосынан докторлық диссертация қорғаған Ә.Марғұлан ғылыми зерттеулерінде отандық тарих пен әдебиет, мәдениет пен өнері ажырағысыз тұтастықта кешенді қарастырылды. Осы бір ғажайып қасиеттер ғалым еңбектерінде үзілмес арқау, ортақ желі болып өріліп отырады. Тоталитарлық жүйедегі ұлттың терең тамырлы рухани мұрасын еуропацентристік қалыпта қарастырудағы таяз тұжырымдарға тойтарыс беріп, қалыпқа сыймаған кемел ойларымен әлеумет ой-санасын ұлтсыздандырудан сақтауда рух асқақтығын танытуда Алаш аманатындағы парызын атқарып өтті. Бұған бүгіндері де ғылыми мәні мен мағынасы жойқын еңбектерін тізбелемей-ақ бір-екі зерттеуіндегі терең ойға назар аударсақ, Марғұлан мұратының мәңгілік темірқазығындағы түркілік тамырымыз, Алаштық аңсарымызға жаңадан қан құйылады.

«О носителях древнего поэтического искусства казахского народа» (кітапта: М.О.Ауэзову. Сборник статей к его шестидесятилетию. — Алматы, 1960) зерттеуінде жырау тұлғасы, қоғамдық өмірдегі тұғырына қатысты құнды ғылыми тұжырымдар жасалса, «Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер... Қазақтың сал, серілік дәстүрі» еңбегіндегі ғылыми талдаудағы ой-өріс тереңдігіне иланамыз. Қазақтың сал, серілік дәстүрінің бастауын Түрік қағанатымен байланыстыру («Серілікті әдет қылған ойшы кісінің бірі — Иоллық тегін деген кісі. Ол өзі ғажайып аңшы, мерген, атты күтіп ұстайтын бапкер, сонымен қатар асқан ақын, жырау болған»), аталмыш өнер биік сатыға жеткен қазақ дәуіріндегі хандар тұлғасын айшықтау («Қазақ хандарының көбі өздерінің бабалары Жошы, Ордаежендердің серілік дәстүрін жалғастырған. Ең бірегейі — әз Жәнібек. Ол атақты аңшы, құладыңға қу ілдірген саятшы болып, ойын-сауықты көп қуып, ел-елді аралап, қалыңдық іздейді

екен». «Серілікті аса биік сатыға жеткізген Есімхан. Оның қамқа тоны, басындағы бөркі, аяғындағы қызыл етігі тегісімен алтынмен кестеленіп отырған», кейінгі кезеңдердегі сал-серілер шығармашылығындағы тұтас өнерпаздық қасиеттерді дәстүр ұласуымен бірлікте екшеуі соның айқын дәлелі. Ақан серінің көркемдік әлемін, эстетикалық тұғырын зерделеудегі пайымдары Мағжанның «Ақан сері» мақаласының стилін айқын аңғартады.

Әлкей Марғұланның «Қорқыт ата туралы» («Білім және еңбек». — 1982. — № 4), «Қорқыт туралы жазбалар» («Қ.Ә». — 1982. — 12 қараша), «О значении эпиграфических памятников Казахстана» («Қазақ ССР ҒА хабарлары. Филология сер. — 1983. — № 2), «Қорқыт ата өмірі мен әфсаналары туралы» («Жұлдыз». — 1983. — № 3), «Ең ескі дәуірдегі халықтың аңыздары» («Жұлдыз». — 1983. — № 5), «Тамғалы тас жазуы» («Жұлдыз». — 1984. — № 1), «Қазақ жазуының тарихынан» («Жұлдыз». — 1984. — № 8), «Арқадағы тас мүсіндер» («Білім және еңбек». — 1984. — № 9) ғылыми зерттеу мақалаларының маңызы зор. «Оқымыстының барлық күш-қуаты — ғұн, сақ, үйсін, қыпшақ, оғыз дәуірлерінің тарихына, көшпелілер мәдениетіне, археологиясына, көне аңыз, мифтерге, түркологияға, ескі қалалар құрылысына, архитектураға арнап, кеңес заманына қатысты мүлде қалам тартпаушы орыс отаршылдығына, коммунистік тоталитаризмге іштей қарсылық, ата-бабаларының бір кезде жасаған ұлы мемлекетіне, олардың азаттық-рухани салада тудырған ғажайып өркениетіне деген мауқы басылмаған мәңгілік махаббатынан туған қайсар да қастерлі құштарлық болатын» (Р.Нұрғали).

«Тамғалы тас жазуы», «Қазақ жазуының тарихынан» зерттеу мақалаларында халқымыздың бағзы дәуірлерден тамыр тартатын көне әдебиеті, мәдениетінің руханият әлеміндегі маңызы адамзат өркениетінің дамуындағы құндылығы тұрғысынан айқындалды. Ғалым қазақ жеріндегі сонау ғұн дәуірінен бастап ХІХ ғасырға дейінгі аралықтағы әдеби, мәдени, рухани өркендеу кезеңдеріндегі жазу тарихын құнды тарихи, этнографиялық, археологиялық деректер негізінде нақты мысалдармен зерделейді. «Қазақ сахарасын қоныстанған қазақ елі кешегі орыс әліппесін мирас еткенге дейін үш жазуды қолданып келді. Олар — ескі Таластан табылған Орхон-Енисей бойына тараған Орхон (V–IX ғғ.), соғдылықтар арқылы жеткен ұйғыр (IX–XV ғғ.) және арап әрпімен енген жазулар (XIV–XX ғғ.)» («Жұлдыз». — 1984. — № 8) деген пікірін дәлелдеуді мақсат еткен ғалым аталған жазулардың мән-маңызын ұлттық таным мен сана өркендеуі, кемелділік биігіне жетудегі руханият арналарының қайнар бұлақтары тұрғысынан саралайды. Біріншіден, Орхон, ұйғыр жазуларын көп заман бойы қолданған елдер — оғыздар, қыпшақтар, наймандар, керейлер, меркіттер, өңгіттер (уақ тайпасы) болғанын, Орхон жазуларын оғыз, қыпшақтар, ертедегі наймандар, керейлер жақсы меңгергенін, екіншіден, Сыр бойы, Таластағы қалаларда, қыстақтарда мектеп, медресе болғанын, олар негізінен араб жазуын үйренуге ден қойғанын, ондай үлгілі мектептер Ташкентте, Түркістанда, Сауранда, Сығанақта, Отырарда, Сайрамда, Шымкентте, Созақта ашылғанын байыптайды. Қашан да ғылыми принциптілікте ұлт мүддесін көздеген ғалым медреселер ашып, білім мен ізгілік қасиеттер дарытқан тұлғаларды тарихи шындыққа сай бағалайды. Әсіресе Қожа Ахмет Йассауи ұлағатын ашудағы тұжырымдары айрықша. Мысалы, «бұл медреселерді ашуға Қожа Ахмет Йассауидың ұрпақтары — Жұм Ахмед Ясау, Ғамал Хажы, Хож Ахмед ибн Ахмед Шашти, Мұхамед Бабаи (Баба-Ата) Абутираб Бахши, Абу Язит Бестаи, Гузи ора Маргушы (Маргуба) үлкен себепкер болған. Бұлардың барлығы Йассауидың адамгершілік, шындық, әділет сөздерін қадірлеп, бар өмірін білім, дүние тануға жұмсаған ғалымдар, халықты надандықта қалдырмай, ілгері бастыруға ұмтылған адамдар». Сол бір ілкі қасиеттің ұлы далада сақталу үрдісінің көрінісі ретінде Құнанбай мешітін, Шыңғыс Уәлиханов, Баянауылдағы Қамаридден, Торғай бойындағы Дулығалы мектептерін атайды. Ғалым бұл мектептер шын мәнінде халқымыздың біртуар перзенттері алғаш білім алған алтын ұя болғанын Абай, Шоқан, Ыбырай, Мәшһүр Жүсіп сынды тұлғалардың сонау көнеден басталған арналы бұлақтардан нәр алуы деп тұжырымдайды. Шыңғыс Уәлиханов, Құнанбай Өскенбайұлы, Анайұлы Мұса, Тәттімбет, Барақ батырлардың қаржысына Омбыдағы қазақ мектебінің ашылуы барысында ғалым атап өткеніндей «...бұлақ көзі ашылып, Шоқандар шықты». Ғалымның «Тамғалы тас» жазуы. Орта ғасырда қазақша тасқа бедерленген белгілер» мақаласының да әдеби-тарихи құндылығы ерекше. Қазақ жеріндегі көне мәдениеттің жарқын бір үлгісі ретінде кезінде осы өлкені мекендеген тайпалардың тас бетіне жазып қалдырған белгілерін, соның ішінде «Тамғалы тас» құпиясын аша отырып, «қазақ» сөзінің этнонимін, ұлт атауының «ХV ғасырдан бастап «Казакия» қазақ ұлысы болып, бұрынғы Дешті-Қыпшақтың орнына Қазақстан сөзі қолданыла бастады. Демек, «Тамғалы тастағы» жазу, таңбалардың көп түсуі тарихи дәуірдегі дәстүрлі істен туғанын» ғылыми негіздеп берді.

Сан қырлы ғалымның халқымыздың тарихы, археологиясы, этнографиясы, қолданбалы және сәулет өнерінен жазылған энциклопедиялық сипаттағы ғылыми еңбектері де рухани кемелденуімізге мәңгілік азық болып қалады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Марғұлан Ә. Алғашқы өрлеу / Кітапта: Біздің Мұхтар. — Алматы, 1976. — 131-б.
- 2 Ақ Орда. — 1993. — № 1.
- 3 Досжанов Д. Абақты. — Алматы, 1992. — 267-б.
- 4 Мұхаметқанұлы Қ. Шаһкәрім / Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. — Семей, 2007. — 69-б.
- 5 Марғұлан Ә. Жас Абайдың фотобейнесі // Қазақ әдебиеті. — 1970. — 2 қазан.
- 6 Марғұлан Ә. Ақын туған орта // Жұлдыз. — 1982. — № 4.

С.Б.Жумагулов

Алкей Хаканович Маргулан

В статье анализируются неповторимые грани научно-исследовательского творчества выдающегося казахского ученого-энциклопедиста, титана отечественной науки Алкея Хаканулы Маргулана. Отражаются новизна и актуальность научных исканий в литературоведении. Также рассматривается духовная преемственность казахской интеллигенции начала XX в.

S.B.Zhumagulov

Alkei Khakanuly Margulan

In the article it is analyzed unique sides of a research creativity of the outstanding Kazakh scientific encyclopedist, the titan of a domestic science of Alkei Hakanuly Margulana. It is reflected novelty and an urgency scientific search in literary criticisms of times binding a thread. As Alash is considered character traits of the scientist in aspect of communication with spiritual continuity the Kazakh intelligency of the beginning of the XX-th century.

ӘОЖ 82.0

С.Б.Жұмағұлов, С.Т.Жүнісов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Ұлттық әдебиеттанудағы фарабитану бастаулары

Мақалада ұлттық әдебиеттану ғылымындағы фарабитанудың қалыптасу жолдары жан-жақты қарастырылған. Қазақстан ғалымдарының әлемдік деңгейдегі ұлы ғалымның ауқымды ғылыми мұрасын зерттеу ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөлінген. Сонымен қатар ұлттық әдебиеттанудағы фарабитанудың бастауларына тән ғылыми бағыт анықталды.

Кілтті сөздер: фарабитану, ұлттық әдебиеттану, Әбунасыр әл Фараби, Ақжан Машани, А.Көбесов, XX ғасырдың 60–80-жылдары, Шығыс философтары, фарабитанушылар, Фараби мұрасы.

Қандай да болмасын халықтың ұлттық рухын сақтауда ұлы тұлғалары қорған болып келген және де бола бермек. Халқымызды отарлаудан кейінгі ұлтсыздандыру саясаты, ұлттық әдебиеттің тамырына балта шабу арқылы да көрініс тапты. Қылышынан қан тамған қызыл өкіметтің абсурдтық идеялары, бабалар мұрасы мен заңды мұрагерлерінің табысуына өз кесірін тигізбей қоймады. Алаштың маңдайалды марқасқа ұлдары, қанқұйлы өкіметтің қасабына ұшырамағанда, тек ұлттық әдебиеттану ғылымы ғана емес, барша қазақ ғылым-білімі ертерек қолға алынып ерекше екшелері сөзсіз еді.

Алаш арыстарының пешенесіне жазылмаған миссияны олардың рухтас ізбасарлары бастады. Сеңнің қозғалуына «жылымық жылдарының» әсері мол болғаны белгілі.

XX ғасырдың 60-жылдарында отандық ғалымдардың алдында жауапкершілігі мол үлкен міндет тұрды. Ол — ұлы ғұлама ғалым Әбунасыр әл-Фарабидің өмір тарихын, ғылымның сан-саласына арнаған баға жетпес еңбектерін тауып, зерттеп, жан-жақты саралап, насихаттап сол арқылы ұлттық әдебиеттануда үлкен бетбұрыс жасау болатын.

Тоталитарлық жүйе қысымындағы қазақ әдебиеттануының ғылыми-зерттеушілік өрісінің маркстік-лениндік әдіснама күштеп таңған қалыпты шеңбер аясынан шығып, тың бағытқа бет бұруындағы күрделі белес — жылымық кезең деп аталған 1956–1967 жылдар аралығы [1, 9]. Осы тұсқа дейін қыспақ пен қиянат атаулының бәрін басынан кешірген ұлттық әдебиеттану ғылымы жылымық кезеңінде жіті қимылдап, ұлттық құндылықтарды ұлықтау ісіне бел шеше кірісті.

Адамзат өркениетіндегі қазақ руханиятының биік тұғырын айқындау мен бекітудегі 1960 жылдар басындағы фарабитануда жасалған игі қадам жаңа өреге көтеріле түсті [1, 155].

Ұлттық әдебиеттану ғылымындағы фарабитану ілімінің негізін қалаушылардың көшбасында ғұлама ғалым Ақжан Машанидың тұрары даусыз. Ұлы ұстаздың өмірі мен шығармашылығын зерттеуде Ақжан Машани табандылық танытып, осы ұлағатты іске қырық жыл ғұмырын арнады. А.Машани әл-Фараби есімін алғаш рет 1943 жылы Чехия Ғылым академиясының президенті, соғыс жылдары Алматыға ығысып келген Шығыс ғылыми мұрасын зерттеуші, білікті ғалым Э.Кольманнан естиді. Ол «Орта ғасыр ғылымы туралы» баяндамасында, Еуропа ғылымы Орта ғасырдағы шығыс, араб елдерінен бастау алғанын айта келіп, әл-Бируни, әл-Хорезми, Насыреддин-Туси, Ұлықбектерді ауызға алғанда, олардан бұрынғы осынау ұлылар ұстаз тұтатын әл-Фараби есімін ерекше атаған-ды.

Бұл жағдай Ақжан Машаниді елең еткізді. Орта Азия ғұламалары қатарында кезіктірмеген соны есім ғой бұл. Рас, бұл есімді естігені бар-ды. Мағжанның «Түркістан» поэмасында:

Түркінің кім білмейді мол мұрасын,

Фараби тоғыз шекті домбрасын, —

деп келетін сиқырлы жолдары бар-тын. «Фараб — Отырар шаһарының ежелгі атауы. Демек Әбу Насыр әл-Фарабидің қазақ халқының перзенті болуы әбден мүмкін. Осы ой А.Машаниді ұлы жаңалықтарға жетеледі. Әл-Фараби еңбектерін алыс-жақын шетелдерден іздеп ғұламаның көптеген мұраларына қол жеткізді.

«Ташкенттен ештеңе таппаған ғалым Азия және Мұсылман қауымдастығының бас мүфтиі, араб тіліне жетік Зиалиддин Бабаханның айтуымен Уфа, Қазан медресе-мешіттерінен баба еңбектерін іздейді. Ғалия медресесінен әл-Фарабидің үш кітабын бірден табады», — дейді профессор Ш.Әбдіраман.

Сөйтіп, Машанидің қолында 1958–1961 жылдары әл-Фарабидің оншақты шығармасы және оның еңбегін зерттеушілердің дүниелері болып еді. Осы орайда Ақжан Машанидің сол кездегі Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті, академик Қ.Сәтбаевқа жазған анықтама-өтініші де әл-Фараби мұрасын зерттеу кезеңінен мағлұмат беретін қызықты тарихи құнды құжат. Хат мазмұны мынадай: «Отырар — Фараб (Түркістан мен Арыс) қаласында руы қыпшақ түркі отбасында дүниеге келген ұлы ғалым әл-Фарабидің қазақ тумасы екені өзіңізге мәлім.

Әл Фарабидің математика, астрономия, география, геология, философия, медицина, музыка тәрізді ғылым мен өнер салаларына арнаған еңбектері жүзден асады.

Бірақ, өкінішке қарай, КСРО-дан оның бірде-бір еңбегін таба алмадық. Көптен бергі ізденістеріміздің барысында біз жуырда кітапханааралық абоненті бойынша Лейденнен (Голландия) үш кітап алдық. Оның ішіндегі екеуі араб тіліндегі әл-Фарабидің өз еңбегі:

1) «Рисала фисус аль-Хахим» («Ғылым маржаны»);

2) «Рисала... аль-Мадина... аль-Фабила» («Қала үлгісі»).

Осы кітаптар (1890–1895) профессор Джетерецтің неміс тіліндегі алғы сөзімен шыққан.

Ал үшіншісі — профессор Брунеллдің неміс тіліндегі екі жүз беттік «Әл-Фараби бойынша мемлекетті басқару» (1904) кітабы. Осы үш кітаптың да ғылыми мәні өте жоғары. Сондықтан оларды фотосуретке және микрофильмге түсірдік және оларды қазақ, орыс тіліне аудару қажет. Сізден осы жұмысты кітапхана арқылы қаржыландыруға нұсқау беруіңізді өтінеміз.

ҚазССР ҒА корр. мүшесі
ҚазССР ҒА ОФК директоры

А.Ж.Машанов
Н.Б.Ахметова
15. XI. 1961 ж.» [2, 21].

Айта кетерлігі, Қ.И.Сәтбаев өтініш түскен күні «Келісемін, жүзеге асырылсын!» деп бұрыштама соғап берген екен. Сонымен қатар Қазақстанда фарабитанудың өркендеп-өрістеуіне ұлт көсемі Д.А.Қонаев пен академик Б.Г.Ғафуров оң ықпал етіп, үлкен қамқорлық танытты.

1961 жылғы Ұлттық ғылым академиясының хабаршысы № 5 санындағы мәліметіне сүйенсек, аталмыш уақытта әл-Фараби хақында ауыз толтырып айтарлық дүниелердің әлі жарыққа шыға қоймағандығына көз жеткіземіз.

«Фарабидің ізімен іс қылған Әбу Әли Сина, әл-Бируни сияқты ғалымдардың еңбегі көптеген том болып шығып отыр. Олар туралы өзбек, тәжік ғалымдары көптеген еңбектер жазды. Фараби жөнінде ондай ешнәрсе жоқ.

Екінші жағынан, Фарабидің туған жері Отырар қаласы Шыңғыстың жорығында қиратылған болса, әлі сол қалпында жатыр. Үстіміздегі жылдан бастап қазба жұмыстарын жүргізу, ескі мұраны зерттеу істері басталмақ. Үшіншіден, дүние жүзіне аты әйгілі ғалым Фарабидің мұрасын зерттеу біздің зор міндетіміз. Енді бірнеше жылдан кейін ұлы ұстаздың туғанына 1100 жыл толады. Соған қарсы осы істер жедел қолға алынғаны жөн» [2, 25].

Бұл кезеңде шығыс философтары «Ал муаллим ас-сани» — екінші ұстаз деп атаған Әбу Насыр әл-Фараби сынды ғұламаның жүріп өткен жолдары мен соңына қалдырған мол мұрасы қызу зерттелу үстінде болатын.

Қазақстанда фарабитанудың өркендеп өрістеуіне ұлт көсемі Д.А.Қонаев пен академик Б.Г.Ғафуров оң ықпал етіп, үлкен қамқорлық танытты.

Бұл тұса түркі дүниесінің құндылықтарын меншіктеп, иеленіп алудан алдына жан салмайтын өзбек ағайындар, Фарабиге келгенде де үнсіз қалмады. Ол әңгімені Машани әл-Бирунидің 1000 жылдық мерейтойы кезінде естиді. «Ақжан-ақа, әл-Фараби заманында қазақ-өзбек еншісі бөлінбеген ел еді ғой, енді оны қазақ тумасы деп бөле тартпай-ақ, өзбек халқына да ортақтастыра бермейміз бе?» — дегендерге Машанов: «Түркі тумаларын бөліп жару қазақтан басталған жоқ-тын. Науаи, әл-Бируни, әл-Хорезми туған кездерде де қазақ-өзбек еншісі ортақ емес пе еді? Қазақ жері Отырарда туған әл-Фарабиді ортақ еткілеріңіз келсе, онда өздеріңіз жеріне қарай еншілеп алған өзге даналарды да ортақтастырайық», — деп сұңғылалық танытады.

Қазақ КСР Ғылым академиясының жанынан 1968 жылы құрылған фарабитану тобы атқарған кемел істер арнасы ұлы ғалымның 1100 жылдығының қарсаңында мейлінше өрістеді. Қазақ ғалымдары ұлы ойшылдың мұрасын насихаттау, зерттеу ісінде мейлінше қажыр-қайрат, парасат танытты. Мәселен, 1969 жылы Сирия-Ливан сапарын жасаған А.Машанов Дамаскідегі Баб ас-Сағир зиратында жерленген ұлы ғұламаның зиратын тауып, сан ұрпақтың өтелмеген парызын орындап қайтты [3].

А.Көбесовтың «Біздің ұлы жерлесіміз — Әбу Насыр әл-Фараби», «Орта ғасырдағы қазақ ғалымдары» мақалаларында, Б.Ысқақовтың құрастыруындағы «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX–XIX ғасырлар)» (1964) жинаққа енген зерттеулерде де көне түркі рухани жәдігерліктеріне қазақ әдебиетінің тікелей сабақтастығы зерделенді. Мәселен, аталған жинақтағы ғылыми-танымдық мақалаларда Орта Азия мен Қазақстанның IX–XIX ғасырлардағы әлемдік деңгейдегі ғұламаларының адамзат ғылым-білімін жаңа биікке көтерудегі тарихи қызметі қарастырылды. Атап айтқанда, жоғарыда келтірілген әл-Фарабиге қатысты А.Машановтың, сонымен қатар Мұхаммед Хайдар Дулати туралы Ә.Марғұланның, Қадырғали Жалайыри жайлы Қ.Жүнісбаевтың құнды деректерге толы мақалалары ұлтымыздың рухани әлемінде өшпес із қалдырған тарихи тұлғаларға қатысты жаңа беттерді ашты.

Қазақ ғалымдары ұлы ойшылдың мұрасын насихаттау, зерттеу ісінде мейлінше қажыр-қайрат, парасат танытты. Мәселен, А.Көбесов «Фарабидің қазақ жерінде туып, өмір сүрген ғалым екенін қатты ескеруге тиістіміз. Оның ғылым мен өнерде көтерілген биігі, асқан ойшылдығы, қазақ халқының ертедегі рухани күші мен қабілетінің жалт еткен көрінісі деп орынды мақтаныш етеміз» деген сындарлы пікір білдірген еді.

Фарабитанудағы күрделі еңбектерде ғалымның сан алуан тақырыптардағы мұрасы кеңінен қамтылып, қазақ руханиятымен тығыз бірлікте зерделенеді. Мәселен, А.Машановтың тарихи деректі еңбегінде ғұлама мұрасы, өміріне қатысты тың деректер берілсе, А.Көбесов зерттеуінде даңқты бабамыздың сан-салалы ғылыми ілімі Пифагор, Аристотель, Эвклид, Птоломей, әл-Кинди, Бэкон, өзге де ұлы тұлғалардың еңбектерімен байланыста талданып, әлемдік деңгейдегі маңызы қарастырылды.

Қазақ руханиятының адамзат өркениетіндегі өзіндік тұғырын танытатын фарабитану А.Көбесовтың «Фараби және фарабитану жайлы сөз» («Қ.Ә». — 1968. — 25 мамыр), «Фарабидің

энциклопедиясы» («Білім және еңбек». — 1969. — № 5), «Фараби — көрнекті педагог» («Қазақстан мектебі». — 1970. — № 11), «Фараби мұраларының көздері» («Қ.Ә». — 1972. — 7 сәуір), «Фараби-Диуани-Абай», («Қ.Ә». — 1973. — 6 шілде) Ә.Қоңыратбаевтың «Әбу Насыр әл-Фараби» («Ленин жолы». — 1970. — 16 маус.), «Фараби философиясы туралы бірер сөз» («Лениншіл жас». — 1970. — 23 қырк.), «Фараби және Орта Азия мәдениеті» («Ленин жолы». — 1973. — 22 ақп.), Н.Өсеровтің «Ұлы ғалым мұрасы хақында» («Қ.Ә». — 1970. — 18 қырк., М.Жұмахановтың «Әл-Фарабидің қолжазбасы» («Қ.Ә». — 1971. — 20 тамыз), Қ.Аманкелдиевтің «Мол мұра» («Қ.Ә». — 1971. — 19 қырк.), Н.Төреқұловтың «Мол мұраны игерсек» («Қ.Ә». — 1972. — 4 тамыз), «Ғұлама поэтикасы» («Жұлдыз». — 1975. — № 9), А.Машановтың «Екінші Аристотель» («Жұлдыз». — 1973. — № 9), М.Мырзахметовтың «Ғасырлардан ғасырларға даңқы ұласқан ақыл-ой алыптары» («Қ.Ә». — 1973. — 7 қырк.), Қ.Жарықбаевтың «Әл-Фараби — шығыс психологиясының негізін салушы» («Жұлдыз». — 1973. — № 9), Ә.Жиреншиннің «Фараб ғұламалары» («Қ.Ә». — 1974. — 2 тамыз), Р.Бердібаевтың «Ұлы ойшыл туған жерде» («Қ.Ә». — 1975. — 5 қырк.), А.Нүсіпбековтің «Ғұламаның туған жерге оралуы» мақалаларымен іргесін бекіте түссе, оған Одақ ғалымдарынан Б.Ғафуров «Қымбат мұра», И.Брагинский «Әл-Фарабидің әлеуметтік утопиясы» мақалаларымен ат салысты. Ал қазақтың тұңғыш Ұлттық энциклопедиясының I-томында (1971) ғұлама өмірі, сан салалы ғылыми мұрасы алғаш жүйелі қамтылса, әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» А.Көбесов («Лениншіл жас». — 1970. — № 147–151), 1944 жылы Бейрутта шыққан араб әдебиетшісі, ғалымы Махмуд Аббастың еңбегінде келтірілген Фараби өлеңдері *тұңғыш рет* ана тілімізде А.Нысаналин аудармасымен берілді («Қ.Ә». — 1971. — 7 мамыр). Баба мұрасы қазақ тілінде былай сөйлейді:

*Қашықтасың туған жер-қалың елім,
Небір жүйрік болдырып жарау деген,
Шаршадым мен, қанатым талды менің,
Шаңғыт жолға сарылып қарауменен.*

*Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.*

*Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке күллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп, түңіледі.*

Ә.Дербісәлі фарабитанушылар тарапынан жоғалған деп жорамалданған ғұламаның «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактатын» жариялады («Лениншіл жас». — 1973. — 20 маус.).

Алматыда Қазақ КСР Ғылым академиясы ғалымдары мен Азия-Африка елдері жазушыларының V конференциясына қатысушылардың мәжілісі (1973. — 9 қырк.) әл-Фарабиді еске түсіруге арналды. Онда академик Б.Ғафуров «Әл-Фараби дәуіріндегі Қазақстан мен Орта Азия халықтары» тақырыбындағы баяндамасында философтың көптеген шығармалары тұңғыш рет Қазақстанда аударылып, қазіргі уақытта Алматы Фарабитанудың басты орталығына айналғанын айрықша атап («Қ.Ә». — 1973. — 14 қырк.), қазақ ғалымдарының фарабитанудағы еңбектерін жоғары бағалады. Шындығында әл-Фарабидің қазақ, орыс тілдерінде «Математические трактаты», «Философские трактаты», «Логические трактаты», «Әлеуметтік-этникалық трактаттары» (1972–1975) жарық көруі ұлы ойшыл мұрасын барынша рухани өмірге сіңірудегі тың серпін берсе, 1975 жылы 11–13 қыркүйек аралығында Алматыда ЮНЕСКО көлемінде «Әл-Фараби және Шығыс елдері ғылымы мен мәдениетінің дамуы» тақырыбында ғылыми конференция өткізілді. Соның барысында дүние жүзі ғалымдары «әл-Фарабидің мұрагері шын мағынасында қазақ халқы екенін білді» (А.Машани).

Ұлы тұлғаның адамзат өркениеті мен ұлт руханиятында алатын орны А.Машановтың «Әл-Фараби» (1970), А.Көбесовтың «Әл-Фараби» (1971), Х.Сүйіншәлиевтің «Әл-Фараби — әдебиетші» (1975), Н.Төреқұловтың «Әл-Фарабидің әдеби мұрасы» (1975), М.Бурабаевтың «Аль-Фараби и разные науки и культуры стран Востока» (1975), А.Қасымжановтың Б.Ғафуровпен бірігіп жазған «Аль-Фараби в истории культуры» (1975), С.Сатыбекованың «Гуманизм Аль-Фараби» (1975), А.Таукелеев, Ғ.Сапарғалиевтің «Государственно-правовые взгляды Аль-Фараби» (1976),

Қ.Жарықбаевтың «Әл-Фараби. Библиографиялық көрсеткіш» (1977), Ә.Дербісәлінің «Әл-Фарабидің эстетикасы» (1980), А.Қасымжановтың «Абу Насыр аль-Фараби» (1982) еңбектері арқылы терең зерттеліп, Қазақстандағы соны ілімнің ғылыми негізін бекітті. Ж.Әбділдиннің редакциясымен «Әл-Фарабидің әлеуметтік, этикалық және эстетикалық көзқарасы» (1984) атты зерттеулер жинағы шықты.

Қ.Жарықбаевтың отандық фарабитанудағы тұңғыш библиографиялық еңбегінде ғұлама ғалым туралы 1885–1977 жылдар аралығында КСРО, яғни Қазақстанда, жарияланған жеті жүзге жуық, соның ішінде қазақ тіліндегі үш жүзден астам еңбек қамтылды. Ә.Дербісәлінің «Шыңырау бұлақтар» атты еңбегінде араб, парсы және түркі әдебиеттерінің көне дәстүрлі әдеби байланысының рухани, мәдени арналары тың деректер негізінде алғаш рет жүйелі зерттеу нысанына айналды. «Бұл кітап өзінің тақырыбы, көтерген мәселелері, көрсеткен деректерімен де ерекшеленетін туған әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тарихында мүлде жаңа өріс, жаңа бағыт ашқан еңбек» деп бағалаған Ә.Марғұлан пікірі тұрғысынан келгенде, еңбектің жаңашылдық қыры айқын танылады. Бұл ретте араб әдебиетінің қайнар бастауы іспеттес бәдәуилер поэзиясымен қазақ шайырларының кейбір ортақ сипатының шығармашылық жаңғырықтарын қарастыру осы тақырыптарды барлау десек, әл-Фараби өміріне қатысты дерек көздері де соны ғылыми тұжырымдарымен құнды.

Фарабитанудағы күрделі еңбектерде ұлы ғалымның сан-салалы мұрасы қамтылып, қазақ руханиятымен тығыз бірлікте зерделенді. Мәселен, А.Машановтың тарихи деректі еңбегінде ұлы ғалым мұрасы, өміріне қатысты тың деректер берілсе, А.Көбесов зерттеуінде даңқты бабамыздың сан-салалы ғылыми ілімі Пифагор, Аристотель, Евклид, Птолемей, әл-Кинди, Бэкон өзге де ұлы тұлғалардың еңбектерімен байланыста алынып, әлемдік деңгейдегі маңызы қарастырылды. Ұлы ғұламаның педагогикалық жетістіктері, идеялары кейінгі ғасырларда Шығыс пен Батыстың көптеген көрнекті оқымысты педагогтары мен халық педагогикасы өкілдеріне аса зор игілікті ықпал жасағаны анықталып отыр. Олардың ішінде әл-Бируни, Ибн Сина, Омар Хайям, Насыреддин Туси, Ұлықбек, Әлішер Науаи, Әбдірахман Жами, Роджер Бэкон, Моисей Маймони Ибн Рошд, Жалалиддин Диуани, Абай, тағы басқа ғалым-ағартушылар бар [4].

Фарабидың ұстаздары, Фарабиге дейінгі араб ғылымы, ғұлама мұрасы, ғылым жасау әдісі, энциклопедиясы, Фараби және музыка, Фараби шәкірттері, Фараби және еуропа ғылымы сынды күрделі тақырыптар кеңінен талданған еңбекте Отырар шаһарынан Ғаббас Жауһари, Ысқақ Фараби, Ысмаил Жауһари, Ахмет Фараби сынды көптеген ғалымдар шыққаны анықталды.

Фарабитанудағы жемісті қадамдар қазақ халқына ортақ көне әдебиет нұсқаларын, ежелгі жәдігерлерді де түркітану мәселелерімен тығыз сабақтастықта зерттеу бағытындағы ізденістердің ғылыми және әдіснамалық негізіне айналып, барынша ұштала түсті [1; 157].

Қорыта айтқанда, бүгіндері отандық ғылымның іргелі іліміне айналған фарабитану күрделі белестерден өтті. Ұлы ғұламаның тікелей мұрагері қазақ халқы болып табылатынын дәлелдеуде шешуші қадамдар XX ғасырдың 60–80-жылдары жасалған, фарабитануды кейіндері жаңа биікке шығаруда әдебиетші-ғалымдар айрықша үлес қосты. Қазақ жерінің ұлы перзенттерінің бірі Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың асыл мұралары, ұлтымыздың бай рухани әлемін одан әрі асқақтата түсті.

Фарабитану ілімі отандық ғылымның қандай да болмасын саласының басты өзегі болуы керек деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жұмағұлов С. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956–1991 жж.): Моногр. — Қарағанды: «Гласир» ЖШС, 2008.
- 2 Ақжан әл-Машани. Әл-Фараби көпірі. — Алматы: «Алатау» баспасы, 2005.
- 3 Машанов А. Тоғыз жолдың торабында. — 2-т. Фараби зираты // Қазақ әдебиеті. — 1969. — 18 қаңт. — 2-б.
- 4 Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. — Алматы: Санат, 2002. — 165-б.

С.Б.Жумагулов, С.Т.Жунисов

Пути становления фарабиеведения в национальной литературоведческой науке

В статье всесторонне рассматриваются пути становления фарабиеведения в национальной литературоведческой науке. Особое внимание уделяется особенностям исследований казахстанских ученых относительно огромного научного наследия великого ученого мирового масштаба. Также определяется научное направление истоков фарабиеведения в национальном литературоведении.

S.B.Zhumagulov, S.T.Zhuniso

Ways of the formation of farabi studies in the national literary studies

The article devotes ways of research of farabiknow science appearing in national literature science. There are researches of Kazakhstan's scientists about works of great scientist on world status have been asked. So scientific course, which like to farabiknow science appearing in national literature have been shown.

ЭОЖ 82(091):821.512.122

С.Б.Жұмағұлов, Д.Жолданова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Хандық дәуір әдебиетіндегі жырау тұлғасы

Мақалада көркем-эстетикалық хандық дәуір әдебиетіндегі жырау бейнесін дамытуды зерттеуге арналған ғылыми-зерттеушілік идеялар қарастырылды. Әдеби-теориялық анықтамаларды қарастыратын, жырау бейнесінің көркем сипатын нақтылайтын зерттеу еңбектері талданды.

Кілтті сөздер: хандық дәуір әдебиеті, жырау тұлғасы, жыраулар поэзиясы, жыраулық мектеп, XV–XVIII ғасырлар, Қазтуған, жыршы, авторлық ауыз әдебиеті.

Тарих қашан да өз перзенттерінің құнды мұраларымен қымбат, әрі барлық кезеңдердің сарапшысы. Ерлігімен еркіндікке құштар күрестерге, батырлығы мен бостандық дегенде жан салмайтын байламдарға, шешендер мен ел тағдырын шешетін сәтте ақыл-парасатымен, дана-сәуегейлігімен өмір шындығын толғап жеткізуші жырауларға толы әдебиетіміз бүгінгі күнге өз жемісін жеткізіп отыр.

Тарих толқынында қазақ әдебиеті үшін жарқын белестерге толы бір кезең — XV–XVIII ғасыр әдебиеті. Алтын Орданың ыдырауымен ноғай, қазақ дербестігін алып бөлініп шықты. Ақ Орданың жеке мемлекет болып қалыптаса басталу тарихында да заман өз қиындығын кездестірді. Бірінші орынға елдікті, қазақ ұлтының біртұтастығын мақсат еткен хандармен бірге, елді басып-жаншуға, өзге елдермен қазына үшін соғыстырып, ел берекесін кетіруге, халықты қалың тобыр деп қана түсінетін қатігез кейбір ел билеушілері де кездесті. Осы бір аға мен іні хандық үшін жауласып, әке мен бала билік үшін араздасып, хан тағы үшін бала әкесін, іні ағасын жұтқызып жіберіп жатқан, хандар билігі жиі-жиі ауысып, ел басына біркелкі заман орнату қиынға соққан кезеңдерде ел қамы үшін, ұлт жаны үшін тарих төріне әдебиеттің бірегей өкілдері жыраулар келген еді.

Көне түркі дәуірінен кейін, XV ғасырдан бастап қазақ ұлтының атымен аталатын төл әдебиеті алға өрлеп, ән-күймен қатар түрлі өнер саласы қайта жанданды. Осы бір кезде тарих тұғырында да, әдебиет әлемінде де елеулі орны бар жыраулар поэзиясы сөз өнерінде өз тұғырын айқындауға батыл қадам жасады. Егер халық «Өнер алды — қызыл тіл» деп есептесе, сол тіл өнерін жете меңгерген, аузын ашса болды көмекейінен күмбірлеп жыр құйыла жөнелетін дарынның жұрт алдында зор беделге ие болуы — заңды құбылыс. Сөз өнерін тек қазақтар ғана емес, қазақ сияқты көшпенді халықтардың барлығының да аса жоғары бағалап, өздерінің ақын-жырауларына бас игенін көреміз. Бұл жайында араб әдебиетінің тарихын жазған профессор Ханна аль-Фахури: «Басқа жұрттың сөзінен

гөрі, ақынның сөзі өтімдірек келетін; кейде оның беделі мен билігі, тіпті ру көсемдігінен де артық болатын», — дейді (Ханна аль-Фахури. История арабской литературы. — Т. 1. — 1959. — С. 51, 52).

Көшпенділер арасында тіл өнерінің қадірлігі сондай, сөз зергерлері кейде шыққан тегіне қарамастан, үлкен әлеуметтік сатыға көтерілетін болған. Араб классикалық поэзиясының даңқты перзенттерінің бірі — Антара (525–615) сүйегі құл, тәні қоңырқай түсті екендігіне қарамастан, өз руының көсемі қызметін атқарған исламға дейінгі араб ақындарының көпшілігі-ақ билеушілер тобынан шығып отырған. Өз әміршілері алдында үлкен беделі болған Шалкиіз, Жиембет сияқты жыраулар да дала феодалдары тобынан. Алайда олар өзінің хан алдындағы, халық алдындағы құрметіне шыққан тегімен емес, құдіретті сөзінің күшімен жеткен [1].

Жырау — классикалық қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Әдебиетте де, тарихта да маңызды орын алар бірегей тұлға. Әлкей Марғұлан атап өткеніндей, жырау рубасы ақсақал, халықтың көкейкесті арманының мұңшысы, жыршысы ретінде өте қажетті тұстарда ғана болмаса, суырып салып жыр тудыра бермеген. Ел құрметіне бөленген жырауларға жұрт болашағына қауіп төніп, қалың бұқара жол таба алмай тығырыққа тығылған екіталай ауыр сағаттарда ғана ақыл салып, кеңес сұрайтын сипатқа ие жойқын өнер иесі [2]. Өз жанынан суырып шығарып жырлайтын жыраулар XV ғасырда ғана туа салған жоқ. Жырау тұлғасының көркемдік дәстүр арнасындағы тамыры тарих тереңінде. «Сәугейлік, батагөйшілдік, түс көру, ырым айту, табиғат құбылыстарына т.б. жайларға қарай болжам жасау, абыздың бір міндеттерін атқару — көне дәуір жырауларына тән қасиет» [1, 119]. Иә, жыраулық мектептің түпнегізі ұлы дала абыздарынан басталады. Ел ертеңі жайлы болжам жасап, данышпандығымен дараланып жүрген жыраулар хан сарайында отырып, алдағы болар қауіп-қатерді болжап отырды. Хандардың түсін жорып, халық арасындағы қарым-қатынастардың қалай бағыт алатынын болжап, оны жыр жолдарымен жеткізіп, абыздық дәстүрді әдебиетпен байланыстыра дамытты. «...жырау — өз руластарының ақылшысы, көсемі. Көпті көрген көне қалт айтпайды, сондықтан оның сөзі, берген кеңесі жерде қалмайды. Өз сөзінің құдіретін білген жырау жай ақылшы ретінде ғана емес, әмірші ретінде де сөйлейді. Жыраудың хан алдында осыншама ықпалды болуы халық арманынан туған жай аңыз емес; бұған дәлел ретінде арыдағы Шалкиіз, Жиембеттерді былай қойғанда, күні кеше өткен Бұқардың өзінің Абылай алдында қандай бедел, құрметпен пайдаланылғанын еске түсіру жеткілікті» [3], — дейді М.Мағауин.

Қазақ әдебиетінің тарихынан орын алып мұрасы ұлт руханиятының игілігіне айналған жыраулармен қатар есімі ел аузында сақталып, аңызға айналып жүрген жыраулар да өте көп. Дегенмен оларды зерттеудегі бір қиындық, біріншіден, жыраулар шығармаларының ауызша таралып, бүгінгі кезге ауыздан ауызға таралу арқылы жеткендігінде, екіншіден, «авторлық ауыз әдебиеті» деген ұғымның нақты ғылыми негізделуіндегі қиындықта болса керек. Осыған байланысты С.Қасқабасовтың «Жалпы, қазақтың сөз өнерін фольклор деп бір бөліп аламыз да, авторлық ауыз әдебиеті деп үлкен екі салаға айырып жібереміз. Жазба әдебиет өз алдына. Авторлық ауыз әдебиеті дегеніміз — баяғы Сыпыра жыраулардан бастап кешегі Жамбыл, Нұрпейістерге дейінгі, өлең жырларын ауызша таратқан ақын-жыраулардың шығармашылығы. Авторлық ауыз әдебиеті деп аталады. Бұл — жаңа ұстаным» деген сөзі бар [4].

Жыр және жыраулар туралы деректер М.Қашқаридің «Диуани-лугат-ат түрк» еңбегінде кездеседі. Оның еңбегінде Шөже жырау (XI ғ.) туралы сөз болады. Онда Шөже жырау әрі көп жыр білетін жыршы екендігі жайлы айтылады. Сонымен қатар Қорқыт (IX ғ.), Сыпыра жырау (XIV ғ.) есімдері арқылы біз жыраулық поэзияның тамыры әріде жатқандығын білеміз. Дегенмен XV–XVII ғасырлар жыраулар поэзиясының дамып, жетіліп кемелденген шағы болып табылады.

XV–XVIII ғасырларда жасалған әдебиет ел мүддесін, жұрт мақсатын алдыңғы орынға қойды. Бұл кезеңдегі жыраулар поэзиясы әдебиетте өзіндік түр тауып, ұлттық сипатта қалыптасты. Қазақ елінің ұлттық болмысын, ерекшелігін саралап көрсетіп, тарихын, салт-санасын, дәстүрін таңбалайтын келер ұрпаққа тәрбиелік өредегі ұлы туындылар қалдырды. Осы кезеңдегі жыраулар тобынан Қазтуған мен Доспамбет шығармаларын алып қарасак, бұларда кір жуып, кіндік кескен атамекен мен туған елге деген махаббат, отаншылдық сезімдер үлкен серпінмен сипатталады. Жыраулар, көбінесе, кешегі мен бүгінгі өмірді, өз басынан кешкен әр алуан ерлік пен қиыншылық сәттерді өзара салыстыру арқылы ой екшегенде, олардың ел мен жерге деген әлгіндей сүйіспеншілігі де нақтылық мәнге ие болып отырады. Айталық, Қазтуған өзінің «Алаң да алаң, алаң жұрт» атты белгілі толғауында атасы Сүйеніш пен анасы Бозтуғанның бірі күйеу, бірі келін боп түскен құтты қонысы — айдынды Еділін еске алып, тебірене толғайды. Бұл — өз елін, өз жерін беріле сүюдің әдемі үлгісі деуге тұрарлықтай асқақ жыр [5].

XV–XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы қазақ жерін қоныстанған ежелгі тайпалар туғызған бай рухани қазынадан нәр алды, ежелгі дәстүрлерді дамыту, тың тақырыптар игеру, жаңа мазмұн қалыптастыру нәтижесінде қанат жайды. Діни, тәрбиелік, қоғамдық, әлеуметтік, ерлік пен ездік, қарыз бен парыз, о дүние мен бұ дүние, тағы басқа жайындағы философиялық туындылар жыраулар поэзиясының терең дүниетанымдық сипаты болды. Жыраулық поэзияның алғашқы өкілдерінің бірі деп Сыпыра жырау Сұрғылтайұлы болса, кейінгі өкілдері Асан Қайғы (Хасан), Қазтуған Сүйенішұлы, Доспамбет жырау, Тіленішұлы Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа жыраулар болды. Олар жаңа әдеби салаларды қалыптастырушылар ғана емес, көне мұраны жалғастырушылар болып табылады. Олар шығарған әдебиет үлгілері — негізінен заман, қоғам, өмір жайлы ойлы сырлы толғаулар, ақыл-өсиет түріндегі шешендік сөздер, мақал тақілетті, тұспал-дидактикалық термелер, сондай-ақ елді жеңіске бастаған батырлардың көзсіз ерлігін жырлаған. Ерлік эпосы, ел қожаларын дәріптейтін мадақ жырлар, қайғылы қазаға байланысты азалы сөз, естірту, жоқтау немесе қара қылды қақ жарған әділ қазы, я болмаса табан асты тапжылмастан сөз бастап, терең оймен жұртты ұйытқан ақыл иелерін қошамет тұтар арнаулар болатын.

Жаугершілік заманда жырау жауынгер болуға да тиіс. Бұл жайт жыраулар шығармашылығында үлкен із қалдырды. Жырау туындылары, әдетте, өршіл романтизмге, азаматтық пафосқа толы келеді. Жырау аузынан шыққан жырлар өзінің сыртқы формасымен де, ішкі мазмұнымен де көбіне-ақ ұран іспеттес. Сондықтан да жыраулық поэзия — белгілі дәрежеде жаугершілік поэзиясы [6].

Өзі де жорықтарға қатынасып отырған, кейде, тіпті батыр, қолбасы да болған жыраулар әскери тұрмысқа қатысты сан алуан жырлар туғызуға тиіс еді. Біздің заманымызға жеткен бұл тақырыптағы шығармалар батырдың өзіне, атына, қаруына мадақ немесе жауынгерлерді ерлікке, жаудан тайсалмауға шақырған өр ұран, иә болмаса қайрау бермеген қара қанжардай қайтпас ерлерді мадақтау, қаза болған батырларды жоқтау түрінде келеді. Жауынгер ретінде жорықтарға қатысу жырау репертуарын одан ары байытты. Ескіден қалған мұра — қаһармандық жырларды туғызушылар — жыраулар болып есептеледі.

«Қазақтың белгілі батырлар жырын ең әуелі Жиёмбет, Шалкиіз, Сыпыра жыраулар шығарып таратса керек. Нұрпейіс Байғанин де, Мұрын жырау да өздері жырлап берген батырлар жыры алты-жеті атаға дейін жыраудан жырау үйреніп тарағандығын және желілі жырларды ақындардан емес, жыраулардан үйренгендігін айтады» [7], — дейді әдебиетші Е.Исмаилов.

Жыраулар шығармашылығындағы көшпенділер дүниетанымы, сұлулық әлемі, өршіл де намысты және алдаспандай өткір қайсарлық болмысы толғау жанрының табиғатына, поэтикасына тән лиризм мен психологизмді айшықты ашу әдеби-эстетикалық талдаулар арқылы тұжырымдалды. Ол елдік үшін ерлік деп білген жыраулар тұлғасын, мұрасының поэтикалық қуатын тануға мүмкіндік берді. Ең бастысы, жыраулар мұрасындағы көркем шежіре халыққа Өз-Жәнібек, Тәуекел, Абылай, Есімхан сынды хандардың, Бөгембай, Қабанбайдай батырлардың ұлтқа ұйытқы, елге тұтқа болған тарихи тұлғаларын танытты [8].

Әдебиеттанудағы осындай кемел зерттеу, іргелі жинақ барысында «Жыраулар поэзиясы — XV–XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы біздің ұлтымыздың, мәдениетіміздің тарихындағы айрықша бір құбылыс деп айтар едім. Өйткені мұндай биік өредегі көркемдік, мұндай ой жүйесі, мұндай ақындық шеберлік, ақындық рухтың шалкуы өте сирек кездесетін құбылыс» [9] болып табылатынын дәлелдей отырып қазақ рухына сіңірді.

Ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге жеткен ақын жыраулар поэзиясында қазақ ұлтының тағдыр талайы көрініс тапқан. Терең бойлаған сайын рухынды аспандатып, кең даланы көз алдына елестетіп, ат тұяғының дүбірін құлағына келтіретін баға жетпес мұраларымыз елдігіміздің жырмен жазылған шежіресі іспеттес.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мағауин М. Қобыз сарыны. — Алматы, 1968. — 119-б.
- 2 Маргулан А. О носителях древней поэтической культуры казахского народа // Сб. ст. к 60-летию М.О.Ауэзова. — Алматы, 1959.
- 3 Мағауин М. Ғасырлар бедері. — Алматы, 1991. — 124-б.
- 4 Қасқабасов С. Олжа салған 10 томдық // Қазақ әдебиеті. — 2009. — 28 ақп.
- 5 Қазақ әдебиетінің тарихы. — III-т. — Алматы, 2000. — 47-б.
- 6 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. — Алматы, 1992. — 144-б.
- 7 Исмаилов Е. Ақындар. — Алматы, 1956. — 44-б.

8 Жұмағұлов С. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956–1991 жж.) — Қарағанды, 2008. — 217-б.

9 Мағауин М. Сұхбат // Жұлдыз. — 1997. — № 12. — 181, 182-б.

С.Б.Жумагулов, Д.Жолданова

Личность жырау в литературе ханского периода

В статье рассматривается развитие образа жырау в художественно-эстетической литературе ханского периода. Анализируются исследовательские труды, в которых даны литературно-теоретические определения, уточняющие художественный характер образа жырау.

S.B.Zhumagulov, D.Zholdanova

Personality of zhyrau in the literature of khan period

In the article it is considered personality of zhirau that was one of the founders of national literature's coming into being during Khan period. Opinions of scholars-specialists in literature on investigation of zhirau's personality are analyzed.

ӘОЖ 82.0

Ғ.Қ.Маханов

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Қазақ әйелі бейнесінің эволюциясы

Мақалада қазақ мәдениетінде әйел бастауын қабылдау ерекшеліктерімен байланысты терең мағыналарды ашатын, «қазақ әйелі бейнесі» ұғымына әлеуметтік-философиялық талдау жасалған.

Кілтті сөздер: қазақ әйелі бейнесі, эволюция, аналар бейнесі, Айғаным, Шоқан Уәлиханов, әжелер образы, қазақ-орыс халықтарының қарым-қатынасы, XX ғасыр, Шыңғыс шаңырағы.

Бүгінгі таңда әйелдің қоғамдағы орны, ой-таным шеңбері ұлғайып отырған шақта әйел тақырыбы қуатты арна ретінде осы ғасырдың аяғына таман жан-жақты танылып отыр. Қазақ әдебиеті тарихындағы әйелдер бейнесінің эволюциясы ерекше көрініс берген. Қазақ әдебиетінің қайнар көзі ауыз әдебиеті екенін ескерсек, «мінсіз ару», «ғажайып әйел», «адал жар» үлгісін жасау дәстүрі әсіресе әр алуан ғашықтық кисалардан, эпостық жырлардан және аңыз-ертегілерден айқын көрінеді. Мәселен, «Ай астындағы Айбарша», «Күн астындағы Күнекей», «Айдай сұлу Айсұлу» ертегілерінде болмасын, «Жүсіп–Зылиха», «Мұхаббатнаме», «Қозы-Көрпеш — Баян-Сұлу», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырларында болмасын, сүйгеніне деген адалдық, үміт отын өшірмей, жарын ұзақ жылдар бойы күткен арулардың әсіресе сырт келбеті айрықша әсемдігімен ерекшеленеді.

*Күн секілді күллі әлемнің шырағы,
Нұрлы жүзің — жұмақтың бір гүл бағы.
Оймақ ауыз ашылса — шекер шашылар,
Соны көріп жайқалып — гүлдер ашылар.*

Жалпы әйел баласын табиғат ерекше жаратады. Сұлулық пен көркемдікті тек әйелге ғана үйіп-төгіп береді. Қай халықта болмасын, сөздің төресі өлең, сазгерлік шығарма көбіне әйелге, сол бір ерекше жандарға арналады. Әйелдің сұлулығын жырлау барлық халықта бар.

«Азамат тарихында небір адамдардың сол бір ерекше жаратылған жандарды сүймей, ғашық болмай және оларға сөздің ең жақсысын арнамай кеткендері жоқ.

Сондай-ақ Ш.Уәлиханов та осынау табиғат барлық сұлулықты үйіп-төгіп берген жандарға өзінің бай әрі өткір тілімен әсем сөздерді арнапты. Мысалы, *прекрасный пол, разрушительницы городов*,

нежное существо, безыскусственные дети природы, разрушительница сердец, сердца похитительница, ночная красавица, женищина-красавица, похитительницы сердец деп әйелдерді суреттеуге керемет сөздерді пайдаланса, оған деген құмарлықты *весенняя мысль* деп жазады және суреттейді.

Біздің бұл жерде айтпағымыз, Шоқан да басқа ұлы адамдар сияқты табиғат сұлулығының алдында басын иген. Сол бір ерекше жаратылған жандарды суреттеуде қазақ ғалымы талай жаңа қанатты сөздерді тапқан» [1, 55].

Әже жайлы өлең жазып, прозаға қосу, еңбегіне арқау ету тек осы XX ғасырда қолға алынды. Өйткені мұндағы дейін әженің қоғамдағы орны ерекше болғанмен, оған көңіл бөлушілер аз болған. Бірінен соң бірі жалғасқан тарихи өзгерістер әдебиет өкілдерін тарихи әлеуметтік жағдайдан өзгеге бет қаратпады. Халық басындағы ауыр жағдай, отарлау процесі, жер мәселесі, әйел теңсіздігі, жаңа заман жаңалығы секілді мәселелер осы кезге дейінгі әдебиетшілердің тақырыбына айналды. Ал проза XX ғасырдан бастап кең қанат жайғаны баршаға мәлім. Осы заманан бастап ұлы адамдарға әжесінің әсері айқындала түсті. Әженің қоғамға әсері ашылды. М.Әуезовтың атақты «Абай жолы» романына соғыс жылдары Б.Момышұлы жоғары баға бере отырып, былай деген екен: «Зере мен Ұлжан Абайдың емес, барлық халық анасы. Аналық (халыққа) сезімі мол, елдің мұнын мұндап, жырын жырлаған аналар болып ақиқат көрсетілген» [2, 217].

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар тұлғалардың бірі — Шоқан деп тапсақ, оның рухын жетілдіруге бар ынтасын берген әжесі Айғаным жайлы мәліметтер баршылық.

«Орта жүз жеріндегі саяси құбылыстар XIX ғасырдың 20-жылдары Уәлиханның жесірі Айғаным әженің (1783–1853) араласуымен біраз белең алып дамыды. 9 баланың анасы, 38 жасында жесір қалған Айғаным ананың ұлағатты ісін академик Ә.Марғұлан және басқа зерттеушілер көрнекті бейнеде көрсете білді» [1; 15–18].

«Шоқанның әжесі, яки Айғаным, үш жүзге бірдей аты тараған, көркіне ақылы сай, білімді, парасатты әйел болған. Әрі жасөспірім Шоқанның өз құралпыластарына қарағанда сана-сезімінің ерте оянып, рухани әлемінің асқақ болып қалыптасуына айтулы ықпал еткендердің бірі — Айғаным. Ә.Марғұлан Айғаным Шоқан үшін: «... Халық даналығының сарқылмас бұлағы болған», — деуі сондықтан, — «Яки, болашақ ғалымның сан-салалы ілім мен ғылымның қайталанбас қайраткері болып қалыптасуына жасынан бойына сіңірген жан-жақты тәлім-тәрбие мен туып-өскен ортасының да игі әсері тиген» [3, 14].

«Айғаным өмірі мен саяси қызметі өткен дәуіріміздің тарихында ерекше аталады.

Айғаным Орта жүз жерінде орыс халқымен, соның ішінде алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясымен қазақ халқы арасында достық қатынастың алғашқы негізін мықтап қалаушы тарихи тұлға. Бұл игілікті істі оның балалары жалғастырады.

Шоқанды, яғни болашақ ұлы ғалымды, тәрбиелеуге ең алдымен әжесі мен оның әкесі Шыңғыстың қамқорлығы ерекше.

Оның үстіне Айғаным мен Шыңғыс шаңырағында ешқашан дастархан жиылмаған, ойын-той көп болып, халық таңдаулылары жиі бас қосты. Ақын-жыраулар, билер, сөзуар шешендер, көсемсөз майталмандары, күміс көмей, жез таңдай әншілер, ғалымдар, алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясының көрнекті өкілдері жас Шоқанға ерекше әсер етті» [2, 15–18].

Осы жерде айта кетерлік бір жай — С.Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романындағы сәйкессіздік. Романда Айғаным туралы сөз айтпастан Шоқанның бітім-болмысын береді. Еңбектегі мына үзінді тіптен миға сыйымсыз. «Сырымбетке неге баруын сұрауға өзінің батылы жетпеген Әбіле Қарамұрын арқылы сұратқанда:

– Әжемнің басына! — депті Шоқан.

– Әжесі — Айғаным ғой, — деген Әбіле інісіне, — көзін көрген адам емес, неге барады оған? Аят оқуға ма! Естуім, осы бала, ислам дінін жек көреді дейді» [4].

Шоқанның 1835–1865 жылдар арлығында өмір сүргені бәрімізге мәлім, әжесі 1853 жылы дүниеден өткен. Қалайша ол әжесінің көзін көрмеген?

Айғаным туралы толық мағлұматты Ш.Уәлихановтың таңдамалы жинағынан ала аламыз. Онда былай делінген: «Ш.Уәлихановтың әжесі Айғаным (1783–1853) парасатты, терең ойлы әрі көреген, өзінің заманына қарай білімді болған әйел. Ол Шыңғыстың бірнеше тілдерін білген, орыс мәдениетіне мейлінше ден қойып, Сыртқы істер министрлігінің Азиялық департаментімен және Петербургтегі Сібір комитетімен хат жазысып, байланысып отырған. Жергілікті халықтың арасында Айғаным өте беделді кісі болған. Архив мәліметтері Айғанымның қоғамдық-саяси мүдделерінің өте ауқымды болғанын көрсетеді. «Сібір қырғыздары жөніндегі Устав қабылданғаннан кейін Солтүстік Қазақстандағы маңызды оқиғалардың бірде-бірі Айғанымсыз өтпейді.

Айғаным қазақ халқы мен орыс халқының арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайту мақсатын көздейді. Солтүстік Қазақстанда геодезиялық зерттеу жұмыстарымен шұғылданып жүрген орыс ғалымдары мен инженерлеріне ол үлкен көмек көрсетіп отырады.

«Уәлиханның орысқа бағынуын, — деп жазған Н.П.Семенов-Тянь-Шанский, — өзге туыстары, Уәлиханның бәйбішесінен туған балалары мен інілері мойындағысы келмегенде, тек Шоқанның әжесі, Уәлиханның жесірі Айғаным ғана өзінің балаларымен бірге Россияға айнымас адал досы болып қалды. Александр I Уәлиханның қырғыз сахарасында оған үй салдыруға әмір еткен. Ш.Уәлиханов сол үйде туған».

Айғаным Сырымбеттегі атамекенінде қайтыс болған. Ш.Уәлихановтың архивіндегі өз қолымен жазған естелігінде былай делінген: «1853 жылы 19 ноябрьде, бейсенбі күні, екінді намаз кезінде қырғыз-қайсақ орта жүзінің ханы марқұм Уәлидің жесірі, Сарғалдақ қызы Айғаным 70 жасында дүние салды. Тоғыз ұл тапқан, оның екеуі жиырма жасында дүние салды.

Айғаным орысша оқып, білім алудың маңызын терең түсінген. 1827 жылы ол өзінің баласы Шыңғысты Шоқанның әкесін Сібірдің линиялық казактарының әскери училищесіне оқуға түсіреді.

Бала Шоқанның сана-сезімі ерте оянып, рухани өсіп, жетіле беруіне әжесі Айғаным үлкен әсер еткен. Тумысынан сезімтал, дарынды балаға әжесі халық даналығының сарқылмас білім бұлағы болған. Ол Шоқанға қазақтың ескі аңыздары мен хикаяларын қызықты етіп әңгімелеп, күні кеше өзі басы-қасында болған оқиғаларды еске алып отырған. Халықтың озық дәстүрлері мен салтын бойына сіңірген әжесінің жарқын бейнесін Шоқан өмірінің соңына дейін ұмытпай есіне сақтайды» [5].

Айғаным жайлы тағы бір дерекке сүйенсек, Абылайдың ұрпағы Уәлиханның төртінші тоқалы болған деседі. «Уәлихан әкесімен бірге Бурабайда тұрады, үш қатыны бар. Хандық жұмысымен Сырымбет ауылына жиі барады. Бір сапарында Сарғалдақ бидің немересі, Қожахметтің қызы, 15 жастағы Айғанымға көзі түседі. «Қызыңды төртінші тоқалдыққа бер», — дейді. Айғаным орысша да, шағатайша да, парсыша да білетін, керемет шешен қыз екен. Уәлиханға: «Егерде менің шаңырағымды Бурабайға емес, Сырымбетке құрсаңыз, барайын», — дейді. Сырымбетте Уәлиханның қалып қойған себебі сол.

Айғаным тоғыз бала тапқан, соның жетеуі тірі қалған. Үлкені — Шыңғыс, Шыңғыстан туған Шоқан. Танысқанда Уәлихан 54-те, ал Айғаным 15-тегі қыз. Уәлихан 83 жасында қайтыс болған. Күйеуі өлгенде Айғаным жас келіншек. Сол кезде Омбыға Александр I патша келеді. Омбының генерал-губернаторы Сотников Айғанымға хат жазып, қазақтың салтын көрсетуді сұрайды. Патша Сырымбетке арнайы келіп, жап-жас әдемі әйелді көреді. Уәлихан өлді, Ғұбайдолла хан болуға тиіс. Уәлиханның бірінші баласы — Ғұбайдолла. Сол жолы Ғұбайдолланы тұтқындап, Айғанымды хан сайлайды. Айғанымға жылына 400 рубль жалақы тағайындайды. Сол кезде қойдың бағасы 5–6 тиын, жылқы 70–80 тиын. Осылайша, Айғаным бір жарым жыл хан болып отырады» [6].

«Айғаным мекенжайының жұрты қазіргі Көкшетау облысы Володарский ауданы Сырымбет совхозына таяқ тастам жерде. Мекенжай орнында тұрып қараған кісіге қос өрнекті Сырымбет Шоқысы асқақтап көрінеді.

Мекенжайдың салыну тарихы Шоқанның әжесі Айғанымның қоғамдық-саяси қайраткерлік істерімен тікелей байланысты. Ел жадында «Сперанский ережесі» деген атпен сақталып қалған 1822 жылғы «Сібір казактары жөніндегі ереже» күшіне енгеннен кейін, атасы Абылай мен күйеуі Уәли бастаған Россиямен тығыз қарым-қатынас саясатын дамыта, ұлғайта түскен ханша Айғаным Солтүстік Қазақстандағы маңызды оқиғалардың бәріне бел шешіп, белсене араласып, іс-көзін білетін зеректік, алғырлығымен халық арасында үлкен беделге ие болған. Айғаным қазақ елінің Россияға өз еркімен қосылуының прогрестік мән-мағынасын дер кезінде жіті түсініп, патша өкіметі алдына жергілікті халықты оқу-білім, отырықшылыққа тарту және казактардың өзін-өзі басқаруы керектігін анық мәселе ретінде көтерген. Оның оқу-білім алуға аса маңыз бергендігі Сырымбетте қазақ мектебін ашып, өз ұлы Шыңғысты Сібір казактарының әскери училищесіне оқуға беруінен байқалса, алдыңғы қатарлы орыс мәдениетіне барынша ынталы болғандығы Батыс Сібір генерал-губернаторы лейтенант Капцевичке отырықшылыққа ойысу мақсатымен Сырымбет төңірегінен жер беріліп, сол жерге өзіне арналған кең, зәулім үйі, моншасы, мектебі мен мешіті бар мұнтаздай қора-қопсылы, күнделікті тұрмысқа ыңғайлы әрі тартымды мекенжай салдырып беруін сұранып, 1822 жылдың ноябрь айында өтініш білдіруінен көрінеді. Айғанымның нақты тілектер қойып жазған бұл өтінішінің толығымен жүзеге асқандығын П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің «Тянь-Шаньға саяхат» атты мемуары 2- томының 54-бетіндегі: «Александр I Уәли ханның жесіріне үлкен ілтипат көрсетіп, қырғыз даласындағы 1-үйді салдырып беруге әмір еткен, әрі Шоқан Уәлиханов сонда туған» деген жолдарынан аңғарылады.

Шыңғыстың Сырымбеттегі мекенжайында орақ ауыз, от тілді ақын-жыраулар танды таңға ұрып, алтын саусақ, бал таңдай әнші-күшілер мәжіліс соңын өнер сайысына айналдырып, аңызшы-ертегішілер жиын-тобырды мәре-сәре етіп, апталап, айлап жатып өз өнерін ортаға салған. Мұның бәрі енді қалыптасып, қанаттанып келе жатқан жас ғұламаға игі әсерін тигізіп отырған.

Алты жасында Күрлеуіт Қыпшақ Жаманқұлдан «Едіге» жырын тыңдаған Шоқан «Ер Қосай» мен «Ер Көкшені» Атығай Арыстанбай Тобылбайұлынан естіген. Қаракесек Жанақ Сағындықұлынан ел шежіресі мен ауыз әдебиетінің үлгілеріне құлағы қанық болған. Шоқан нұралық Шөже Қаржаубайұлынан «Қозы-Көрпеш — Баян-Сұлу» жырының ең ұзақ нұсқасын жазып алған. Көкесі Хакназардан күй атасы Қорқыттың ботадай боздаған сарынын сан рет тыңдаған. Күй сарынынан ажалмен арпалысты бажалайлап, өлімді өнермен, надандықты іліммен жеңуге болар деп түйсінген. Өз құралпыластарынан Ақанның мұңшыл да сыршыл, Біржанның шабытты да шалқар, Жаяудың ащы да асқақ әндерін тыңдаған» [3, 25–26].

Шоқанның анасы — Зейнептің әйгілі Мұса Шорманның қызы екені О.А.Сегізбаевтің «Мировоззрение Чокана Валиханова» атты еңбегінде айтылған. «Мать Чокана — Зейнеп была дочерью видного казахского бия Баян-Аульского округа Чермана. Ее родной брат Муса Черманов, дядя Чокана, который находится с ним в тесных связях, был образованным казахом».

Көнеден жаңаға бет алған әжелер образы қазақ халқының салт-дәстүрімен, тәлім-тәрбиесімен тығыз байланысты. Болашақ ұрпақты тәрбиелеуде әженің маңызы зор. Бесікке салу, бесік жырын салу, шілдеhana секілді салт-дәстүрге әже тікелей қатысты. XVI–XVIII ғасырларда батыр бабаларымызбен бірге батыр әжелеріміз өзінің жерін қорғаған. Сол заманның өзінде-ақ қоғамдағы әжелер орны айқындалғанын байқаймыз. Бірақ Тәуелсіздігіміз тәу еткен мына заманда ертеде аялы алақанымен бүкіл елінің болашағын бір бесікпен тербеген әжелеріміздің қоғамдық орнының болмай қалғандығы қынжылтады. Айғанымдай бүкіл елінің қамын ойлаған әжелеріміз бүгінде отбасылық жағдайдан алыстамай отыр. 70 жыл ерлер мен әйелдерді тең етеміз деген саясаттың бізге берген олжасы да осы шығар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Өтенияз С.* Шоқан. — Алматы: Ғылым, 1995.
- 2 *Мырзахметұлы М.* Айналған аты аңызға Момышұлы. — Тараз, 2000.
- 3 *Мұқтарұлы С.* Шоқан және өнер. — Алматы: Өнер, 1985.
- 4 *Мұқанов С.* Таңдамалылар. — 8-т. — Алматы, 1976. — 78-б.
- 5 *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. — Алматы: Жазушы, 1980. — 8, 9-б.
- 6 *Сәрсембина Б.* Абылай алаңы аукционға түсті // Жас Алаш. — № 66. — 2006. — 17 тамыз.

Г.К.Маханов

Эволюция образа казахской женщины

В исследовании приводятся результаты социально-философского анализа понятия «образ казахской женщины», где раскрываются глубинные смыслы, связанные с особенностями восприятия женского начала в казахской культуре.

G.K.Makhanov

Evolution of the Kazakh woman's image

The research results of social-philosophical analysis of the concept «image of the kazakh woman», where open deeper meanings associated with the peculiarities of perception of the feminine in kazakh culture.

Ғ.Қ.Маханов

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Баян бейнесі — қазақ мәдениетіндегі сұлулықтың, ақыл-парасаттылықтың, шынайы махаббаттың және тұрақтылықтың айнымас үлгісі

Мақалада «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» эпосының бас кейіпкері Баян Сұлу бейнесі негізінде қазақ әйелі бейнесін психофизикалық, гендерлік және әлеуметтік ракурста зерттеу нәтижелері келтірілді.

Кілтті сөздер: Қозы Көрпеш, Баян Сұлу, XIX ғасыр, VIII–XIX ғасырлар, әйел теңсіздігі, қазақ қызы, қазақ әйелі, Баян образы, Қодар бейнесі.

Көрнекті де көркем жырлардың бірі «Қозы-Көрпеш — Баян-Сұлу» жырының сюжеті қазақ, башқұрт, монғол, якут, ұйғыр және сібір татарларында да кездеседі. Соған қарағанда оның бастапқы ертегілік желісі Алтай, Жетісу жағында, оғыз тайпалары дәуірінде туған сияқты. «Қозы» — қой бөпесінің атауы емес, «оғыз» түбірінен туған. Монғолдар бұл жырды «Козюке», «Қозы Еркеш», «Малшы мерген» десе, ұйғырлар «Бозы Көрпеш» дейді [1, 1].

Жырдың сюжеті XIX ғасырда жазылғандықтан, онда Қарқаралы, Қараөткел, Баянауыл, Қарасақпай, Аягөз дейтін кейінгі дәуір атаулары кездеседі. Сол себепті жыр VIII–XIX ғасырлар арасындағы қазақ өмірінің көп заманын қамтып, өзінше бір энциклопедияға айналған.

«Қозы-Көрпеш — Баян-Сұлу» дастанының кейбір деректерде 33 нұсқасының бары көрсетіледі [1, 11]. Қазақ арасында әріден келе жатқан бұл жырды Сыбанбай, Бекбау, Жанақ, Шөже, Арыстанбай, тағы басқа ақындар өздерінше жырлаған. Ең көп тарағаны әрі толымдысы Жанақ нұсқасы. Туыстас түркі тілдерінде де жырдың мазмұндас-сарындас түрлері сақталған.

Осыншама ұланғайыр дүниені жинап, жариялауда, зерттеуде халқымыздың төл перзенттері Ш.Уәлихановтан бастап М.Ж.Көпеев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Ы.Дүйсенбаев, Е.Жұбанов, Р.Бердібай өлшеусіз зор еңбек сіңірді.

«Қозы-Көрпеш — Баян-Сұлу» жыры — халқымыздың көне тарихынан жеткен асыл мұрасы, әлемдік мәдени-тарихи құбылысы. Жырдың түпкі идеясы әйел басындағы теңсіздікпен байланысты болғандықтан, бірінші орынға Қозы емес, Баян образы шығады. Жырдағы Баян бейнесін біз негізінен екі арнада түсінеміз. Бірінде ол — ата-ана салты, ескі қоғам дәстүрімен келіспей, өз жүрегінің нәзік сезімін, еркіндігін феодалдық ортадан жоғары ұстаған халықтық бейне. Екіншісінде Баян — ескі салтпен ымыраласқан, сол себепті жесір немесе құдалық идеясының жетегінде жүрген пассив образ. Жыр тақырыбы — халқының әдебиеті, мәдениеті, тұтастай алғанда, руханияты төңірегінде тынымсыз ізденістерге бастайтын аса маңызды, мәңгі ескірмейтін тақырып.

Поэманың тақырыбы — екі жастың бір-біріне деген адал сүйіспеншілігі. Сезімнің жоғарғы шыңы — махаббаттың жолындағы бөгет көбіне дәрменсіз екендігі өмір шындығы. Шығарманың негізгі кейіпкерлері Қозы мен Баян заманның қаталдығын, озбырлығын, мейірімсіздігін жеңіп, кездесті, азғантай уақыт болса да ойнап-күліп бақытты өмір сүрді.

Поэмадағы бас қаһарман Қозы жастайынан мейірімді де ақылды, ізгі ниетті адамдар арасында еркін өсіп, жан-жақты тәрбие көрген адал, ісі әділ, қайырымды, қайратты, намысқой, адал махаббат иесі ретінде ауыз әдебиетіндегі ескі варианттар ізінен бұрылып, келешек ұрпаққа үлгі боларлық тәлімі бар, қимылы, ісі нанымды бейне ретінде, қарапайым адам қалпында, шындық болмысқа сай алғыр азамат ретінде суреттелген.

Оның бойында әкеден жалғасқан намысшылдықтың, игі дәстүрдің арнасы бар. Әкесінің бастаған ісін аяқтау, әкесі өлгеннен кейін бұзылған заңдылықты қалпына келтіруді өзіне перзенттік парыз санаған Қозының бейнесі жырда сұлу Баянмен толығы түседі.

Баян Қозыға ғашық болып, оны өзіне жар тұтады. Халықтық салт аясында өскен Баян Қозының жеке басын қадірлейді. Оқырман қауымға кеңінен таңылған Жанақ ақын жырлаған вариантында да кейіпкерлердің ерекше жағдайда дүниеге келу мотиві ұшырасады. Жырда:

Қодар қыз әкесі Қарабайдың өз аузынан:

Сен шөлдетпей малымды алып өтсең,

Ақ Баянды беремін саған, Қодар, —

деген уәдесін алады. Жыршы поэмада Қодар мен Баянның портреттерін карама-қарсы қоя суреттеу арқылы Баянның оқырманға сүйкімділігін арттыра түседі. Жырда Қодар:

*Өзінің денесінің молын қара,
Сыңар ғана жұдырығы қол ағаштай, —*

деп суреттелсе, Баянның суреті:

*Бұралған тал шыбықтай ол Баян қыз,
Тым сұлу көркемдігі жұртқа аян қыз, —*

деп беріледі. Жырда Баянның жасы он төртте деп беріледі. Тал бойында бір міні жоқ, қолаң шашты, меруерт тісті, аузынан сөйлесе, гүл төгілген Баянның көңіл-күйін «Аңда-санда болмаса сөйлеспейді, жалғыз жатып Қозы үшін қылады зар» деп суреттеудегі себеп — сүйгенін сарыла күткен Баянға берілген осы баға басқа кейіпкерлердің сөздерімен де, Қозының өз көзімен де, Баянның өзінің іс-әрекеттерімен де расталады. Оның сыртқы сұлулығына ішкі жан дүниесі де, мінез-құлқы да, қимылы да сай. Баян өте ақылды, байсалды, төзімді, сабырлы қыз. Құдай қосқан жарын сарғая күтіп, зор шыдамдылықтың үлгісін көрсетеді. Өзін іздеп келген Айбасқа сыр бермей, оны байқап, бақылап нағыз Қозыдан келгенін білгенге дейін байсалды мінез танытады, өзінің сырын ашпайды.

Баян Сұлу — өз заманындағы қазақ қызының идеалы. Жыршылар арудың бойына қазақ әйелінде болуға тиісті барлық асыл қасиетті жинақтаған. Ол — сұлу қыз, адал қалыңдық, камқор әйел.

Қарабай елінде тазша кейпін киіп, қойшылықта жүрген Сарыбайдың еркесін таныған Баянның сүйгенін көруге тағат таппай, қуаныш пен ынтызарлықтан бір жерде дамыл таба алмай дегбірсізденуін сыртқы іс-әрекет, қыздың мазасыз қимыл-қозғалысы арқылы береді.

*Бата алмай оятуға Қозекеңді,
Түнде үш келіп, үйіне үш тоқтайды [2].*

Осы жолдарда қанша сезім арпалысы, ішкі толқулар бар!

Баян бейнесін сомдауда — заттық әлем мен киім де өзіндік қызмет атқарады. Шығармада қолданылып, көркемдік кеңістікті құрайтын заттың жиынтығы арқылы тарихи кезеңнің өзіндік болмысын, дәуір сипатын, ұғым-түсінігін тануға мүмкіндік береді. Тарихи шығармаларда өмір шындығының дәлдігі, нақтылығы, кейіпкерлердің тұрмысы, киім киісі, ұстанған заттары, т.б. арқылы танылатындықтан, сол кезеңмен сәйкес болуы ерекше қадағаланады.

«Қозы-Көрпеш — Баян-Сұлу» эпосында да заттар әлемі өзіндік өрнекпен ерекше бейнеленген. Әсіресе заттар әлемінің поэтикасы терең мән-мағынаға ие. Мысалы, Айбас батырдың:

*– Балталы, Бағаналы елден келдім.
Бақалы, балдырғанды көлден келдім.
Сіздерге күмән шығар — өзіме аян,
Елімнен іздеп келген келінім — Баян, —*

деп Баян ауылына барып келуін дәлелдейтін заттардың жеке-жеке баяндалуы — соның айқын айғағы. Жырдағы:

*Сәлем де ініңізге іздеп келсін,
Келмесе, сорлы Баян дегені өлсін,
Көңілім кетті Қозыға, жаным мұнда.
Айтқанды тон, жүзігім белгі болсын, —*

деп жырланатын жолдар қазақ қоғамындағы сүйгеніне қосылу үшін ата жолының қатал заңына қарсы шығып, қайсарлығымен, өжеттігімен көрінген жаңашыл қыздардың бейнесін береді десек, «айтқанды тон, жүзік, тоғыз» — сол кезеңнің тұрмыс-салтына тән дәстүр, сый, сияпат. Сол кезеңнің сипатын танытатын заттық, көркемдік детальдар. Ал Баян бейнесін бұл құбылыстан бөлек алып суреттеу тіпті де мүмкін емес.

Бұл дәстүрдің санаға сіңіп, таным-түсінікке әбден тереңдей еніп, қалыптасқаны сонша, ер-азамат Қозы да сол әшекей заттарды сұрап, Айбастан куәлікке керек етеді.

Бұл заттық детальдар тұрмыстық қажеттілікке жарайтын қарапайым қызметті емес, қыз сезімін танытар символдық көркемдік міндетін атқарып тұр.

Қарапайым заттарға эстетикалық, көркемдік құндылық дарытып, оларды ел-халық тарихында топонимикалық аңызға айналдыру, т.б. секілді құбылыс ақындық шеберлік болып табылады. Айбас алып келе жатқан сәлемдеме-заттардың жол-жөнекей түсіп қалуы топонимикалық аңыздардың дүниеге келуіне себеп болады. Оқып көрейік:

*Көктаймен батыр Айбас төмен шапты,
Қыздың берген белбеуі түсіп қалып,
«Қызыл белбеу, Құбажсан» қоя сапты.*

*Қыздың берген мейізі түсіп қалып,
«Мейізгек» деп тау атын қоя сапты.
Қыздың берген қарқарасы түсіп қалып,
«Қарқаралы тау атын қоя сапты», —*

деп, осылай әрбір затқа бір атау қойылып кете береді. Ойлап қарасақ, осы топонимикалық атаулардың пайда болуы бір кезеңдегі жыр кейіпкері Баян басынан кешкен оқиғамен тығыз байланысты.

Эпикалық жырда сөз болған бұл заттар тек махаббат серті символдық қызмет ғана емес, тарихи орны бар жер, су, ел атауларының да есімі болып, топонимикалық та, көркемдік те қызмет атқарып тұр.

Мұндағы тазша кейіпі қажеттілікпен басқа да қызмет атқарады. Поэмада Қозы Баян ауылына қойшы-тазша болып, соның кебін киіп, түрін өзгертіп келсе де, бұл ісіне көпке дейін көңілі толмай, намыстанып жүреді. Сағына күткен ғашығын осылайша тазша кейіпінде көрген Баянның жанын бұл көрініс қатты ауыртады. Алайда Қозының сақтығын, амандығын ойлап, тазша кебін қайта кигісі келмеген Қозыға:

*Киіңіз кебіңізді арланбаңыз,
Осылардан басқаға сыр бермеңіз,
Кішіліктен еш нәрсе кемімейді.
Аңдып жүрген дұшпан бар, еш сенбеңіз, —*

дейді. Еуропалық әдебиеттерде жиі кездесетін масканы жыршы ұлттық болмысымызға сай, ұғым-түсінігімізге лайықты етіп жырға қосады. Жыршы Қозының сырт тұлғасы, кейіпі өзгергенмен оның жалпы азаматтық кескін-келбетіне нұқсан келтірмейді. Қайта Қозыға тазша кейіпін кигізу арқылы Баянның образын, оның ақыл-парасатының молдығын аша түседі.

Баян тек көркімен ғана сұлу емес, ақылымен, ерлігімен де сұлу. Жоғарыдағы үзіндіде Баян, біріншіден, Қозыны дұшпанынан сақтандырса, екіншіден, кішілік-адамгершілік қажет екенін аңғартады. Ол ақылымен тоқсан байдың серісі мен қара күштің ғана иесі Қодарды маңына жолатпайды. Жырда бұл көрініс былайша берілген:

*Қара көзін қан басып қарағанда,
Маңына жоламайды, Қодар үркіп.*

Сондай-ақ жырда заттық деталь Қозы Көрпештің Қодарды ықтырып алатын құралы ретінде де танылады. Мысалы:

*Кетіп ең дардай болып сен мақтанып,
Кәнеки, өрік, мейіз әкелдің бе?*

деп сөзіне тұрмаған Қодарды мазақ етудің, қорлаудың, намысына тиюдің пәрменді құралы еткен өрік, мейіз өзінің көркемдік міндетін мінсіз атқара білген. Сондай-ақ бұл жырда сыртқы іс-әрекет, қимыл-қозғалыс динамикасы арқылы сол сәттегі кейіпкердің көңіл-күйін, құлшыныс мақсатының мән-маңызын да ашып береді. «Баянды беремін, малды шөлден алып шықсаң» деген уәдесін алып алған Қодардың қуаныштан бар күш-қайраты тасып, сенімдіктің артқанын аңғартады.

*Сол күндегі жанардан Қодар асып,
Мінезіне қайраты құп жарасып.
Қодекең шауып жүріп қимылдайды.
Аямай бедеуіне қамшы басып.*

Одан әрі осы көңіл-күй әсерінен Қодардың психологиялық портреті ерекше көтеріңкі пафос, үдемелі әсірелеу, теңдеулер арқылы бейнеленеді. Әр шумақ сайын Қодардың бейнесі толығып, ерекшелене сомдалады. Ал, оған қарама-қарсы кейіпкер Баянды:

*Аппақ көрік маңдайы, қылығы наз,
Малың түгел басыңды берсең — дағы аз, —*

деп қыздың сұлулығына ештеңе тең келмейтіні баяндалады. Мұнда Баянның сұлулығына ғана емес, оның асқан ақыл-ойы, парасаты алдыңғы қатарға шығады. Осындай кейіпкерлердің іс-әрекеттері, қимыл-қозғалыстары арқылы олар туралы мәліметтер толығып түседі. Олардың сөйлеу мәнері, эмоциялық диапазоны, көптеген портреттік белгілері оқиға өрісіне қарай өсіп-өніп отырады. Бұлардың бәрі психологиялық портрет галереясын құрайды.

Жырда алғаш Қодар Баянды шын ұнатқан, қыздың көңілінен шығу үшін барын салатын, көкірегін бәсеке мен қызғаныштың жалыны шарпымаған ақ көңіл, көпшіл, еңбекқор жан болып суреттеледі.

Бетке жан қаратпайтын Қодардың мысын басып, тоқтау болар жалғыз жан — Баян. Баянның күліп айтқан бір жылы сөзі үшін, құрбандыққа шалынуға дайын намысқой Қодар бейнесі үлкен шеберлікпен берілген. Осы бірсөзді, біртоға Қодардың қолын қанға малатын бейненің дәрежесіне дейін өсу жолы Баян бейнесімен қатарласа өріледі.

Жырда өз сезімімен арпалысқан Қодар ақыры Қозыны өлтіріп тынады. Бірақ Қозыны өлтіргенмен Баянның Сарыбай баласына деген махаббатын өлтіруге шамасы жетпейді.

Қозының кегін алмақшы болып Баян Қодарды Шоктерекке айламен алып барып өлтіруінен Қодардың аңқау, аңғалдығын көрсек, екінші қырынан Баян не істесе де қарсы келе алмайтын сүйген жүрек иесінің характері байқалады.

*Атаңа сіңіспейді адал күшім,
Құл болдым есігіңе сенің үшін.
Ертеден қара кешке қылсам дағы,
Бір аллаға жақпады менің ісім.
Мұниша қастық қылғандай неттім, Баян,
Әке-шешем жылатып келдім, Баян.
Тіл ұшымен мені сен жақын қылып,
Аңдып жүріп түбіме жеттің, Баян, —*

деген сөздерден Баянның ісін — ақ, сөзін — әділ көрген аңқау Қодарды көреміз. Қодар Баянға сеніп өледі. Ал Баян болса, айл原因 асырып, Қодардан кек қайтарады. Егер Қодар бейнесі болмаса, Қозы мен Баянның махаббаты жоғары деңгейдегі ақ, пәк махаббаттың символына айналмас еді.

Қозының кегі үшін Қодарды өлтірерде Баян сұлу айтқан мына сөзден қайсар қазақ қызының бірбеткей, өжет те өр мінезі айқын байқалады.

*Әкеме сіңіп еді сенің күшің,
Құл болдың есігіме менің үшін.
Шоқ белбеу, алтын айдар мырзам қайда,
Шұнақ құл өлтіремін соның үшін.*

Міне, осылайша жырдағы Баян образы жан-жақты сомдалып, оқырманға жақындай түседі. Баян бейнесі — қазақ мәдениетіндегі әдеміліктің, ақылдылықтың, парасаттылықтың, тұрақтылықтың айнымас үлгісі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ фольклористикасының тарихы. — Алматы: Ғылым, 1983.
- 2 Қозы-Көрпеш — Баян-Сұлу». — Алматы: Жалын, 1980. — 58-б.

Г.К.Маханов

Образ Баян — образец красоты, разума, истинной любви и верности в казахской культуре

В статье приводятся результаты исследования образа казахской женщины на примере Баян — героини эпоса «Козы-Корпеш — Баян-Сұлу» в психофизическом, гендерном и социальном ракурсе.

G.K.Makhanov

Bayan's image — a model of beauty, reason, true love and faithfulness in the Kazakh culture

The article presents the results of research of the way the kazakh woman on the example of the heroine of the epic Bayan Sulu «Kozy Korpesh — Bayan Sulu» in the psycho-physical, gender and social perspective.

Ж.Қ.Смағұлов, М.Асан

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

С.Мұқанов поэзиясына жаңаша көзқарас

Мақалада С.Мұқанов лирикасындағы жаңашылдық мәселелері мен заман шындығын жырлау бүгінгі күн тұрғысынан қарастырылды. Аталған тақырыпқа қатысты әр түрлі көзқарастар мен пікірлерді салғастыра отырып, жаңа бағыттағы ғылыми зерттеу тұжырымдары жасалды.

Кілтті сөздер: С.Мұқанов, С.Мұқанов поэзиясы, қазақ әдебиеті, XX ғасыр, Қазақстан пролетариат әдебиеті, азаматтық-саяси лирика, ұлттық фольклор.

Сәбит Мұқанов десек, қазақ әдебиетінің алтын ғасыры дерлік кеңес дәуіріндегі арпалысқа толы кезең ойға оралады. Расын айтқанда, ол ғасырдың бергенінен алғаны көп. Шындықтың беті енді ғана ашылғалы жатыр...

Тарихымыздан белгілі — кеңестік тоталитаризм ұлыларымыздың қазақ әдебиеті аренасынан өшіп кетуін қалады, оларды «Алаш» деп түбімен құртып жіберді... Десек те өлеңге, өнерге жөргегінен жарып туған қазақ ұлты әдебиет алыптарының тағы бір шоғырын бәйгеге қосып үлгерген болатын. «Халық жауы» деген жауыздық желеумен оларды да қоғам өмірінен шығармаларымен қоса алыстатпаққа ұмтылды. Осындай орынсыз кінәлаушылық біз сөз еткелі отырған Сәбит Мұқановқа да жабысты. Азаматтық арына, творчествосына қара күйе жағылды. «Ұлтшыл» деген стандартты айып тағылып, партия қатарынан шығарылды. Қысқасын айтқанда, тұтастай ұлттың элитасын, көсемдерін жою басты мақсат еді.

Дегенмен алыптардың ұлы ұрпағы «социалистік реализм» деген қыспақтың ішінде жүрсе де, жазды... Қазақ әдебиеті дәрежесін өзге халықтардың әдебиетінен, өнерінен қалыстырмады, қайта биік ұстады.

Ғалым, белгілі жазушы, ақын Сәбит Мұқанов та осы қатарда өзінің еңсесін биік көрсетті. Ұлты үшін жанын салды. Талмай еңбек етті. Бірақ, неге екені белгісіз, сол үлкен әдебиеттің ардагері — Мұқановты кейін шегіндіре беретініміз байқалады. Күләш Ахметова айтқандай, бұл ұрпақтың ақиқатынан гөрі «аңызы» басымдау сияқты.

Әрине, өз қоғамында ерекше белсенді болған адам, халқының одан жаңа дүниені күтіп отыратынын жанымен сезінетін адам туындыларын өте тез жазатыны белгілі. Ондайда асығыстық болмай тұрмайды. Мысалы, тың көтеріп жатқандар жайлы жазбақ болған шығармасы сондай асығыстықтың құрбаны болды. Оны өзі де мойындап, болашақ бағдарламасынан алып тастайды. Бәлкім, «тың көтеру» науқаны еліне алапат қиындық әкелетінін сезінген болар. Сондықтан да жазушының басындағы қарама-қайшылықтың себебіне байыппен қарағанымыз жөн. Орыс элитасы «барлығымыз да Гогольдің Шинелінен шықтық» десе, біздің Сәбит Мұқанов әдебиетті ұйымдастыруда көшбасшы бола білді. Соңынан ілесіп келе жатқан қаншама ақын-жазушыларға жолбағдар болды. Түптеп келгенде, алдыңғы толқын айтқан «Оян, қазақты!» Сәбит те айтты. Кеудесі қайғы-қасіретке толы кедейдің мұңын да Сәбит жырлады. Ұлтымыздың кескін-келбеті боларлық ұлы тұлға Абайдың да тұлғалық қырын Сәбит танытты. Күләш Ахметова осы жылы «Жұлдыз» журналының алғашқы санына шыққан «Сәбит Мұқановтың Абай туралы ойларының эволюциясы» атты мақаласында: «Абайдың ақындығын танып-білуде Сәбит Мұқанов айрықша үлес қосқан зерттеушілердің бірі екендігіне сөз жоқ. Өйткені ғылыми ой-пікір мен көркемдік тәжірибені сәтті ұштастырып, тамаша қисындар, теориялық тұжырымдар айтқаны аян», — дейді [1]. Демек Сәбит Мұқанов екі көзқарасты қатар анализдеуші тұлға деп қарауымыз шарт. Тағы да «Сәбит Мұқанов қоғамның барлық топтары өкілдерінің аса бай портрет галереясын жасады десек артық айтқандық болмас еді», — дейді Мұхаметжан Қаратаев «С.Мұқанов тағылымы» атты әдеби-сын мақалалар жинағында [2]. Ленин партиясы өсірген, еңбек елінің адал ұлы Сәбит Қазақстандағы пролетариат әдебиетінің ең алғаш бастаушыларының бірі екендігі ақиқат. Барлық жанрда қалам тербеді. Толғанды. Толғады. Енді осы жерден әдеби қайраткеріміздің ақындығы жайында шамалы қазіргі жаңаша көзқарас тұрғысынан ой өрбітер болсақ, Сәбит Мұқановтың арғы буын ұрпағына тән алғырлығының бір қыры оның халықтың мол қазынасы — фольклорға қатынасынан байқалады. Әдебиетке келгенен бастап-ақ халық мұрасына ерекше ықылас танытқан қаламгер, қазақ халық әдебиетінің, жеке адамдардың мұраларын жинау, жариялау, зерттеу ісімен айналысқандығына ешкім

карсы келе қоймас. Ұлт үшін өзі — үш-ақ құндылық: халық, жер, тіл. Кемеңгер Сәбит қазақтың шұрайлы тілі фольклорда жатқандығын көрді. Өз шығармаларында да ежелгі ұлттық фольклорды сол заман дәстүрімен шебер ұштастыра білді. Қазақ классикалық жазба поэзиясы қарқынмен дамыған тұста халық ақындарының аталған буын өкілдері дәстүрлі поэзия мен ауыз әдебиетінің кейбір үлгілерінің жойылып кетпеуіне көп еңбек сіңірді. Ол қатарда Сәбит те бар. А.Байтұрсынов: «Қазақта айтыс өлең көп. Бірақ бұлар да ел ішінде жоғалып, сиреп барады. Жазу жайылған сайын айтыс өлең азайып, құруға бет алып барады», — деп алаңдауы XX ғасырдың бас кезінде болатын [3]. Бұл кезеңде алаш зиялылары ұлттық дәстүрлердің жойылып кетпеуіне қанша күш салғанымен де, әлі толық сауаттанып үлгермеген ел ішінде қауіптің жаңа басталған тұсы еді. Ал біздің Сәбит Мұқанов тура халықтың басым көпшілігінің көзі ашылып, көңілі ояңған тұсында құнды жәдігерлеріміздің жоғалып кетпеуінің кепілі бола білді. Ол ауыз әдебиетінің көлемді үлгілерін (Батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар т.б.), алдыңғы буынның айтулы өкілдерінің мұраларын насихаттаумен қатар, өзінің жанынан шығарған мол көркем дүниелерімен қазақ әдебиетінің алтын қорын байыта түсті. Сәбиттің өлеңдері қазақ халқының жарты ғасырлық өмірін өте дәл бейнелейтін, публицистикалық леппен жазылған, тәні фольклормен суарылған, азаматтық-саяси лирика болды. Кезінде заман тынысымен, қоғамның өзгерістерімен оқушысын таныстырып, әрдайым алға жетелеп отырған өлеңдері тәуелсіздік тұғырында тұрған бүгінгі оқырмандар тарих көзімен қарап, елеп-екшеп оқитын бай поэтикалық мұраға айналуы керек.

Мына бір «Ыстықкөл» атты өлеңінде:

*Тереңдеген сырыңды,
Шешкім келді, Ыстықкөл.
Қаздай қалқып суыңа,
Түскім келді, Ыстықкөл.
Тамшы суың таласып,
Ішкім келді, Ыстықкөл.
Жұпар шөптің бойында,
Жүргім келді, Ыстықкөл.
Сағат сайын сыңқылдап,
Күлгім келді, Ыстықкөл.
Толқын қылып, өзімді,
Үргім келді, Ыстықкөл.*

(Аалы Тоқамбаевтан) деп келетін тұстары бар. Жыр үлгісінде жазылған өлең. Қалың бұқараның тілімен жазылған нәзік поэзия. Осылай жазғанда ғана халқына жақындығын ақтайтындай қалып танытатыны анық. Фольклорды шама-шарқынша зерттеген Сәбит Мұқановтың пайымдауы да өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін тұстары бар: «Жазу әдебиетінің тарихы әріден келе жатқан, ерте мәдениеттенген елдерде (грек, рим т.б.) «айтыс» ұшыраспайды. Тек мәдениеті ерте замандарда бой көрсеткен араб елінде айтыс үлкен орын алған. Арабта біздің «айтысқа» ұқсас өлеңмен сөйлесу (мұғаллақат) бар. Бірақ зерттеушілердің сөзіне қарағанда, «мұғаллақат» көбінесе арабтың көшпелі тайпалары бедуиндер (бәдәуи) арасында ұшырасатын көрінеді. Жазба әдебиеті ертеден келе жатқан басқа елдерде «айтыс» өнерінің бары ғылыми әлі дәлелденген жоқ. Ертеден көшпелі тұрмыс құрып келген: қазақ, түркімен, монғол сықылды елдердің көбінде «айтыс» жанры дәстүрге айналған. Бұл жанрдың туып, өркендеуіне бас себеп бұл елдердің сауатының аздығы, мектебінің жоқтығы болған. Мұндай елдерде ақынның күші аузына түседі, басқа жанрлар сықылды «айтыс» жанрын да ауызша айтыс түрінде өркендетеді» [4].

Арғы-бергі асау замандар мен өртенді кезеңдер ұлт жадын қайта оятып, уақыт шалқарын қайта тербеді. Елдік пен егемендік рухы атқа қонды. Азаттықтың алауыздықтан асқан жауы жоқ екені белгілі жайт. Сондықтан тарихқа «өзінді өзің сыйласаң, жат жанынан түңілед» деп қарауымыз қажет. «Өмірде адасу, шатасу керек. Жан тыныштығы — рухани сатқындық», — дейді Толстой. Егер жан тыныштығын ойлаған болса «Біздің күш» өлеңінде Сәбит бұлай деп жырлар ма ед:

*...тыңдадым партияның үндеу сөзін,
Шымырлап бойды билеп толқын сезім.
Қайрат, намыс, кек, ыза араласып,
Отырдым зорға ұстап бойымды өзім.
Достарға бұл жалын сөз жігер, ұран,*

*Достан кім қаны қызбай тұрар бұған.
Кімде-кім шын советтің ұлы болса,
Намысы тұтанғанын айтпай ұғам!*

Сәбит Мұқановтың бір ерекшелігінің өзі сол — шығармашылығымен өзі қатар жүріп отырды. Белгілі жазушы Әбіш Кекілбайұлы айтпақшы: «Сәбит — жиырмасыншы ғасырдың түйдей құрдасы. Әлемдік тарихта ғаламды соғыстар мен революциялардың үздік-создық кезеңіне айналған жиырмасыншы ғасырдағы саяси-рухани ізденістердің бел ортасында толарсағынан саз кешіп, Сәбит жүрді. Өз ғасырымен түйдей құрдас азаматтың бұлай етпеске амалы да жоқ еді», — дейді. «Хан айтқан сөзді қара да айтады, бірақ ауызының дуасы жоқ» дейтін қазақпыз ғой, десек те, сол замандардың өзінде де хан айтқан сөзді ақын айта білді. Елін оятты.

*Көңілім мұнша қамықтың,
Әр нәрсені ойға сап.
Не нәрседен тарықтың?
Осынишама ойда қап.
Бірақ саған кінә жоқ,
Неге бүйттің деуге де.
Есеп жетпес тіпті көп,
Қасірет-қайғы кеудеде.
Мақсатыңды іздеген,
Таба алмадың, жетпедің.
Қылышын алып кезенген,
Кедейліктен өтпедің.
Қой сен бүйтіп қамықпа,
Ілгері ұмтыл, талап ет.
Шығуға айдай жарыққа,
Қайраттанып бол әжет!*

Немесе мына бір «Шығар күнді» өлеңінде:

*Жұрт жатты төсегінде жылы оранып,
Ұмытып, есінде жоқ, нұрлы жарық.
Құр жанын тастаса да оянбады,
Сұр жылан қанын сорып, тәнін шағып.*

Рас. Сәбит Мұқановтың поэзиясына сын айтушылар өте көп. Осал тұстары бар шығар, бірақ біз Сәбитті «осы заманда» деп қараймыз, өзіміз «Сәбиттің заманына» барып қарауға не біліміміз, не өреміз, не тарихи таным-түсінігіміз жетпейді! Жанымызды, тілімізді, жүрегімізді тәтті поэзияға үйретіп алған тәуелсіз ұрпақ «біткен іске сыншы көптің» кебін киіп жүрген жоқпыз ба? Қазіргі ұрпақ әдебиетті сүйетін шығармыз, бірақ Сәбит Мұқановтай том-том еңбектерімізді қалдырып, қазақ әдебиетін Сәбиттей жасап жатқан жоқпыз.

Ғабит Мүсіреповтің: «Сәбит поэзиясының бұл дәуірдегі басты ерекшелігі — дарынды ақынымыз совет дәуірінің ең талантты ақыны Владимир Маяковскиймен толық үндестік тапқанында», — деп айтатын тұстары бар. Жаңашыл ақын болды. Ендігі ұрпақ Сәбиттің осы ерекшеліктерін айтуымыз керек. Ғасырының қай жаңалығын болсын алғаш болып жырлады. Бұл пікір өз алдына, және де ақынның ең басты ерекшелігі, тағы бір халық поэзиясының өкілдеріне тән қасиеті — әңгімешілдігі мен шежірешілдігі. Сәбит өзіне дейінгі қалыптасқан дәстүрлі поэзияның заңдылықтарын сақтай отырып, халық поэзиясын жаңа бағыттағы әдебиеттің аясында дамыта білді.

Қорыта айтқанда, Сәбит Мұқановтың поэзиясын «қазақты оятарлықтай» кесек дүние, өзіндік бағасы бар құндылық деп қарауымыз керек. Еліне адал тұлға, «қазақтың қайраткер Сәбиті» деп айтуымыз керек, айтқызуымыз заң.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ахметова К. Сәбит Мұқановтың Абай туралы ойларының эволюциясы // Жұлдыз. — 2010. — 1 қаңт. — 127-б.
- 2 С.Мұқанов тағылымы: Әдеби-сын мақалалар. — Алматы: Жазушы, 1962. — 146-б.
- 3 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. — Алматы: Атамұра, 2003. — 118-б.

Ж.К.Смагулов, М.Асан

Новый взгляд на поэзию С.Муканова

В статье рассматриваются проблемы новаторства в лирике С.Муканова и то, как показана в ней эпоха. Авторы сопоставляют разные точки зрения и мнения, делают научные выводы и предлагают новые направления исследования.

A new outlook on S.Mukanov's poetry

Given article of M.Asan examines and values the describing of truth of era and image of novelty in lyric poetry of S.Mukanov in nowadays view. Comparing various opinions, researching thought is concluded in an innovative way.

ӘОЖ 821.512.122

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Қазақтың «көмекей әулиесі» — Бұқар жырау Қалқаманұлы**

Мақалада XVIII ғасырдағы көрнекті ақын-ағартушы және саяси қайраткер Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірі мен қызметі сипатталды. Оның жоңғар шапқыншыларына қарсы күресте қазақ жасақтарын біріктірудегі рөлі көрініс табады. Ақынның ұлы хандар Абылай мен Тәукенің мінбері мен серігі ретінде атқарған саяси қызметі көрсетілді. Оның қазақ әдебиеті мен поэзиясына барлық заманның ұлы жырауы ретінде қосқан үлесі бағаланған. Аталған дара тұлғаның өмірі мен қызметін қазіргі уақытта зерттеу мен қазіргі жастарды патриоттық тәрбиелеудегі қажеттілігі туралы қорытынды жасалды.

Кілтті сөздер: Бұқар жырау Қалқаманұлы, жыраулық дәстүр, жыраулық поэзия, Абылай хан, Тәуке хан, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Олжабай батыр, Жасыбай батыр, Бұқар жырау шығармалары.

Kipicne

XVIII ғасырға дейін де, одан кейін де көркем ой, кестелі тіл көбінесе поэзия жанрында көрінді, әсіресе поэзиялық туындыларды шығарушы өнер иелерін XIX ғасырға дейін жыраулар деп атады. Әдебиет тарихын зерттеушілердің айтуынша, XVIII ғасырда әріден келе жатқан жыраулық дәстүр одан әрі дамып, бұған қоса ақындар мектебінің күш ала бастаған шағы болды.

XIX ғасырда (феодалдық-патриархалды қоғам тоқырау заманына ұшырағанда) жыраулар да «сахнадан» түсуге мәжбүр болды. Жыраулық поэзияның соңғы көрнекті өкілі — халқымыздың асқан кемеңгер ойшылы, қоғам қайраткері, ақпа-төкпе жыр нөсері Бұқар жырау Қалқаманұлы.

Бұқардың өлеңдері, өзі тұстас ақындармен салыстырғанда, кейінге молырақ жеткен. Оның Абылай туралы өлеңін жазып алып, алғаш пікір айтқан Шоқан Уәлиханов еді. Одан кейін жырау өлеңдерін жинап, ол туралы мәлімет берген белгілі фольклорист, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1857–1931).

Бұқар сөздері туралы кейбір мәліметтер Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамсасында» да кездеседі: «Абылай ханның қалмақпен ақырғы соғыстарында қазақтар көп әскермен Қалба тауына келгенде, елдің қайта етекке түскенін естіген торғауыттар солтүстік Ласты, Шорға бойында, қалмақтар осы таудың оңтүстік жағы Ұржар өзені мен Емел бойында екен. Қай шеттен, қалай шабу керек деп үлкендерімен кеңескенде қолбасылары Бөгенбай мен Қабанбай батырлар екі дай болады. Бөгенбай қалмақты Ұржар–Емел бойына Тарбағатай арқылы асып шаппаса, торғауыт ат-айылын тартып дайындалып отырады, бізге көрші, жақын, мүмкін, олар таудан ерте түсіп кеткеніне

карағанда, бізден хабар да алған шығар, ондай жағдайда көп адам шығынымен алуымыз мүмкін деген. Ал алыстағы ел алаңсыз отырады, қапысыз басамыз деп ойын айтқан Қабанбай, алыс жолдан аты арып, қолы әлсірейді. Мүмкін, біздің онда кеткенімізді ат ізінен білсе хабарлап қоюы, сонымен олар алдан дайын тұрса, арттан бұлар келіп ортаға алу қаупі жоқ емес деді. Абылай бұлардың қайсысын тыңдарын білмей, дағдарып Бұқар жырауға ишара етіп сен сөйлегісі дегенде, ол:

*Сен Абылай, Абылай,
Түркістаннан келген құл едің.
Онан бері келген соң,
Ұлы жүзде Төленің,
Түйесін жайған құл едің.
Дәулет қонды басыңа.
Қыдыр келді қасыңа.
Бақ үйіне түнедің,
Алтын тұғырға кеп қонып,
Ақ сұңқардай түледің,
Алыстан тоят тіледің.
Сен канжығалы Бөгенбай,
Тақымы кеппес ұры едің,
Түн қатып және жүр едің.
Қабанбайдан бұрын найзаңды
Қашан сен жауға тіредің, —*

деп мәселе шешілген. Болмаса осыдан көп нәрсе ұшығатынын білген еді. Бұлар Ласты–Шорғадағы торғауытты шауып, біраз адам шығын болғанымен, көп олжалы болып оралған [1].

Бұқар өлеңдері 1923–1925 жылдары «Таң» журналының 1–4 сандарында үздіксіз басылды. Оның біразын М.Әуезов бастырды. Ұлы ғалым жан-жақты толғап, мынадай ғылыми тұжырым жасаған: «XVIII ғасырдың атақты жырауы Бұқар Қалқамановтың (1693–1787) бірсыпыра шығармалары сақталып қалды; ол қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алатын адам еді. Бұқар жырау Павлодар облысының қазіргі Баянауыл ауданында, Каржас руы ішінде туып, өскен. Ол феодалдық құрылысты сақтау және нығайту идеясын жақтаған бірсыпыра насихаттық толғаулар шығарды. Орта жүздің ханы Абылайды қолдап, кей реттерде Абылайдың осы жүзді басқару ісінде, оның әр түрлі дау-жанжалды қарау ісінде оған елеулі ықпал етіп отырған.

Өзінің атақты «Керей, қайда барасың?» деген толғауында Бұқар Абылайға наразы керей руына күш көрсетіп, былай дейді:

*Абылай алдында сен бітсең,
Құданды танысын.
Егер Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алысын.
Көшің кетер бір жаққа,
Малың кетер бір жаққа.*

... Бұқар сонымен қатар өзінің шығармаларында заманының кейбір маңызды тарихи оқиғаларын әділ көрсетті. Ол қазақ халқының жоңғар феодалдарына қарсы азаттық күресін жырлады, халықты бірлікке, ерлікке шақырды, осы күрестің ерлері — Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек батырларды мадақтады» [2].

Кейін жырау өлеңдерін жариялау ісімен С.Сейфуллин көбірек айналысты. Ол өзінің 1931, 1932 жылдардағы жинағында жыраудың бірнеше өлеңдері мен шешендік сөздерін жариялады. Жырау туралы өз ойларын ортаға салды (С.Сейфуллин. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. — Алматы, 1931. — 83,84-б.).

Профессор М.О.Әуезов пен М.Жолдыбаев, Ә.Қоңыратбаев өздерінің 1933, 1934 жылдары жарияланған «XIX–XX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» оқулығында Бұқар туралы мол мәліметтер беріп, оны әдебиетіміздің тарихына енгізді.

Шоқан Уәлиханов шығармаларында басылып жүрген Бұқар жыраудың «Абылай өлгенде айтқаны» деген өлеңін профессор Ә.Марғұлан Шоқан шығармаларының бірінші томына енгізіп, сол томның түсіндірмесінде ғылыми пікір түйеді.

Ал осы жырдың екінші бір нұсқасы Г.Н.Потаниннің «Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина» деген жинағында «Абылай ханның мүлкін мақтағаны» деген атпен басылды. Өлең мәтінінен мынадай үзінді келтіруге болады [3; 70,71]:

Күпшек санды күреңді,
 Табиғатына жаратқан.
 Қырық сан қара қалмақты
 Жарлығына жаратқан.
 Айбалтасын алтынмен булатқан,
 Еңсесі биік ақ орда
 Салтанатқа орнатқан.
 Болаттан шеге соқтырып,
 Шаңырағын торлатқан.
 Үшбу барлық бектерін
 Мәслихатқа топтатқан.
 Зәмзәм суын мыс табаққа толтыртқан,
 Қазығын ақ күмістен қақтыртқан.
 Көшсе қырық ер арта алмас,
 Тоқпағын сом алтыннан соқтырған.
 Нақыра күміс шаптырып,
 Былғарысына піштіріп,
 Шыныаяқпен іштірген.
 Орындығын оймыштап,
 Ою-нақыш салдырған.
 Сандығын сары алтынға малдырған.

 Табандасқан дұшпанға
 Күнінде қылыш шауып өткерген!

Осы үзіндідегі кейбір сөздердің түсінігі, жалпы мазмұны Абылайды, оның хандық салтанатын дәріптейтіні айқын.

Сонымен, Бұқар жырау — қазақ жеріне ертеден мәлім ғұлама. Оның бізге жеткен арнау, терме, толғаулары негізінен әлеуметтік, қоғамдық мәселені көтереді. Көп жайтты ол өзінің заманы, санасы тұрғысынан шешеді. Хандық құрылысты нығайту мақсатын көздейді. Соған қоса жыраудың кейбір толғаулары адамгершілікке, бейбітшілікке, әділеттікке үндейді. Даңқты жырау ұстамды моральдық пікірлер ұсынады.

Тәуке хан мен Бұқар жырау

Бұқар жырау Қалқаманұлы ұзақ жасаған ғұмырында қазақты билеген тоғыз ханға кеңесші боп қызмет еткен. Кемеңгер би билік айтарда өлеңмен сөйлеген. Даңқты бабасының өлмес жырларын жас күнінен жаттап, жадында сақтап өскен, бір емес, екі мәрте көшіріп, «Қарамесіне» салып қойған атақты шежіреші М.Көпейұлы: «Өз заманындағы жандар бұл кісіні «Көмекей әулие» деседі екен. Қара сөз білмейді, сөйлесе тек көмекей бүлкілдеп жырлай бастайды екен» [4], — деп сипаттаған.

Бұқар жырау кезінде тым ерте көтеріліп, Тәуке хан тұсында-ақ хан төңірегіндегі ықпалды билердің бірі болған. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Тәуке ханның сүйікті ұлы өліпті. Хан аза тұтып, бас көтермей, ас ішпей жатып алыпты.

Ұлы жүзден Үйсін Төле би, Орта жүзден Қаз дауысты Қазыбек би, Кіші жүзден Қаражігіт би барып көңіл айтқан екен, Өз Тәуке жұбанбапты, қайғысы басылмапты. Сонда қаралы ханның көңілін делбеп, басын сүйеп ас ішкізуші Бұқар жырау болады. Бұқардың осы ретте айтылған жыры сақталған [3; 72]:

Ханымыз отыр аһ ұрып,
 Халқымыз отыр бас ұрып.
 Сабаны әкел ордаға,
 Құранды оқыт молдаға.
 Ханның сөзі түзік деп,
 Орынсыз әмір жолдама.
 Бұрынғы өткен бәрі өлді,
 Қарсы болма Аллаға.
 Төле, Қазыбек кісіміз,
 Жақсы-жаман кішіміз,
 Бұл сөзіме түсіңіз,

*Дәміңізді ішіңіз,
Риза болсаң құдайға
Түзелер сонда ісіңіз.*

Осы сөздердің өзінен-ақ Бұқардың Тәуке алдында өтімді, беделді адам болғандығы аңғарылады. Сөз өнерінің ерен жүйрігі атанған Бұқар ханның ел басқару ісіне белсене араласады. Ол туралы Үмбетей жырау былай дейді:

*Бұлбұл құстай сайрадың,
Тоты көрсең жайнадың.
Көріктей басқан күнілдеп,
Көмекейің бүлкілдеп,
Сөйлер сөзден таймадың.
Тәукенің болып жаршысы,
Халқыңның болып заршысы,
Белді бекем байладың.*

Елді Тәуке басқарған кезде Қазақ хандығының орталығы Түркістан болды. Бүкіл қазақ ұлыстары бір орталыққа — ханға бағынды. Бұл мемлекет бірлігін нығайта түсуге жәрдемдесті. Бүкіл түркі текті халықтар (қазақтар, өзбектер, қырғыздар, қарақалпақтар) бірлесіп, жоңғар-ойрат басқыншыларына қарсы шықты.

Тәуке ханның тұсында Бұқар белді жырау және би ретінде өзінен жасы үлкен Қаз дауысты Қазыбек, Төле және Әйтеке билер сияқты саңлақтармен жолығысады. Олармен бірге қазақтың тұңғыш құқықтық мөлшерінің жиынтығы болып саналатын немесе орыс тарихында «Тәуке хан заңдары» («Жеті жарғы») деп аталатын еңбекті жасауға қатысады. Қожаберген жыраудың «Жеті жарғы» атты көлемді дастанында былай деген жолдар бар:

*Шығайдан соң орнына Тәуке қалды,
Кезінде Әз-Тәуке деп атақ алды.
Қазыбек, Төле, Әйтеке ақылы боп,
Дейтұғын «Жеті жарғы» заң шығарды.*

Бұл даланың философияға толы, еленіп-екшеленіп халықтың сүзгісінен өткен ереже-қағидалар, дәстүр-қағидалар, дәстүр-ғұрыптар жиынтығы, осы заңның үзінділері Р.Спасскийдің және А.Левшиннің жазбалары арқылы бізге жетті.

Тәуке хан 1718 жылы қайтыс болады. Бұл мәлімет Бұқардың XVIII ғасырдың бас кезінің өзінде-ақ біраз жасқа келіп қалған, қазақ хандарының сарайында атақты билердің бірі болған жан екендігін көрсетеді.

Бұқардың Тәукеден соңғы әміршілермен тіл табыса алмауы

Бұқар заманының билері мен жыраулары малымен емес, сөзімен кісілікті жандар екенін көрсете білген. Олардың көбі кедей болған. Бұқар жырау да мал жиюды кәсіп етпеген көрінеді.

Өкінішке орай, Бұқардың Тәукеден соңғы әміршілермен тіл табыса алмағаны аңғарылады. Жырау кедейшілікке ұрынады. Тұңғыш биографы Мәшһүр Жүсіптің айтуына қарағанда және өз шығармаларынан да көрінетіндей, Бұқардың, тіпті, сауып ішер малы, мініп-түсер аты да болмайды. Жырау алпыстан асқанша осы жарлы, кембағал халде күн кешеді [5].

Бірде Бұқар өзіне ағайын бір байдан мінуге ат сұрапты. Бай бергісі келмей бірталай уақыт алдаусыратып жүріпті де, ақыры бір күні Бұқардың қолына екі қарыс бөз қыстырып, құтылмақ болыпты. Сонда Бұқардың айтқаны [3; 71]:

*Бұқарекең, біз келдік,
Ақан, Төбек байларға,
Бесті берсең семіз бер,
Жаздай мінер жайлауға.
Бермеймін деп атама,
Асауыңды матама.
Шылбырынан бір тартсам,
Шамырқанып шамданып,
Шалқасынан жата ма?
Алтыстағы Бұқардың
Сілесі құрып қата ма?
Құлдарың мен күңдерің*

*Мерекеге бата ма?
Келіп едім өзіңе,
Түнеугі айтқан сөзіңе.
Тіпті разы болмаймын,
Керегенің басындағы
Екі қарыс бөзіңе.
Бермей қалсаң осы жол,
Жолықпан деп ойлама,
Жортуылшының тезіне!*

Өз Тәукенің өлімінен кейін қазақ елі үш жүзге бөлініп, ұсақ хандықтарға айнала бастайды. Ал «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» ауыр азабынан кейін қазақ қауымы тіпті қиын халге ұшырайды. Бұл — атадан ұл, анадан қыз айырылып, исі қазақ күйзелген қилы заман еді. Осы кезде ел билігіне Абылай келеді. Абылай сұлтан таққа отырысымен, Бұқардың да жұлдызы жанады. Жырау қайтадан Ақ ордаға енеді. Одан ол өлгенінше шықпайды.

Абылай хан мен Бұқар жырау

Замандастарының айтуынша, Абылай қатаң мінезді, шапшаң, әрі аямай жаза кесетін адам болған. Ханның бас идеологы болған Бұқар үш жүзді басқару ісінде және түрлі дау-шарды шешу кезінде Абылайға елеулі ықпал жасап, көмек беріп отырды.

Абылайдың өмірі мен қызметі жөнінде жүргізілген зерттеу бұл тұлғаның көшпенділер қоғамының тарихында зор рөл атқарғанын көрсетеді. Ол 1771 жылы Түркістанда «Үш алашқа хан көтеріледі». Өз мақсатын орындау жолында Абылай бірталай табысқа жетті. Ол Қазақ хандығының халықаралық беделін нығайтып, барлық көршілес жұрттармен және мемлекеттермен дипломатиялық, сауда қатынастарын қолдап отырды. Арғы тегінен көшпенді бола тұрса да ол озық желкіністерді жатырқамай, үйлер салады, егіншілікпен айналысады, ойрат және қытай тілдерін үйренеді. Абылай билік құрған жылдарда феодалдық алауыздық тыйылып, елдің экономикалық жағдайы оңала бастады. Қазақ халқының материалдық әл-ауқаты көтеріле түсті. Жоңғар басқыншылары біржола талқандалды. Орта Азия хандықтарымен соғыстар сәтті аяқталды. Түркістан, Шымкент, Сайрам және тағы басқа қалалар қайтадан қазақтардың қолына өтті. Сондықтан Бұқар жырау өзінің шығармаларында Абылайды жат елдіктерге қарсы күресте асқан ерлік көрсеткен батыр, халық игілігіне қамқоршы, кемеңгер көсем ретінде бейнелейді [3; 33–34]:

*Хан Абылай атандың,
Дүниеден шықпай мініңіз.
Алтын тақтың үстінде,
Үш жүздің басын құрадың.
Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың.
Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз.
Арманың бар ма, хан ием,
Мәртебелі төбеге
Жауыңды алып жайладың.*

Ғұлама жырау өзінің бір толғауында Абылай тұлғасын көл-көсір салыстыру, асқақ сипаттамалар арқылы шалқыта жырлайды [6; 53–54]:

*Әй, Абылай, сен он бір жасыңда
Әшейін-ақ ұл едің.
Он бес жасқа келгенде
Арқада Әбілмәмбет төренің
Түйесін баққан құл едің.
Жиырма жасқа келгенде
Абылай атың жоқ еді,
«Сабалақ» атпен жүр едің.
Оны да көрген жерім бар:
Жаныс Қарабайдың қолында
Түнде туған ұл едің.
Жиырма беске келгенде*

*Бақыт қонды басыңа.
 Тақыт берді астыңа,
 Отыз жасқа келгенде
 Кең дүниеге кенелдің.
 Отыз беске келгенде
 Қара судың бетінде
 Соқтығып аққан сең едің.
 Қырық жасқа келгенде
 Алтынды тонның жеңі едің.
 Қырық беске келгенде
 Жақсы-жаман демедің.
 Елу жасқа келгенде
 Үш жүздің баласының
 Атының басын бір кезеңге тіредің.*

Ақынның басты арманы — үш жүздің басы қосылып, бір орталыққа бағынған күшті мемлекет болуы. Осы өзінің арманын жүзеге асырушы Абылай деп есептеп, оны іс жүзінде де, сөз жүзінде де мейлінше қолдайды. Абылайға байланысты бір топ шығармаларында қазақ халқының шын қамқоршысы, шын жетекшісінің идеалдық бейнесін береді. Абылай ханның өліміне байланысты жыраудың мынадай тамаша бес жол өлеңі бар [3; 37]:

*Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан,
 ханым-ай,
 Қайырусыз жылқы бақтырған,
 ханым-ай!
 Қалыңсыз қатын құштырған,
 ханым-ай!
 Үш жүзден үш кісіні
 құрбан қылсам,
 Сонда да қалар ма екен
 қайран жаның-ай!.*

Осындай жалынышты сөзіне Бұқар өз ойына ұялаған Абылайдың барлық шарапаттарын сыйғызғандай. Бұқар жырау Абылай ханның балалық шағындағы ауыр күндерін, қиын халін айта отырып, оның барлық атақпен даңққа халықтың қолдауымен және жеке басының қасиеті арқасында жеткенін, оның беделі елге сіңірген еңбегінің нәтижесі екенін былайша көрсетеді [6; 53]:

*Хан Абылай атанып,
 Жайнап шықтың жасыңнан.
 Мейман асың толғанда,
 Уақытыңыз болғанда
 Қарашың қашар қасыңнан,
 Ханның жақсы болмағы –
 Қарашының елдігі.
 Қарашы халқы сыйласа,
 Алтыннан болар белдігі.
 Жақсы әйел ұл туса,
 Патшадан болмас кемдігі.
 Айтсам сөзім таусылмас,
 Өзің ұқ артын ендігі.*

Жыраудың ұғымында Абылай қазақ халқының басына сұрапыл қасірет төнген кезде ел еңсесін көтеруге, алаш мемлекеттігін сақтауға және күшейтуге туған қайраткер.

Халық пен хан арасында дәнекер болған Бұқар жырау ханды басшы деп, «басшысыз халық азады, халықсыз хан тозады» дегенді мықтап ескерген. Ол ханға да, халыққа да осы пікірін айтып өткен. 1745 жылы қалмақтың ханы Қалдан Серен өлгеннен кейін оның елінің бірлігі болмай қалғандықтан, олардың азып-тозып құрып кеткенін көрген қарт жырау өз халқын осыдан ғибрат алуға шақырды. Бірлігін жоғалтып, мемлекеттігінен айрылған қалмақ елінің сиқын ол былайша көрсетеді [3; 23]:

*Кеше қара қалмақ бүлінді,
 Бүлінгеннің белгісі:*

*Бұрқан-тарқан болысты,
 Уағыдадан азысты,
 Буыршындай тіздесті,
 Жамандықты іздесті,
 Бірін бірі күндесті,
 Жаулаған ханын қара оңбас,
 Хан қисайса бәрі оңбас,
 Ханын қалмақ жаулаған,
 Сөйткен қалмақ оңбаған.
 Сол қалмақтың жұртынан
 Үш Қарқара, Көктөбе
 Иттей ұлып қалмаған, —*

деп мемлекеттің күші халықтың бірлігінде екенін өз халқының көзіне елестетті [7; 44].

Халық бақыты мен ел болашағы ақылды, «жақсы хандарға» байланысты деп санаған Бұқар жырау Абылайға үлкен сенім артып, оның ел басқару саясатына зор үмітпен қараған. Алайда жырау ханды оңды-солды мадақтап, оған бас ие бермеген. Кеңесін тыңдамаса өткір тілмен шенеп, дегеніне көндіріп отырған. Халық мүддесіне кереғар келетін іс-әрекет жасаған жағдайларда Абылайды өткір сынға алып отырған.

Бірде Абылай ашуланып көрші отырған орыс мемлекетімен соғыспақ болғанда, Бұқар бұған қарсы шығып, бұқара мүддесін қорғап қалады. Жырау бұл тұста ашулы ханға зілді айбатпен халық атынан қыр көрсете толғайды [3; 21]:

*Ашуланба, Абылай,
 Ашулансаң, Абылай,
 Көтерермін, көнермін,
 Көтеріп қазға салармын.
 Өкпеңменен қабынба,
 Өтіңменен жарылма,
 Орыспенен соғысып,
 Басына мұнша көтерген
 Жұртыңа жаулық сағынба.
 Күнінде мендей жырлайтын,
 Тоқсан үште қария
 Енді саған табылмас!, —*

деп қазақ-орыс қарым-қатынасына жаңа бағыт сілтейді. Аса ойшыл Бұқар жырау қай елмен болса да бейбіт сүру жолын таңдайды.

Абылай хан мен Бұқар жыраудың мақсат-мүддесі, арман-мұраты, ізгі тілегі тек бір ғана ел-жұртының игілігі, болашақтың қамы еді.

Бұқар жыраудың қазақ елінің батырлары туралы терең толғануы

Бұқар өмір сүрген дәуірдің ұлы оқиғасы — жоңғар қалмақтарының өктемдігі, олардың қазақ жеріне баса көктеп енуі. Қалмаққа қарсы ұрыс басталған шақтан аяғына дейін бар ауыртпалықты Бұқар елімен бірге кешкен. Ол әсіресе өзі туған өлкесін азат ету күресіне тікелей араласып, қолбасшылармен бірге, ақылшы, үгітші боп белсенділік көрсеткен.

Қазақ тарихында «ақтабан шұбырынды» ұғымын қалыптастырған жоңғар шапқыншылығы кезеңінде елі мен жерін жаудан қорғау үшін бес қаруын асынып, атқа мінген әрбір сарбаз ер деген атқа лайық. Болашақ үшін өмірінің жартысынан астамын ат үстінде өткізген сол ерлердің есімдері кейінгі ұрпақтың мақтанышына айналды. Жоңғарларға қарсы Отан соғысы тұсында Найман тайпасының біршама тұлғалары көзге түсіп, халықтың жадында сақталып қалды. Солардың бірі және бірегейі Қаракерей Қабанбай батыр десе, ешкім дау айта қоймас. Қабанбай қолына найза ұстаған батыр ғана емес, ол аса ірі қолбасшы және мемлекет қайраткері [8].

Қабанбай батырдың тұлғасы сипатталатын бір дерек көздері — батыр замандастырының шығармалары. Олардың ішінде Бұқар жыраудың туындылары ерекше орын алады. Мысалы, жыраудың мына бір тамаша жыр жолдарында [6; 50] Қаракерей Қабанбай бастаған батырлардың рухы былайша сипатталады:

*Қалданменен ұрысып,
 Жеті күндей сүрісіп,*

Сондағы жолдас адамдар:
 Қаракерей Қабанбай,
 Қанжығалы Бөгенбай,
 Шақшақұлы Жәнібек,
 Сіргелі қара Тілеуке,
 Қарақалпақ Қылышбек,
 Тігеден шыққан Сатай, Бөлек,
 Шапырашты Наурызбай,
 Қаумен Дәулет қасыңда,
 Бақ-дәулеті басында.
 Сеңгібай мен Шойбек бар,
 Таңсық қожа, Мәмбет бар,
 Қасқарауұлы Молдабай,
 Қатардан жақсы қалдырмай,
 Айнақұл Бәти ішінде,
 Өңкей батыр жиылып,
 Абылай салды жарлықты.

Ұлт болашағы мен ұрпақ үшін өмірін ат үстінде өткізген және ешбір аяқаста сағы сынбаған батыр 78 жасында қайтыс болған. Қабанбай ауырып, қалы нашарлап жатқан тұста, қалын сұрай келген Бұқар жырау төмендегіше толғаған екен [3; 72,73]:

Айналайын, Қабанбай,
 Кіретін жауға тайсалмай,
 Жау келгенде жарағым.
 Асқынып елге дау келсе,
 Тұрулі еді құлағың.
 Баса көктеп жау келсе,
 Басындырмас пырағым.
 Мың жылқыны суарған,
 Төскейдегі бұлағым.
 Бүгін түсте естідім,
 «Қабанбай ауру» дегенде,
 Құлазып көңілім қобалжып,
 Жетімсіреп жыладым.
 Арғыннан айттым жүз кісі,
 Найманнан айттым жүз кісі,
 Үйсіннен айттым жүз кісі,
 Үш жүз кісі болар ма?
 Айналайын, Қабанбай,
 Құрбаныңа атағам,
 Қара мойын бір лағың.
 Бұл дүниенің қарты едің,
 Әулиенің арты едің,
 Батырлардың мәртті едің,
 Айналайын, Қабанбай,
 Қайда болар тұрағың?

Бұқар жыраудың сөзінің соңында айтылғандай, Қабанбай батырдың қайда жерленгені жөнінде кезінде көптеген пікірлер айтылды. Кейінгі жылдары батырдың Есіл мен Нұра өңірінде, яғни Арқа жерінде, жерленгендігі анықталып, басына күмбез орнатылды.

Қазақ тарихында Қанжығалы руынан шыққан Бөгенбай батырдың орны ерекше бөлек. Сондықтан Бұқар жырау өзінің жырларында Бөгенбайға ерекше баға беріп, оның алып тұлғасын бейнелеп, кейінгі ұрпаққа үлгі ете білген. Жыраудың Бөгенбай батырдың өлімін естіртуге арналған әйгілі толғауында [6; 44,45] мынадай жолдар бар:

Қазақтың ханы Абылай,
 Абылай ханым, бұл қалай?
 Ақиықты аспанға
 Ұшпастай ғып торлады.

*Құлағанға ұқсайды
Қазақтың қамал қорғаны.
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Айтпасыма болмады,
Батырың өтті Бөгенбай!*

*Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған,
Қисапсыз қол көрінсе,
Қорқып жаудан қайтпаған,
Қазақ деген халқынан,
Батыр шыққан даңқынан,
Қарсыласқан асылдар
Қорғасындай балқыған,
Батырың өтті Бөгенбай!*

.....
.....
.....

*Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Қаз дауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек –
Ормандай көп Орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек,
Тұғыр болған сол еді
Сіздей төре сұңқарға.
Бәйгелі жерде бақ болған
Сіздей жүйрік тұлпарға.
Қайғырмаңыз, ханзадам.
Келмей тұр аузым айтарға,
Батырың өтті Бөгенбай!*

*Өкпе қылған ел үшін,
Жауда кеткен кек үшін.
Қазақтың абырой-арына,
Сарып қылған бар күшін.
Қайыры болсын халқыңа.
Сабыр қыл, ойла келмесін.
Қарияң келіп жылап тұр
Еңбегі сіңген ер үшін,
Батырың өтті Бөгенбай!*

Көріп отырғанымыздай, Бұқар жырау Бөгенбайды Орта жүздің төрт тірегінің бірі ретінде сипаттайды. Ал тоқсаннан асқан жыраудың қатты толғаныспен Абылай ханға Бөгенбай өлімін естіртуі:

*Құлағанға ұқсайды,
Қазақтың қамал қорғаны, —*

деп егілгені кейінгі ұрпаққа өсиет етіп айтып кеткен бағасы екені мәлім.

Қалмақтарға қарсы соғыста Сүйіндік елінен шыққан Олжабай батыр (1696–1792) еңбегі ерекше аталады. Ол жас кезінде-ақ қол бастап, батыр атанады. Кезінде Олжабай негізгі күш болған ауыр қолды бастап шыққан қолбасы болады. Сондықтан оған Бұқар жырау салмағын сала түседі. Ашуды ақылға жеңдіруді, жеңіске, қайратқа мас болмай, сабырмен іс қылуға үндейді. Оған үлкен сенім артады. Ел тағдырына орда тағдырын коса жүктейді [9; 352]:

*Қанды жорық Олжабай,
Болат тіреу ордам-ай...
Қолды баста, тез аттан.
Ту көтеріп үш жақтап.*

*Ер кіндігін шабақта,
Нөсер төгіп садақтан.
Болат қару тарланым,
Арыстандай арланым,
Сен тіріде құламас,
Сары ала туы орданың.*

Қалмаққа қарсы күресте Малайсары мен Жасыбай батырлар ерекше еңбектерімен даңққа бөленеді. Малайсары (Бәсентиін руынан) әрі би, әрі батыр саналады. Жасыбай (Төртуыл Сүйіндіктің Айдаболынан шыққан батыр) жау мергенінің жапсардан жасырынып тұрып атқан оғынан Шойынды көлді азат ету ұрысында, қапыда қаза тапқан. Оның өлімі соншалық азалы, қайғылы болған. Бұл қазаны Бұқар, Көтеш ақындар жоқтау шығарып жыр еткен. Шойынды көлді батырдың атын мәңгі есте сақтау мақсатымен Жасыбай көлі деп атауға ұйғарады [бұл көл Баянауылда орналасқан].

Жаяу Мұса Байжановтың (1885–1929) Бұқар жыраудың қалмаққа қарсы күресте аты шыққан Жасыбай батырдың ерліктерін толғап келгенін ескертіп, Бұқар сөзі деп бір жыр қалдырғаны мәлім. 160 жолдық бұл жырда Бұқар жырау батыр қазасы туралы былай деп толғайды [9; 346]:

*Кешегі өткен Жасыбай.
Көкше шақпақ тасындай.
Сууы қатты сом болат.
Өмірі өтті жасымай,
Дем таусылып, дәм бітсе,
Аялына қарай ма?
Өзелде жазу осылай.
Тыңда мені Абылай!
Тақта отырып арымай,
Болар істің қамын қыл,
Жадырап шілде жазындай... —*

деп, Абылайға қарата сөз тастайды.

Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің тарихы» дейтін кітабында Жаяу Мұса Байжановтың Бұқар сөзі деп қалдырған жырын келтіреді. Осы жырда қалмаққа қарсы күресте ерлік жасаған Жасыбай батырдың қазасында Бұқар жырау халықты жаудан өш алуға, ерлікпен күресіп, жауға кеткен жерді қайтаруға, қорлыққа көнбей, азаттық үшін табан тіреп шайқасуға шақырып, жалынды сөздерімен рухтандырады [10]:

*Тыңда мені, ерлерім,
Жау аса алмас белдерім,
Ердің қанын қанмен жу,
Сендер едің сенгенім.
Жолдарың болар жорықта,
Тыю болар зорлыққа,
Өзі тиген өкінбес,
Күш жұмсасаң қорлыққа.
Ордалы байтақ елім бар,
Бал өзені тулаған.
Мал кіндігі жерім бар,
Соны қорғап бағыңдар,
Жауға қарсы барыңдар!
Кеткен жерді қайырып,
Ежен ханнан алыңдар!
Дағыра дабыл ұрыңдар,
Қамданыңдар, тұрыңдар!
Бет күйдірген айбатпен,
Тас үгіткен қайратпен
Жау әскерін қырыңдар!.*

Намысты жанитын не деген отты сөздер! Бет күйдірет айбат, тас үгітер қайрат сендерде! Жұмыла тізе қосып күш жұмсасаңдар, сендер алмайтын қамал жоқ. Отан қорғау — әділетті іс, сондықтан жорықта жолдарың болады деп, қарт жырау жауынгерлерге үміт отын жағып, рухын жігерлендіреді. Көпке қарата айтылған шешендік сөздің құдіреті де осында шығар!

Бұқар жыраудың қазақ әдебиетінің қалыптасуына қосқан үлесі

Бұқар жыраудың қазақ әдебиетінің қалыптасу жолында сіңірген еңбегі, қосқан үлесі өте зор. Бұқар сөз өнерінің қиындығын да құрметтілігін де толық білген жырау:

*Ел бастау қиын емес —
Қонатын жерден көл
табылады:
Қол бастау қиын емес —
Шабатын жерден ел
табылады.
Шаршы топта сөз бастаудан
Қиынды көргенім жоқ, —*

дейді ақын [11].

Бұдан үш ғасырдай бұрын тілек түрінде айтылған ой толғамдары, парасат пікірлері, өсиет сөздері бүгінгі күннің оқырмандарына арналғандай. Он бір тілектен тұратын осы бір толғаудың әр тілегі ақыл-парасаттың қайнар көзі іспеттес. Ақын екінші тілегінде адамзат баласын өсек сөзге ермеуге шақырады. Төртінші тілегінде «әуелгі байлық — денсаулық» дегендегіні аңғартса, алтыншы тілекте босаға беріктігін, жанұя татулығын тілейді. Сегізінші тілегінде қарт жырау Жер-Ана да, табиғат та өлшеусіз, шетсіз, шексіз бір нәрсе емес, ол да болмыс, жаратылыс деп аңғартады. Сондықтанда жер бесігімізді аздырып, тоздырып алмайық, оған да аялы алақан, жомарт жанашырлық керек деп ескереді. Тоғызыншы, оныншы тілектер адам бойындағы имандылық, мейірімділік, сыйластық, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді аялай білуге жөн сілтейді, тәлімдік, тәрбиелік түйін-толғаулар [3; 7,8].

Жыраудың тілейтіні: қазақ елінің тұтастығы, бірлік ынтымағы. Ал сынайтыны: ру арасындағы алауыздық, бір-біріне жала жабушылық, бітімсіздік. Осыған орай ол қазақ руларының мал-жан немесе қоныс-қыстау үшін бос қырқыспауын насихаттайды [6, 33]:

*Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін
Қылмаңдар жанжал-ерегес.*

Мұны Бұқардың бізге қалдырған өсиеті деп түсінуге болады.

Бұқар — Алла жолын тұтқан абыз адам. Қарт жыраудан бізге жеткен өлең-толғаулардың ішінде Алланы, Құранды, Пайғамбарды және басқа діни түсініктерді молырақ сөз ететін екі шығармасы бар. Соның бірінде [3; 11]:

*Құдайыңа құл болсаң,
Шын жаратқан ұл болсаң,
Құдай тағалам өзі берер
Нәсіпті, —*

дейді ұлы жырау.

Ақын ислам дініне берік болуды уағыздайды [3; 9,10]:

*Ей айташы, Алланы айт,
Аты жақсы Құдайды айт.
Төрт шарияр Мұстафа
Мұсқап ашқан ғаламды айт.*

.....
*Құдіретімен жаратқан
Он сегіз мың ғаламды айт.
Ақтан сия танытқан
Дәуіт пенен қаламды айт.
Сөйлеу үшін жаратқан
Сөз анасы сәлемді айт.
Тірілікте сыйласқан
Ата менен анаңды айт.
Адам үшін жаратқан
Қызықты нәубет балаңды айт.*

Бұқар жыраудың насихат өлеңдерінде адамның мінез-құлқына, іс-тірлігіне байланысты жайттар қазбалап айтылады. Оның шығармаларында жаманнан бездіріп, жақсыға жеткізу, ұнамды қасиет-қылықтарды өнеге ету, үгіттеу басым. Өсиет жырларында иландыру ниеті көп байқалады [6; 27,28]:

Екі жақсы бас қосса,
 Санат емей немене?
 Қамшылатып жүгірген,
 Шабан емей немене?
 Айтқаныңды білмесе,
 Жаман емей немене?
 Сұрағанда бермеген,
 Сараң емей немене?
 Кісі ақысын көп жеген
 Арам емей немене?
 Ішке бүккен құлығы,
 Амал емей немене?
 Сусағанда ішкен су
 Шекер емей немене?
 Еңбексізге біткен мал
 Бекер емей немене?

Осы жолдардан жыраудың әрбір жаман немесе жақсы іске көпті көрген бастың тәжірибесінен мысал келтіріп, өнеге аларлықтай түрде, көңілін қандырып, көзін жеткізерліктей түрде айтуы сүйсіндіреді.

Бұқар жырау өлеңдерін одан әрі ой жүгіртіп оқысақ, одан халықтың өрнекті сөздерін, мақал-мәтелдерін шебер пайдалана отырып, оларға жаңа бояу, тың мазмұн беруге ұмтылғанын аңғара аламыз [6; 32]:

Арту, арту бел келсе,
 Атан тартар бүгіліп.
 Алыстан қара көрінсе,
 Арғымақ шабар тігіліп.
 Ел шетіне жау келсе,
 Ерлер шығар түрініп.
 Ел ішіне дау келсе,
 Азулы сөйлер жүгініп.

Ақынның мынадай өлеңдерін «Байды құдай атарда», «Адамның оңбағаны», «Сөзің ұзын болсын десен», «Жал-құйрығы қаба деп...» шешен сөздің, өткір афоризмнің үлгісі деуге болады. Мысалы, жыраудың мына бір тамаша өлеңін оқығанды ерекше әсер аласыз [6; 41,42]:

Жал-құйрығы қаба деп,
 Жабыдан айғыр салмаңыз.
 Қалың малы арзан деп,
 Жаман қатын алмаңыз.
 Жабыдан айғыр салсаңыз,
 Жауға мінер ат тумас.
 Жаман қатын алсаңыз,
 Топқа кірер ұл тумас.
 Жаман қатын алғаның –
 Төркініне бере алмай,
 Төсегіне жата алмай,
 Тең құрбысы келгенде
 Оңды жауап қата алмай,
 Жалғанда қор болғаның.
 Таудан аққан тас бұлақ
 Тасыса құяр теңізге.
 Қанша малы көп болса,
 Бай қуанар егізге.

Бұқар жырау өзінің шығармаларында халықтың еңсесін көтеріп, елге-ерге дем беріп, «Маң-маң басып жүріңіз, байсалды үйге түсіңіз» деп тынымсыз жаугершіліктен қажы бастаған елге қуатты сөздерімен қайрат беріп отырады. Қанатымен су сепкен қарлығаштай халықты рухани жүдеушіліктен сақтап, бейбітшіліктің мазмұнды тіршілігін жыр етеді. Оны мына өлең [6; 39] шумағынан көруге болады:

*Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректтей болыңыз.
Судан суға шүйгумен,
Көлден көлге қоныңыз.
Байлар ұғлы шоралар
Бас қосыпты десін де,
Маң-маң басып жүріңіз,
Байсалды үйге түсіңіз.
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін.
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз.*

Бала шағымыздан Бұқар жыраудың ғарыш заманындағы ақын қаламына оңайлықпен орала бермес «Ай нұрын ұстап мінсе де» [3; 39,40] сынды ғажайып бейнелі айшығы бар өлеңіне тәнтіміз. Жыраудың ақындық қуатын танытатын мына төмендегі жолдар еуропалық лирикалық озық үлгілері деңгейінде деп толық айтуға болады:

*Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат!
Әлемді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де,
Өмірге тоймас адамзат!
Жақындап ажал тұрса да,
Жаныңа қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңіл қарайып,
Қарауытып көзі тұрса да,
Үмітін қоймас адамзат!*

Иә, әлемдік асыл сөз үлгісі осындай-ақ болатын шығар!

Бұқар адамның рухани байлығын мейлінше жоғары бағалады. Адамның ақыл-ойына дүниедегі байлық та, билік те тең келе алмайды дейді жырау. Бұған оның [6, 42,43]:

*Асқар таудың өлгені –
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені –
Аса алмай таудан қалғаны.
Ай мен күннің өлгені –
Еңкейіп барып батқаны.
Айдын шалқар өлгені –
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені –
Қар астында жатқаны.
Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді, —*

деуі дәлел.

Бұқар жырлары — халық тіршілігінің жорға бесігі. Олар — зарыққанды жебеген, тарыққанды демеген өмір арнасы [6; 21,22]:

*Айналасын жер тұтқан
Айды батпас демеңіз.
Айнала ішсе таусылмас
Көл суалмас демеңіз.
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас демеңіз.*

*Жарлыны жарлы деменіз:
 Жарлы байға тең келіп,
 Жайлауға жарыса көшпес деменіз.
 Жалғызды жалғыз деменіз:
 Жалғыз көпке теңеліп,
 Бір жаһанда соғысып,
 Кегін алмас деменіз.
 Құландар ойнар қу тақыр
 Құрай бітпес деменіз.
 Құрай бітпес құба жон
 Құлан жортпас деменіз.
 Құрсағы жуан боз бие
 Құлын салмас деменіз.
 Құлық туған құлаша
 Құрсақтанбас деменіз.
 Қу таяқты кедейге
 Дәулет бітпес деменіз.*

Бұқар жыраудың данышпандығын көрсететін, оның қоғамдық, саяси-әлеуметтік жағдайларға биік тұрғыдан қарап, көзін қырандай алысқа жіберіп, өз дәуірін ғана емес, болашақты да кең шолып толғай, болжай білгендігіне мына төмендегі жыр шумақтары дәлел болады [12]:

*Күн батыста бір дұшпан,
 Ақыры шығар сол тұстан.
 Күн шығысқа қарайды,
 Шашын алмай тарайды.
 Құдайды білмес — діні жоқ,
 Жамандықта міні жоқ.
 Сол сықылды бір кәпір,
 Ауызы-басы жүн кәпір.
 Жаяулап келер жұртыңа,
 Жағалы шекпен кигізіп.
 Балды май жағар ұртыңа,
 Жемқорларға жем беріп.
 Азды көпке теңгеріп,
 Ел қамын айтқан жақсыны,
 Сөйлетпей ұрар ұртына.
 Бауыздамай ішер қаныңды,
 Өлтірмей алар жаныңды,
 Қағазға жазар малыңды.
 Есепке салар барыңды,
 Еліңді алар қолыңнан.
 Әскер қылар ұлыңнан.
 Тексізді төрге шығарма,
 Басыңа ол күн туганда
 Теңдік тимес құлыңнан,
 Бұл айтқан сөз Абылай,
 Болмай қалмас артыңнан
 Есті мұны қартыңнан.*

Япыр-ай, бұдан артық толғау, осыдан асыра болашақты болжау мүмкін бе?! Қалай бәрін дәл айтқан, орынды да байсалды, өзегін өртей отырып өткір жырлаған!

Ақын осы ұлы толғауын айтқанда бұл келеңсіз істің бірі де ел ішінде жоқ еді. Соған қарамастан жырау алдағы заманды бейнелегенде, адамның рухани күйреп азып-тозатынын, аяусыз қырылып, зобалаңға ұшырайтынын тап басып сипаттаған. Бұл жыр жолдары керемет көрегендік екеніне XX ғасырдағы қазақ жеріндегі өмір шындығы куә болды.

Түйін

Басы ашық нәрсе сол, Бұқар жырау — шығармалары ғасырлар бойы маңызын төмендетпеген классик акын. Қазақ классицизмі өрлеп тұрған дәуір еді бұл. Ресейде Державин, Ломоносов, Сумароков қандай орын алса, Бұқар жырау біздің ұлттық мәдениетімізден сондай орын алады. Классик-ақындардың айтар негізгі ойлары қоғамның мемлекеттік құрылысы, халық пен билік жүргізушілердің қарым-қатынасы, мораль мәселелері төңірегінде тоғысып жатады. Бұқар шығармашылығы көп ғасырлық тарихы бар поэзияның қорытынды туынды іспеттес екенін атап айтқан жөн.

Ерекше айта кететін жайт, жырау шығармаларының стилі қарапайым, логикасы жатық, терең мағыналы. Ақынның тілі таза, өрнекті, ұғымды. Философиялық ойлы жырлары өмір сырының әр қырлары: бақтың, тақтың, дәулеттің, тіршіліктің өркендеп өсу, өшу сияқты заңдылықтарының тиегін ағытып, елдің қайратының қаншама азып, тозса да, тұтқасы халықта, оның бірлігінде екенін көрсете білуі. Сондықтан Бұқар жырау шығармаларына үш ғасырдан бері әрбір жаңа ұрпақ ерекше ынта қойып, жаңа қырынан танып келеді.

Жыраудың шығармаларын жинауда ерекше еңбек сіңірген адамның бірі — Мәшһүр Жүсіп Көпеев. «Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюбтың сабыры, Аплатонның ақылы керек», — деген екен Мәшһүр Жүсіп атамыз.

Осы орайда Бұқар жыраудың Қытай архивінен отыз алты толғауының табылуын иісі қазақтың мәдени-рухани өміріндегі зор қуаныш, елеулі жаңалық деуге болады. Бұл жағдай бабамыздың әлі де болса халыққа жетіп болмаған құнды еңбектері, ескерусіз қалған елеулі мұрасы бар екеніне еш күмән туғызбайды.

Таяу арада Қарағанды облысы Аққара ауылының тұрғыны Тұяқ Ысқақовтың ел аузынан жазып алған Бұқар жыраудың мына шумақтары осыған дәлел:

*Қыста соғым соймаған,
Марқа етіне тоймаған
Ас қадірін біле ме?
Бөрілі таудан аспаған,
Бедеуге қамшы баспаған
Ат қадірін біле ме?
Жайлы жерге жатпаған,
Дәмді тағам татпаған
Жат қадірін біле ме?*

Сөз соңында айтарымыз, келер ұрпаққа данышпан да кемеңгер бабамызды қызыл тілдің құдіретін жеріне жеткізіп айта да, жырлай да, толғай да білген «сөз пайғамбары» және қоғам қайраткері ретіне таныта білу — біздің үлкен борышымыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Халид Құрбанғали. Тауарих хамса: (Бес тарих) / Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов. — Алматы: Қазақстан, 1992. — 105, 106-б.
- 2 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. — Алматы: Жазушы, 1985. (Басылым 1979 ж. басталды. — Т. 19. Зерттеулер, мақалалар / Жауап. шығ. Л.Әуезова, Т.Әкімов). — 406-б.
- 3 Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. — Алматы: Қазақстан Республикасы мәдениет қоры; «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1992. — 95 б.
- 4 Қаныш елі. Родина Сатпаева: Фотокига / Сост. О.В.Таланова. — Алматы — Павлодар: Жібек жолы, 1999. — 19-б.
- 5 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ акын-жырауларының шығармалары. — Үш томдық. — Т. 1 / Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев. — Алматы: Жазушы, 1984. — 91-б.
- 6 Қалқаманұлы Бұқар. Ай, Абылай, Абылай! Толғаулар. — Алматы: Жалын, 1993. — 96 б.
- 7 Мұқанов Қ. Абылайхан мен Бұқар жырау // Жаңа Сарыарқа. — 2009. — № 2. — 44-б.
- 8 Жұматаев Р. Батырлардың үлкені Қаракерей Қабанбай// Алаш. — 2009. — № 1(22). — 16-б.
- 9 Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 352 б.
- 10 Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 2003. — 164-б.
- 11 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: Оқулық. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 97, 98-б.
- 12 Қуанғанов Ш.Т. Бұқар жырау және оның заманы. — Алматы: Республикалық «Мұрагер» қоғамы, Ғылым, 1992. — 14-б.

Р.С.Каренов

Уникальная личность казахского народа — Бухар жырау Калкаманулы

В статье описывается жизнь и деятельность выдающегося поэта-просветителя и политического деятеля XVIII столетия Бухар жырау Калкаманулы. Отражается его роль в объединении казахских ополченцев в борьбе против джунгарских завоевателей. Показывается политическая деятельность поэта как трибуна и сподвижника великих ханов-казахов — Абылая и Тауке. Оценивается вклад великого жырау всех времен в казахскую литературу и поэзию. Делается вывод о необходимости изучения жизни и деятельности этой уникальной личности в наше время, особенно для патриотического воспитания современной молодежи.

R.S.Karenov

A unique personality of the Kazakh people — Bukhar zhyrau Kalkamanuly

The life and activity of the outstanding poet-educator and the politician of XVIII century by Buhar zhyrau Kalkamanuly is described. Its role in association of the Kazakh civil guardsmen in struggle against conquerors is reflected. Political activity of the poet as a tribune and the associate of great khans of Kazakhs — Abylaja and Tauke is shown. Its contribution, as great жырау all times, in the Kazakh literature and poetry is estimated. The conclusion about necessity of studying of a life and activity of this unique person and especially for patriotic education of modern youth becomes presently.

ӘОЖ 82.0:372.8

С.Е.Тапанова

Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті

Жыр-дастандардағы ғашықтық сарын

Мақалада әдеби шығармаларда жырланған ғашықтық сарынның «Қозы Көрпеш» эпикалық поэмасынан бастап Шәкәрім поэмаларына дейін көрініс табуы қарастырылды. Өз бастауын халықтық мұрадан алатын ғашықтық сарын, қиялдар мен армандардың шабытты ұмтылысы роман жанрында шығармашылық жалғасы мен өрлеуін тапты.

Кілтті сөздер: ғашықтық сарын, жыр-дастандар, лиро-эпос, махаббат тақырыбы, Қозы Көрпеш, Баян Сұлу, Қыз Жібек, Айман-Шолпан, Жүсіп-Зылиха, Хұсрау-Шырын, Абай, махаббат лирикасы, Шәкәрім дастандары.

Көркем өнер, нақтылай алғанда, әдебиет халықтың сана-сезімін, көркемдік ойлау қабілетін дамытатын рухани дүние бола отырып, адамзат өркениетімен, адам тағдырымен байланысты сан-салалы мәселелерден құрылады. Солардың бір арнасы — екі адамның арасындағы ғашықтық сезім. Әр тағдыр иесінің көзімен көріп, көңілімен түйсінетін бұл қасиетті ұғым адам баласымен бірге жасап келеді. Адам ата мен Хауа анадан бастап бірде қуантып, бірде жылатып келе жатқан махаббат құдіреті терең.

Қазақ әдебиеті тарихындағы көркем туындылардың бәрі де өзінің түптөркіні — халық ауыз әдебиетінен нәр алып, дәстүрлік жалғастық табады. Бүгінгі таңдағы биік сатыға көтерілген, әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған іргелі туындылары бар қазақ әдебиетіндегі алуан тақырыптар, сан түрлі сарындар, өлмес идеялар, өміршең мұраттардың қай-қайсысы да о баста ауыз әдебиетінде, оның ішінде поэзия саласында көрініс тапқан, дәстүрлік тұрғыдан бұрынғыдан жалғастық тауып, мол арна тартқан. Бұл орайда біз сөз етіп отырған махаббат тақырыбы да алғаш осы халық ауыз әдебиетінде, нақтылап айтқанда, халықтық ән-өлеңдерінде, эпостық жырларда кең көрініс тапты. Көнеден жеткен, авторы белгісіз мына шумақтар соның бір дәлеліндей:

*Көрдім де бір сұлуды болдым ғашық,
Алашқа білдірмедім аузымды ашып.
Жарасқан бал, шекерге күміс қасық,*

Жүрерміз сүйтіп қашан араласып [1,188],

деген жігіт арманы,

Мен нәзік болсам да едім текті нәзік,

Сөзіңді келем деген еттім азық.

Кезінде келем деген келмеген соң,

Құлындай сақау шыққан кеттім азып [1,188],

деген қыз назын білдіретін шумақтағы қыз жүрегінің ықыласы мен ғашықтық сезімнің көрінісі махаббаттық сарынның халықтық әдебиетте суреттелген алғашқы үлгілердің бірі деуге болады.

Ал қазақ ауыз әдебиетінің үлкен бір саласы болып табылатын жырлардағы суреттелетін ғашықтық сарыны өзінше бір төбе.

Фольклорлық үлгілердің қашаннан-ақ эстетикалық сипаты мол болып отырған, онда әсемдік ойдан жырақ сұлулықтан тыс дүние жоқ. Бұлар халықтық ой сананың туындысы ретінде үнемі эстетикалық оймен терең астасып жатады. Фольклор туындыларында көркемдік сын мен түсінік егіз ұғым болып құрылып, әуел бастан, әсемдікті жырлау талабымен ұштасып отырады. Өмірдегі құбылыстар — ел қорғаған батыр, бас бостандығынан айырылып сол үшін күрескен ұл мен қыз, ақылгөй дана қарт әсемдік заңдарына сәйкес жырланады.

Эпостық жырлардың ең көне үлгілерінің бірі — «Қозы-Көрпеш — Баян-Сұлу» жыры. Жыр Қарабай мен Сарыбайдың түзде жүріп құда болуымен басталады. Жырдың басты тақырыбы, негізгі идеясы — махаббатты дәріптеу. Тілі көркем, композициясы шебер құрылған. Оқиғаны дамытуы, көркемдік шеберлігі, образ жасау жағынан бұл — күрделі де кесек туынды. Бас кейіпкер Қозы-Көрпеш кіршіксіз таза махаббат иесі болып бейнеленеді. Ол батыр, аңғал, адамгершілігі мол жігіт ретінде суреттеледі. Қозы сияқты Баян да адал ниетті, ақ жарқын, кіршіксіз таза махаббатты көксеген, өзінің сүйгеніне қосылуды арман еткен, ақылына көркі сай қыз ретінде бейнеленген.

«Қозы-Көрпеш — Баян-сұлу» жыры басталғаннан-ақ оның басты тақырыбы сұлулық пен әсемдік екендігін бірден-ақ байқауға болады. Нәзік ойлы музыка сазындай жайдары, ашық, әсем әнмен басталатын жыр қалың тоғай ішінде адасып елендеп жүрген маралды әдемі, нәзік қылды сезімге әсер ету мақсатымен суреттейді. Марал мен Баян арасында үлкен жақындық бар. Бірі — табиғаттың еркесі, аң сұлуы болса, екіншісі — ел еркесі, адамзаттың сұлуы. Жырдағы осы ғайыптан келген табиғаттың ерке сұлу маралы болашаққа кіршіксіз, таза махаббаттың символындай жарқ етіп көрінеді. Табиғаттың өзі елжіреп, сұлулық нұрын төгіп тұрғандай сезіледі. Жыр әсемдікті тап басып, тілсіз табиғат пен адам өмірін қатар алып, сұлулықтың құпия әсем сырына бой ұрады.

Қазақтың лиро-эпос жырларына көшбасшы болған «Қозы-Көрпеш — Баян-Сұлу» жырынан кейінгі тілі көркем, көлемді сюжетті жыры — «Қыз Жібек» жыры болып саналады. Ел арасына ауызша да, жазбаша да кең тараған жыр. Төлеген Базарбайдың еркінен тыс сүйіспеншілік іздейді. Жібекке ғашық болады. Жібек сияқты сұлуға ғашық тек Төлеген ғана емес. Сол елдің атқа мінер азаматтарының біразының қолы жетпей жүрген аруды, сырттан келген Төлегенге жетектетіп жібермейтіні белгілі. Сондай елдегі көп ғашықтарының бірі — Бекежанның қолынан қаза табады.

Жырдың суреттеуі бойынша батырдың сүйген жары елден асқан сұлу, ұзын бойлы, талдырмаш, сүмбіл кара шаш, қасы қияқтай, оймақ ауыз, күлім көз, айқабақ, алтын кірпік, қызыл ерін, алма мойын, аршын төс болып келеді. Оның өзі түгілі басына таққан үкісін, зерлі бешпентін, алтын жүзігін, қызыл түймесін, әсем қылықтарын жырға қосады. Онымен бірге болған күндер дүниенің бар қызығына татиды. Ғашықтық сезімнің барлығы бірдей ойын-күлкі, назды қылық, қызықты дәуренмен өте бермей, сүюдің азабын да тартады. Кішкенеде бірге өскен ғашық жарынан қапелімде айырылып қалып, зарығып, оның көшіне ілесіп, соңғы рет жолығып, сақинасын алып қоштасады.

Жырлардағы Қозы Көрпеш пен Төлегеннің елден жалғыз аттанып, ұзақ шөлді кезіп, жапандағы жалғыз үйге кезігіп, не жол тосқан анталаған жаумен жалғыз алысуы — аса қорқынышты, қауіпті оқиғалар. Олардың әрекеттерінен ерлік пен асқақтық сезіледі. Оларға ілесе мұңды, аянышты оқиғалар туып отырады.

Лиро-эпостық жырларда көбінесе кейіпкердің қиындықпен қолы жеткен аз уақыт ішіндегі бақытты өмірі мен қуанышы жырланады. «Қозы-Көрпеш — Баян-Сұлу» жырының Шөже ақын жырлаған нұсқасында Қозы мен Баян қайта тіріліп, отыз бір жыл өмір сүреді. Сөйтіп, аз уақыт болса да бақытты болсын деп, тыңдаушысы жасып, сағы сынып мұқалмасын дегендей, тамсандырып, өкініш тудырмай, көңілін жайландырады. Халық идеясынан туған тілек, қысқа бақытсыз өмірді қолдамай, мәңгілік халық жадында қалатын өмірді көксейді.

Қазақтың лиро-эпосындағы әсемдік сұлу табиғаттың қойнында туып, алтын арай сәуле мен нұрға шомылып жасалады. Табиғаттың тылсым күші мен сұлу көркі, жыр әсемдігін өткірлей түсу

үшін кеңінен пайдаланады. Ең әлсіз, момын құс бозторғай да, қанатымен су шашқандай, ғашық жарларға көмектескен болып, хабар жеткізіп отырады. Қозы Көрпеш Баянды іздеп шыққанда жүгені шылдырап күрең ат келіп, Қозы оны ерттеп мінеді. Баянның асыранды, бақпа тотысы мен торғайы болады. Қозы Көрпеш өліп, Баян жалғыз қалып, оны жоқтағанда, менімен бірге зарлансын деп, ботасы өлген боз түйені алдыртады. Төлегеннің өлімін алты қаздың естіртуі лиро-эпос жырына тән адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімділікті (гармония) аңғартады.

XIX ғасырдың алғашқы жартсындағы қазақ елінің әлеуметтік-қоғамдық тіршілігін, тұрмыс-салтын қамтитын, халық арасына кең тараған, оқиғасы реалистік өмірден алынған қазақтың лиро-эпостық жырларының бірі — «Айман — Шолпан» жыры. Жыр Маманның екі қызын әуелі сұлулық, бақыт, салтанат құшағында көрсетеді де, кейін екеуін тұтқынға түсіріп, теңсіздікке ұшыратады. Бұл шендестіру Маман мен Көтібардың бақ салтанатын мақтай келіп, олардың өте ұсақ, халықтық мінезге жат адамдар екенін, феодалдық зорлық бар жерде қазақ қызының бағы жанбайтындығын көрсетеді. Жырдағы Шолпан мен Арыстанның махаббаты екі елді бітістіруге себеп болады. Ал, жырдағы Айман — өте ақылды, сирек кездесетін би қызының үлгісі. Айманның махаббаты романтикалық-трагедиялық сарында емес, прозалық-реалистік арнада баяндалған. Өз басының мүддесіне келгенде, ол — бас бостандығын іздеген, үлкен махаббат иесі болған образ.

Жоғарыда аталған қазақтың ғашықтық жырларынан басқа XIX ғасырда туып, сюжеттік негізіне әлеумет теңсіздігін, феодалдық қоғам қайшылығын арқау еткен «Мақпал қыз», «Күл мен қыз», «Күлше қыз — Назымбек», «Есім сері — Зылиха» жырларының да көркемдік-тарихи мәні ерекше. Бұл жырларда айтылатын Мақпалдың сүйгені — Әбен, Айымның ғашығы — Талайлы, Зылиханың жары — Есім бұқара халық ортасынан шыққан кедей-жалшылар. Қолдары қысқа кедей жігіттерінің өздерінің сүйген қыздарына қосыла алмай, ру қоғамының ескі салтынан соққы жейді.

«Күл мен қыз» жырындағы Айым үшін байлық пен бақ мақсат емес, өз басының еркіндігі қымбаттырақ. Жырда бұрынғы қазақ салтында сирек кездесетін азатшыл қыздың «жігіт таңдау» салты суреттелген. Небір сұмдық жігіттердің ішінен есіктегі құл Талайлыға өзі ғашық болады. Жігіттің бойынан өзіне қажетті деп есептейтін — ақылдылық, серілік, шешендік, батырлық т.б. азаматқа тән қасиеттерді табады. Жырдың негізгі идеясы — еркін махаббат. Мақпал мен Сегіздің арасындағы сезім аз күндік құмарлықтың құлы емес, тағдырға мойынсұну, өмірлік заңға бағыну. Десек те, санаға салып мойындағандарымен, жүрек өз әміріне бағындырып, қос ғашық жасырын кездесіп шер тарқатысады. Бұл екеуі де ескі көзқарас, яғни әдет-ғұрыптың, құрбаны болған жандар. Жырда осы жағына баса назар аударылған. Жырда басы артық кейіпкер де жоқ. Көлемі қысқа, эпизодтары аз, тілінде екіжақтылық басым: қара өлеңмен айтылған жерде салт өлеңдерінің, ал жыр үлгісіндегі өлеңдерде батырлық жырлардың әсері айқын сезіледі.

«Күлше қыз — Назымбек» жыры мазмұны жағынан «Қозы-Көрпеш — Баян-Сұлу» жырына ұқсас келген. Жыр бесікқұда салтымен басталады. Оқиғасы XVI ғасырдағы Орманбет хан мен қырық сан Қырым жұртының заманымен байланысты. Баян мен Қозы махаббатын Баянның екі апасының зары тудырса, Назымбек пен Күлше қыз махаббатын жырда сары бота тудырған. Бұл — жырдың өзіне тән ерекшелігі. Жырдың сюжеті қазақ халқының төл өмірінен алынып, айтыс элементі аралас келетін фольклор стилінде жазылған. Бұған дейінгі талданған жырларда жоқ ғашығын іздеуге шыққалы жатқан Назымбекке бір сәуегей қарияның өнерлі жігіттер мен ат-тұрманын сай етіп, ақ батамен аттандыру салтын көрсетеді. Бұл жағынан Төлеген сапарындағы салтқа ұқсайды. Жалпы жырлардағы батырдың сүйгеніне немесе жауға батамен аттануының астарында көп мән бар. Көбіне жырдағы бата беру салты кейіпкердің тағдырымен, алдағы іс-қимылымен тікелей байланысты болып отырады. Батасыз аттану, немесе теріс бата алу, жырдағы болатын трагедияны да алдын ала сездіріп тұрады. Бұны біз «Қыз Жібек» жырынан анық білеміз. Ал, «Күлше қыз — Назымбек» жырында Назымбекке сәуегей қарияның берген батасы қабыл болып, кейіпкер дегеніне жетеді. Жаныс байдың антын бұзып, екі ғашықтың дегеніне жетуіне тілектестік білдіріп, жыр сәтті аяқталады. Жырдың көркемдік ерекшелігі әлсіз болғанымен, оқиғасы тартымды.

Лиро-эпос жыры әсемдікті көбіне лирикалық тәсілде суреттейді. Жыр ойлы, нақышты, нәзік саз бен аса көркем, биік талғамды жандарға арналады. Жағымды кейіпкерлер ақылды да тапқыр, жаужүрек әрі асқан көрікті болып келеді. Мұндағы негізгі сарын адам өміріндегі әсем сезімді аялау, кіршіксіз саф, таза күйінде өмірден өту болып саналады. Кейіпкерлер өмірдің қиын-қыстау шатқалынан жасқанбастан, өз көңілі сүйіп ұнатқан ғашық жар іздейді. Лиро-эпос жыры өзінің тақырыбы жағынан өткен дәуірдің күрделі әлеуметтік проблемасына құрылған мазмұнды, шыншыл шығарма.

Лиро-эпостық жырларда көбіне адам еркіндігі, әйел теңдігі мәселелері көтеріледі.

VII–XII ғасырларда ең жоғары өркендеу дәрежесіне жетіп, дүниежүзілік тарихи маңызға ие болған біртұтас араб-мұсылман мәдениетінің ықпалына басқа елдер сияқты қазақ сахарасы да ілікті. Араб-мұсылман мәдениетінің өзі көптеген халықтардың жасаған мәдени мұраларының көркем де озық үлгілерін сіңіру арқылы биікке көтеріліп, өзіндік өрнек қалыптастырған болатын. «Шығыс мұралары қазақ даласына әр түрлі жолмен келіп жетті. Біріншіден, олар халықтардың күнделікті қарым-қатынастары арқылы ауызша түрде жетті. Екіншіден, бұлар қолжазба күйінде таралды. Бірақ шығыс сюжеттері қазақ халық ауыз әдебиет творчествосының арасында жырланды. Сондықтан қазақ эпикалық дәстүрі өз әсерін тигізбей қойған жоқ» [2].

Шығыс халықтары әдебиеттерінің өзара байланысы және бір-біріне жасаған игі әсері әр түрлі. Солардың бірі — көркем шығармалардың адамгершілік мазмұн-мағынасын, оқиға желісін, жазу-өрнек тәсілдерін түсіне, өрбіте, өсіре қабылдау болып табылады. Соның айқын дәлелі ретінде Рудаки, Фирдоуси, Низами, Физули, Навои, Саади, Хафиз, Жәми шығармаларын қазақ ақындары өзінше дамыта жырлап, тыңнан толғап, «нәзира» дәстүрімен, халық арасына таратқан нұсқаларын айтуымыз керек. Атақты Абайдың өзі шығыстық желіге «Масғұт», «Ескендір», «Әзім» дастандарын жазса, Ш.Жәңгіров «Ескендір Зұлқарнайды», Т.Ізгілеуов «Рүстем–Дастанды» жырлады. Бүгінде араб, парсы, үнді аңыз-ертегілерінен келген «Мың бір түн», «Тотынаме», «Жүсіп–Зылиха», «Сейфүлмәлік», «Мұңлық–Зарлық», «Бозжігіт», «Шәкір–Шәкірат» сияқты ғашықтық дастандар қазақ топырағында қайта түлеп, жаңарып, бай фольклорлық мұраларымыздың қатарын толықтырды.

«Бозжігіт» жыры «Қозы-Көрпеш — Баян-Сұлу» жырымен ұқсас, сарындас болып отырады. Оқиғасы да Қозы мен Баянның қайғылы өмірін, өкінішті махаббатын еске түсіргендей. «Бозжігіт» жырының қай нұсқасын алсақ та, Бозжігіт пен Қарашаш сұлудың махаббаты күшті, әсерлі, аянышты болып жырланған. Әсіресе Қарашаш бейнесі өте сәтті шыққан. Шығыс дастандарының көбіне ортақ тәсіл — бір-бірін түсінде көріп ғашық болса да, оқиға желісінде ол өз бақыты үшін күрескер ретінде, сүйгені үшін байлықтан да, мансаптан да бастартқан асыл жар ретінде жырланады. Бозжігіт қазаға ұшыраған кезде оның басына там тұрғызып, ежелден келе жатқан ғашықтар дәстүрін бұзбай, өзін-өзі өлтіріп, сүйгенімен мәңгілік құшағында ғана кездеседі.

Жырда Бозжігіт тәрбиелі, білімді, адал махаббатты аңсайтын адам ретінде суреттеледі. Махаббат жолында кездескен қиыншылықтарға төзе білген қайратты, алға қойған мақсатына жету үшін алған беттен қайтпайды. Қиындықты жеңе отырып сүйгенін тапса да, қыз әкесінің қатал, рақымсыз қыңырлығын жеңе алмай, қаза табады. Жырдағы Қарашаш зарында төрт түлік малды өлеңге қосу немесе екі ғашықтың алғашқы кездесу қуанышында қыздардың жар-жар айтуы, естірту, көңіл айту сияқты қазақ ауыз әдебиетінің жоғалған шідерін тілге тиек ете отырып, өзі қонып шыққан үйдің сұлу қызы Ләйлімге деген ішкі жан толқынысы, көңіл-күйі сөз етіледі. Біржан — патриархалды-феодалдық заманның етекпен тартқан ескілігіне, қарадүрсін заң-жосығына, зорлықшыл ісіне, әлеуметтік әділетсіздігіне асқақ әндерімен, уытты жырларымен қарсы тұрған суреткер.

Батыстың «Ромео мен Джульеттасы», шығыстың «Ләйлі–Мәжнүнімен» үндесіп жатқан, махаббат мұңын шертетін «Таһир–Зуһра» дастанының сюжеті араб, үнді елдерінде бұрыннан кездесетіні белгілі. Қазақ арасында бұл жырдың екі нұсқасы бар. Бір вариантында өлең мен қара сөз араласып баяндалып, тілі шұбар болып келсе, екіншісі таза өлеңмен баяндалады. Бұл жырда да осыған дейінгі талданған дастандар сияқты бірін-бірі шын сүйген екі ғашықтың бақытына жетуіне, кері кеткен әдет-ғұрып пен күштілер билеген кезеңнің құрбаны болған жастардың өмірі суреттеледі. Екі жастың қайғылы махаббаты жыр болған бұл дастанда өмірдегі ең аяулы нәрсе — жан сұлулығы; достыққа, ғашықтыққа берік болу; арманына жету үшін қара күш иелерімен, қиындықпен күресе білу, көңілі сүйгенін кіршіксіз сақтай білу керектігі жырланады.

«Жүсіп–Зылиха», «Сейфүлмәлік–Бәдіғұлжамал» — ел арасына кең тараған ғашықтық дастандар. Шығыс сюжетіне құрылса да, қазақ халқының ауыз әдебиетімен орайласып, үйлесіп кеткен шығармалар.

«Жүсіп–Зылиха» дастанының ауыз әдебиет нұсқаларымен қатар, жазба варианттары шығыс әдебиетінде, түрік тілдес халықтардың әдебиетінде өте көп жайылған. Бұл дастанның ұзақ кіріспесінде, жырдың ұзын-ырғасында ислам дінін, құдайды, пайғамбарларды мадақтайтын шумақтар беріліп, араб-парсы сөздері, сөз тізбектері көп қолданылса да, поэманың негізгі идеясы адамгершілікті, гуманизмді уағыздайды және ғашықтық жеңбейтін кедергі жоқ деген ұғымды Зылиханың Жүсіпке деген махаббаты арқылы суреттейді.

«Жүсіп–Зылиха» — гуманистік идеяға толы, поэтикалық образдары қарапайым, көркем шығарма. Бұл дастандағы ғашықтық желісін дамыта түсуде парсы ақындары біраз еңбек сіңірген. Зылиханың Жүсіпке деген ынтықтығын ақтап, дәлелдей көрсету жолында ақындық ізденістер

жасалған. Өз күйеуі бола тұра, қолбаласына ғашық болған әйел бейнесі шығыс салтына келіспес еді. Осыдан барып, «түсінде көріп, сырттай ғашық болу» желісі кіргізіледі.

Әли қисасын негізге ала отырып, XX ғасыр басында «нәзира» үлгісімен жаңғырта жазған Жүсіпбек Шайхұсламұлы болды. Жәмиге дейінгі нәзиралық үлгілерде Жүсіп сюжеттерінен негізгі мәселе ретінде әке мен бала махаббаты ғана сөз болса, Әлиде Жүсіп пен Зылиха сүйіспеншілігі де қатар жүріп отырады. Түрік әдебиетіндегі ғашықтық тақырыбы Әлидің «Қиса Жүсіпке» ден басталады деуге болады.

Шығыс тақырыбына жазылған қазақ дастандары — ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып келе жатқан аса құнды мұралар. Махаббат пен ерлік қоса өрілген осы аталған ғашықтық дастандар тақырыптық, идеялық жағынан болсын, оқиғаны суреттеуі, көркемдік ерекшеліктері жөнінен болсын қазақ халқының ауыз әдебиеті нұсқаларымен орайласып, үйлесіп жатады.

Ғашықтық дастандар мен лиро-эпостарда өмірдегі ең аяулы нәрсе — жан сұлулығы, достыққа, ғашықтыққа берік болу, арманына жету үшін қиындықпен күресе білу керектігі жырланады.

Лиро-эпостарда екі ғашықтың мәңгілік сүйіспеншілігі, ескі салт-санаға қарсы күресі, замана сыны, көршілес елдермен өз елдеріміздің арасындағы тарихи байланыс көрініс тапқан. Бұл жырлардың ұрпақ тәрбиесінде адамгершілік, гуманистік, эстетикалық маңызы зор. Аталған жырлардың қай-қайсы да жар таңдаудағы адамның ақыл-парасатының биіктігін тілге тиек ете отырып, махаббат пен сүйіспеншіліктің нәзік сырларын, сұлулық пен сыпайылықтың көңіл қобызын қозғар сиқырын, адамзат баласының өмірлік идеясы мен идеалын паш етеді.

Қазақтың лиро-эпостық жырларымен сарындас, үндес, идеялас, түр жағынан да соларға өте жақын болып келетін Алтын Орда дәуірінің ең таңдаулы туындыларының бірі саналатын ақын Хорезмидің «Мұхаббатнаме», Құтбтың «Хұсрау — Шырын» дастандары.

«Мұхаббатнаменің» негізгі бөлімінде жігіттің сүйген қызына деген мөлдір махаббаты жырланады. Махаббат тек адамзатқа ғана тән ғажайып, асыл қасиет екенін ақын зор шеберлікпен суреттейді. Дастанның басты қаһармандары бірін-бірі сүйген екі ғашық қыз бен жігіттің арасындағы сүйіспеншілік. Сүйгеніне қосылу үшін барлық қауіп-қатерге бас тігетінін айтады.

Дастанда Хорезми қыздың тек сұлулығын ғана жырламай, оның асқан ақылдылығын, адалдығын, адамгершілігі жоғары, инабаттылығын айта отырып, махаббатты әлеуметтік мәселе дәрежесіне дейін көтере білген. Адамдар бойындағы жақсылық қасиеттерді дәріптей отырып, жамандықтан жирендіреді. Осындай ой-пікірлері арқылы өзі өмір сүрген ортаның әділетсіздігіне біршама наразылығын білдіргендей болады. Ал дастанда феодал-клерикал топтың адам бойындағы асыл сезімді аяқасты етіп, қыз-келіншектердің еркімен ешкім санаспайтыны жөнінде, соның салдарынан бірін-бірі ұнатқан екі жастың қайғылы оқиғаға ұшырап жатуы жайында сөз қозғалмайды. Мұның басты себебі сол кездегі тарихи-қоғамдық жағдайға байланысты болған жайт. Сондықтан дастанда жырлаған махаббат тақырыбына әлеуметтік-қоғамдық тұрғыдан мән беріп қараған жөн деп білеміз.

«Хорезмидің «Мұхаббатнаме» шығармасын танып-білу арқылы біз бүгінгі қазақ әдебиетіндегі поэма жанрының өмірге келу жолдарын, қазіргі қазақ тілінің даму сатыларын, халқымыздың өткендегі әдет-ғұрпын, салт-санасын т.б. тереңірек ұғынатын боламыз» [3], — дейді Н.Келімбетов.

XIII–XIV ғасырлар әдебиетінде ғашықтық желісін негізгі мәселе етіп алған қисса-дастандар да туа бастайды. Көпке белгілі Низамидің «Хұсрау уа Шырын» дастанын Оянушылық дәстүрімен халық тілінде түрікше сөйлеткен ақын Құтб. Құтб дастанның бұрыннан мәлім құрылысы мен сюжетін толық сақтай отырып, өз оқырманының түсінігіне лайық жазған.

Дастанға арқау ретінде алынған негізгі кейіпкерлер — 590–628 жылдары Иранда патша болып, өз баласы Шируяның бұйрығымен өлтірілген Хұсрау мен оның сұлу әйелі Шырын.

Шығарманың оқиғасы Шырын мен Хұсраудың махаббаты, ізгілік пен адамгершілікті үлгі етуге құрылған. Кейінгі қиса-дастандарға тұрақты желі болып тартылған: Балаға зарығу, оның көрікті, білімді, қайратты болып өсуі, сұлудың даңқын естіп, сырттай ғашық болуы, іздеп баруы, түрлі қиыншылықтары, қызға ғашық болған бәсекелес кейіпкермен (Фархад) арадағы қақтығыстың шешілуі, т.б. тұрақтылықтар бұл дастанда жүйеге түскен. «Қиса Жүсіпке» қарағанда да, «Хұсрау уа Шырын» нағыз ғашықтық қиса-дастан ерекшеліктерін қалыптастырған шығарма деуге болады.

Дастанда Шырын — өз махаббатына өле-өлгенше адал жан. Хұсрауды жан-тәнімен беріліп сүйеді. Сүйіспеншілік жолындағы қиыншылық атаулының бәрін женеді. Хұсраудың жағымсыз қылықтары мен жеңіл-желпі мінездеріне де кешірімділікпен қарайды. Махаббат жолында құрбан болады.

Осы шығармадағы тағы бір көңіл аударатын бейне — Фархад. Фархад арқылы нағыз ғашық адамның бейнесі жасалған. Шырынға деген шынайы сүйіспеншілігі оған күш-жігер береді. Фархадтың өлімі оның жеңілісі емес, жеке басының трагедиясы болып табылады.

XVIII ғасырдың екінші жартысында жыраулармен бірге ақындар творчествосы көріне бастады. Жыр мен жырау және толғау қаншалықты көне болса да, арғы замандардан келе жатса да, ақын мен өлең — кейінгі дәуір жемісі. Жыраулар көбіне елдік, ерлік істерді, замана жайын сол қалпында алып толғаса, ол туралы ой қозғаса, топшылаулар жасаса, ақындар негізінен күнделікті өмір құбылыстарын, адамдар қатынастарын, мінез-құлықтарын, махаббат, сезім сырларын т.б. поэзия тілінде сөйлетті, өмірде ірілі-ұсақты шындық сипаттарын нақты көруге, суреттеуге ойысты. Аз да болса осының алғашқы нышандарын Шал, Көтеш, тағы басқа ақындар өлеңдерінен көреміз.

Шал ақын өзінің мына бір өлең жолдарында сұлу қыздың келбетін былай суреттеп өтеді:

*Дегдар қыз екенсің бір алма мойын,
Ұжмақтан жаратылған жұпар қойын.
Жарқырап зуһардай екі көзің
Таранған әр тарапқа созып мойын [4].*

Қазақ әдебиетінде сүйіспеншілік, ғашықтық мәселесіне тұңғыш рет арнайы тоқталған Абай болатын. Ауызбен айтуға ұят саналып, әркімнің өз жүрегінде тұншықтырылып келген сүйіспеншілік сезім ешқандай есерлік емес, қайта, адамгершілік асыл қасиеттердің қатарына жататын, мораль нормаларының мықты бір өлшемі екенін танытқан. Абаймен бірге әдебиетке махаббат лирикасы келді.

Ақын Абай уағыздаған махаббат — адам санасы мен сезімінің, жан мен тән сұлулығының, үзік-үзік ғашықтық пен құшақ құмарлығының, жүрек дірілі мен ділғарлығының үндесіп, үйлесіп, ортақ тіл табысқан, ырғақты, сазды күй боп толқып, толысқан нағыз өміршен, жасампаз махаббат. Ақын Абайдың махаббат сөзі, ақын уағыздаған махаббат сезімі — нағыз адамдыққа, сұлулық пен әсемдікке негізделген, мәңгі өшпейтін, мәңгі жарқырап, маздап тұратын мәнді де үлгілі сөз, махаббаты да күдіретті сезім. Махаббат — адамдық сезім. Адам бар жерде махаббат бар. Бірақ сол адамның өзін де адам қып ұстап тұрған нәрсе — махаббат. Егер махаббаттан айрылса, адамның өзі де адамдық қасиеттен айрылады, адам болудан қалады. Міне, осы — ақын, әрі ойшыл Абайдың махаббат турасындағы негізгі қағидасы, пәлсапасы, берік тоқтамы.

«Махаббатпен жаратқан адамзатты» деген қағида Абай, Шәкәрім секілді ислам ілімінен сусындаған қазақ ойшылдары шығармаларының негізгі мәні мен маңызы болғандығы мәлім. Пәктікті сүюге, сұлулықты түсінуге, кемелдікті тануға талаптанудың барлығы махаббаттан басталатындығын айтқан.

Қазақтың жазба әдебиетіндегі алғашқы поэмалардың XIX ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастағанын айта келіп, ғалым Ә.Нарымбетов: «Революцияға дейінгі қазақ әдебиетінде шығыс немесе халықтың аңыз әңгімесі негізінде жазылған поэмалар болды. Қисашыл ақындардың «Мұңлық — Зарлық», «Шәкір — Шәкірат», «Алтын балық» сияқты дастандарын былай қойғанда, Абайдың немесе оның дәстүріндегі ақындардың жазған «Масғұт», «Ескендір», «Дағыстан», «Еңілік — Кебек» сияқты поэмалар т.б. — бәрі де жаңа еуропалық поэзияның үлгісіне толық көшіп болмаған еді, негізі шығыстың дастандық поэзияларының үлгісінде жатыр. Демек, шын мәніндегі, яғни орыстың және дүниежүзілік классикалық поэзияның үлгісіндегі, сюжетті поэмалар жасау қазақ совет ақындарының творчестволық тәжірибесінде шешілді», — дейді [5].

XX ғасырдың басында шынайы көркем үлгідегі, мазмұндық және идеялық астары терең поэмалар көбейді. Бұл кезеңде С.Торайғыровтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Сералиннің т.б. түрлі сипаттағы поэмалары жазылды. Ал осынау реалистік поэма жасау дәстүрінің түптамасы оның алдындағы Абай шығармашылығында жатқаны бәрімізге мәлім. Абай қазақтың ұлттық әдебиетінде бұрыннан бар дастаншылдық, қисашылдық дәстүрді өз талантымен өңдеп, жаңғыртып, оған жаңа дәуірдің ыңғайымен жаңалап, туған жұртына қайта ұсынды. Романтикалық поэмалардың табиғатына реалистік қасиет дарыта жырлады. Сөйтіп, соны сипаттағы қазақ поэмасының негізін қалады.

Шәкәрім дастандарының барлығы романтикалық сарынның үнін бәсеңдетіп, шынайы суретке, терең философиялық толғамдарға, әлеуметтік мәселелерді нақтырақ бейнелеуге бет бұрды.

Ақын поэмаларының барлығында екі жастың арасындағы махаббат оқиғалары баяндалады. Бұл — сонау шығыстық поэзиядан келе жатқан дәстүрлі тақырып. Шәкәрімнің шығармаларында жырланатын махаббат мәселесі ақынның «... жалпы гуманистік көзқарастарының бөлінбес бір саласы ретінде көрініп, жаңа ғасыр басындағы бостандық идеяларына, адамдық право туралы ойларға шебер үндеседі» [6].

Ел аузында аңыз болып бұрыннан айтылып жүрген «Қалқаман–Мамыр» дастанындағы ғашықтар арасындағы трагедиялық оқиғаға ақынның құлағы қанық болып өскен.

Ғашықтар трагедиясы Шәкәрімге өзгелерден өзгеше әсер етті. Ақын осынау махаббат мұңлықтарының басындағы қайғылы хал мен ел, қоғам басындағы трагедияны асқан шеберлікпен, ақындық көрегендікпен ұштастыра отырып, ол туралы тамаша туынды жасай білді. Ел ішіндегі бір ғана махаббат тарихын баяндау арқылы ақын қазақ қоғамының сол кезеңдегі этнологиялық, психологиялық сыр-сипатын ашып берді. Поэманың басты құндылығы оның әлеуметтік астарының тереңдігінде жатыр дейтініміз сондықтан.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетіндегі махаббат сарыны алғаш рет ауыз әдебиеті үлгілерінде көрініс тапты. Сан ғасырлар бойы ауыздан ауызға көшіп, халық көңілінің сүзгісінен өтіп өңделген, жаңарған аңыздар бүгінмен сабақтас. Аңыз-жырлардағы өмір үшін, махаббат үшін күрес, жақсылыққа ұмтылу, түрлі әрекеттер арқылы сол дәуірдегі әлеуметтік жағдайды жақсартуға тырысу, сол жолдағы қаһармандардың ерлігі халықтың өмірге құштарлығын, арман-мұраттарының биіктігін танытады. Халықтық мұралардан арна тапқан ғашықтық сарын, өршіл де асқақ арман-аңсарлар одан әрі роман жанрында өрбіп, жалғастық тапты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қара өлең. — Алматы, 1989. — 320-б.
- 2 Қыраубаева А. Қазақ әдебиетінің шығыстық қиса-дастандардың түптөркіні мен қалыптасуы. — Алматы, 1997. — 8-б.
- 3 Келімбаев Н. Ежелгі дәуір әдебиеті — Алматы, 1991. — 47-б.
- 4 Бес ғасыр жырлайды. — 2 томдық. / Құраст. М.Мағауин, М.Байділдаев. — Алматы, 1989. — Т. 1. — 122-б.
- 5 Нарымбетов Ә. Қазақ совет поэмасы. — Алматы, 1990. — 4,5-б.
- 6 Әбдіғазиев Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. — Алматы, 2000. — 245-б.

С.Е.Тапанова

Мотив влюбленности в эпических поэмах

В статье рассматривается отражение мотивов влюбленности в литературных произведениях — от эпической поэмы «Козы-Корпеш — Баян-Сұлу» до поэм Шакарима. Мотив влюбленности, вдохновенный полет фантазий и мечтаний, берущие свое начало в народном наследии, нашли творческое продолжение и расцвет в казахской поэзии.

S.E.Tapanova

The motive of love in the epic poems

The article considers the portrayal of the love motives that was sung in the literary works beginning from the epic poem «Kozy-Korpesh — Bayan-Sulu» to Shakarim's poems. The love motives, inspired flight of fancy and reveries that originate from the folk's heritage have progressed in the genre of novel.

Е.Тілешов

«Руханият» орталығы, Астана

Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу хақында

Мақалада қазақ әдебиеті дәуірлерін топтастырудың бірнеше ғылыми тәжірибесі қарастырылған. XX ғасырдан басталатын ғылыми ізденістер пайдаланылған. Сонымен қатар осы сала бойынша әлемдік әдебиеттанудағы ғылыми ізденістер көрініс табады. Әдебиет тарихының басты бағыттары талданған. Аталған бағыттардың әдебиетті дәуірлеумен байланысы анықталған. Аталмыш мәселе бойынша тұжырымдар келтірілді.

Кілтті сөздер: қазақ әдебиеті, қазақ әдебиеті тарихы, XX ғасырдың соңғы он жылдығы, Райымжан Мәрсекөв, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Қажым Жұмалиев, Бейсенбай Кенжебаев, дәуірлеу үлгілері.

Жиырманасыншы ғасырдың соңғы онжылдығындағы қоғамдағы өзгерістер ұлт тарихына жанаша қарауды, сондай-ақ ұлттың мәдени-рухани құндылықтарын тиісінше бағалауды қажет етіп отырғаны мәлім. Аталған мерзімнен басталып бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан құндылықтарды бағалаудың кезеңі қазақ зиялы қауымын алуан ізденістерге апарып отыр. Негізінен, бұл кезеңді ғылыми жағынан нәтижелі ізденістер кезеңі деуден гөрі, жоғалтқанды табу, өшкенді тұтату, көмескіленгенді айқындау — бір сөзбен айтқанда, ұлттың болмысын қалыптастыратын рухани қазынаны түгендеу жылдары деуге болады. Мұндай шақта шынайы көңілден, ыстық ықыластан оралған мұраның орнын тезірек айқындасақ деген асығыстықтан туған асыра немесе жеткізбей бағалау, байыбына жетпеу немесе біржақтылық сияқты жайттар болып жатады. Бұл табиғи үрдіс. Ең бастысы — сол құндылықтардың бар екендігінде, оларды түгендеуде, жүйелі мақсатты жұмыстар жүргізуде, тіпті түгел болмаса да барын сарқып ала білу де және халқының өткенін білмекке құмар ұрпақтың болуында. Барды бағалау үшін алдыңғы екеуі болса, білім мен қажыр-қайрат табылмақ.

Алаш ұрпағы өткен сан ғасырлық бел-белестерді шолғанда бүгінгі руханияттанушыларымыздың көзіне алғаш іліккен, қолдарына түскен мұраның ең үлкені — көркем әдебиет үлгілері. Ш.Құдайбердіұлының, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың, М.Жұмабаевтың, Ғ.Қараштың, Қ.Кемеңгерұлының, С.Сәдуақастың, тағы басқа ақын-жазушылардың тыйым салынған шығармашылығы, ел ішінде, ұрпақ аузында тұтас болмаса да белгілі бір бөлігі сақталған, бүгіндері қолжазба қорларынан табылып жатқан әлеуметке белгісіз қаншама ақындардың жырлары мен дастандары, сонымен бірге Ш.Қанайұлының, Ә.Кердерінің, М.Мөңкеұлының, М.Ж.Көпейұлының, Н.Орманбетұлының, тағы басқа ақындардың бұрын атауға, оқуға болмайтын елеулі туындылары. Бұған Қытай мен Монғолияда әлденеше ондаған жылдар бойы жасалған қазақ сөз өнерінің үлкен бөлігін қосыңыз. Оның бер жағында өзіміз білеміз-ау деп жүрген М.Әуезовтың, Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтың, Ғ.Мүсіреповтың, С.Мұқановтың, Х.Есенжановтың, Қ.Бекхожиннің, І.Есенберлиннің, М.Мақатаевтың, тағы басқа ақын-жазушылардың кешегі ұрпақ білмей келген көркем дүниелері қазақ сөз өнеріне ғана емес, жалпы руханиятының мол олжасы болып отыр. Әдебиеттен өзге көркем өнер салаларынан соңғы жылдары ғана белгілі болған осыншама қазынаны табу қиын.

Әдебиет отауының шаңырағы биік, керегесі кеңейе түсуі бұдан былайғы жерде әдебиет тарихын жанаша жазуды міндеттейді. Бұл салада М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары әдебиет тарихына қатысты зерттеулерді, оқулықтарды жарыққа шығарды. Бұл еңбектер қазіргі кезде әдебиет тарихымыздың бірқатар «ақтандақтарын» жанаша талдауда айтарлықтай маңызға ие болып отыр. Дегенмен, шынайы әрі толымды тарихын жасағымыз келсе, сөз өнерінің даму, өрістеу жолдарын танып алуымыз қажет. Соның негізінде әдебиетімізде болған сапалық өзгерістерге мән беріп, олардың сыр-сипатын, себеп-салдарын ажыратып, соған орай басты-басты әдеби дәуірлеуді көрсету керек болады. Әдебиет тарихын объективті дәуірлеу болмайынша, әдебиет тарихының өзін зерттеу үлкен шарттылықтарға, таным тұрғысындағы жөнсіздіктерге әкелуі мүмкін. Оның бер жағында ол мектеп, орта, арнаулы және жоғары оқу орындарында әдеби білім берудің сапасына кәдімгідей нұқсан келтіретін күмәнсіз. Сондықтан да бұл мәселені бұдан әрі кешіктіре беруге болмайды.

Әдеби-тарихи һәм теориялық-әдіснамалық мәні айтарлықтай іргелі мәселені шешу үшін қазіргі кезде мүмкін боларлық қажетті жағдайдың баршасы жеткілікті. Айталық, біздің қолымызда сөз өнеріміздің дамуына ықпал еткен көрнекті тұлғалардың негізгі шығармаларының барлығы дерлік бар. Бастысы — әдеби дамудың ерекшеліктерін көрсетуге дерек боларлық әдеби материалдарға қазақ сөз өнері өте бай. Ал, мәселенің ғылыми шешілу жолына келсек, бұл тарапта да қажетті әлеует жеткілікті. Атап айтсақ, әдебиет тарихын зерттейтін, оны жүйелейтін ғалымдарымыз баршылық. Сондай-ақ әдебиетіміз жүріп өткен жолдарды, бел-белестерді айқындау, саралау қазақ әдебиеттану ғылымы үшін жаңалық емес. Бұл саладағы ғылыми ізденістердің бір ғасырға жуық тәжірибесі бар. Мәселе соларды толықтыруда, жетілдіруде, тиянақтауда. Оның бер жағында қазіргі қазақ ғалымдарының қолында шетел оқымыстыларының әдебиет тарихын дәуірлеудегі теориялық және әдіснамалық тәжірибесі және бар.

Біздің бұл еңбекті жазудағы мақсатымыз — қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуге байланысты аз-кем ой қосу, өзіндік пікір білдіру. Айтқанымыздың бәрі жөн, шешуші сөз, кесімді пікір дей алмаймыз. Мақсат — қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудегі ғылыми тәжірибелерді саралай отырып, бұл мәселе жөнінде ой қозғау.

Қазақ әдебиеттану ғылымында, біздің білуімізше, қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудің бірнеше үлгісі бар (бұл жерде біз белгілі бір дәуірлерді іштей жүйелеген еңбектерді қосып отырғанымыз жоқ). Жазылған уақыты жағынан алғанда дәуірлеудің тұңғыш үлгісін Райымжан Мәрсековтің 1915 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Қазақ әдебиеті жайынан» мақаласынан көреміз. Мақала авторы: «Біздің қазақ әдебиетінің осы кезге шейінгісін үш дәуірге бөлуге болады: бірінші дәуірі — ескі замандағы қазақ арасына жазу таралмай тұрғандағы кез», — дейді де, әдебиеттің екінші дәуірін ел арасына жазудың келуімен, исламдық, шығыстық кітаптардың таралуымен байланыстырады. Ал үшінші дәуір жөнінде: «Абай марқұмнан бері қарай қазақ әдебиетінің үшінші дәуірі басталады» деген қорытынды жасайды [1]. Әрине, Р.Мәрсековтің әдебиетті дәуірлеуі тұңғыш тәжірибе, алғашқы амал болған себепті мұнда шарттылық көп. Дегенмен, әдеби-ғылыми дерек ретінде оның дәуірлеу үлгісін жадымызда ұстауға тиіспіз.

Әдебиет тарихын дәуірлеудің келесі бір нұсқасы Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышынан» байқалады. Еңбектің «Жазу әдебиет» бөлімінде: «Қазаққа жазу дінмен бірге келген. Қазақ ішінде молдалық қылып, дін үйретушілер, бала оқытушы қожалар, ноғай молдалар себепті жазба сөзді шығарушылар да бастапқы уақытта солар болған. Қазақ ішінде олар көп тұрып, қазақтың тілін, мінезін жақсы білген. Қазақтың өлеңді, сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған» [2; 143], — деп жазба әдебиеттің алғашқы дәуірі дінмен байланыстырылса, екінші дәуірі жөнінде: «Сындар дәуір деп қазақ әдебиетінің сыны да болған, яғни сын арқылы шығып, әдеміленген мағыналы сөз, бір мағынасы сыны бар деген болады да, екінші мағынасы мінсіз, толғаулы, сипатты деген болады. Бұл сөздің екі мағынасының екеуі де қазақ әдебиетінің соңғы кездегі жаңа дәуірін сипаттайды», — дейді [2; 160]. Бұдан көретініміз — Ахаң әдебиетті діндар дәуір және сындар дәуір (бұл дәуірді ділмар дәуір деп те атайды) деп екіге бөлетіндігі. «Әдебиет танытқыш» әдебиет тарихына емес, әдебиет теориясына арналған еңбек екені белгілі. Сондықтан да Ахаң үшін әдебиетті дәуірлеу басты мақсат болған сияқты. Ол дәуірдің қалыптасу, туу, даму ерекшеліктерін не болмаса олардың сипатын таратып айтпайды. Ғалым үшін маңыздысы — сол дәуірлеудің шегінде туған әдеби жанрларды байқату. Әдебиет тарихының болашақтағы дәуірлеушілері үшін әрбір әдеби дәуірдің жанрлық жүйесін көрсетудегі Ахаң үлгісі өнеге болуы тиіс деп ойлаймыз. Себебі әдебиет тарихы көркем формалардың да өзгеру, қалыптасу, алмасу тарихы екендігі күмәнсіз.

Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуде Мұхтар Әуезов зерттеулерінің орны ала бөтен. Жалпы, қазақ әдебиеті тарихының алғашқы зерттеушілерінің қатарынан орын алатын Мұханның ғылыми еңбектері дәуірлеу мәселесінде де алғашқылардың бірі. Оның бұл мәселеге қатысты зерттеулері өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының басынан басталады. «Зар заман ақындары», «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі», 1933 жылы жарық көрген оқулықтағы «Өлкенің патша үкіметіне бағынып, отарлану дәуірінің әдебиеті» және «Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті» (1870 жылдар мен 1905 жылдар арасы) мақалалары, 1927 жылғы «Әдебиет тарихы» кітабы және 1959 жылғы белгілі конференциядағы қорытынды сөзі — әдебиет тарихын дәуірлеуге тікелей қатысты ғылыми еңбектер. Осылардың ішінде Мұханның 1933 жылғы оқулыққа енген екі зерттеу мақаласының ғылыми тұжырымдары әдебиет тарихынан еңбек жазушылар тарапынан ескеріле бермейді. Бірақ XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдеби процесті саралауда бұл

еңбектердің маңызы ерекше. «Өлкенің патша үкіметіне бағынып, отарлану дәуірінің әдебиеті» мақаласында автор: «Шығарушысы белгілі, уақыты сақталған, байланысты уақиғасы белгілі әдебиет журналдарын біз XVIII ғасырдың аяғынан бастап қана көре бастаймыз. Бұлай болуының себебі сол мезгілден бастап қазақ халқының экономикалық, әлеуметтік өміріне мәдениеті жоғары, жазба әдебиеті бар Ресейдің отаршыл патша үкіметі араласа бастады. Қазақ халқының XVIII ғасырдың аяғындағы, XIX ғасырдың ұзын бойындағы әдебиеті негізінде, бір жағынан, осы патша үкіметінің отарлау саясатына қарсылық тартысын суреттейді», — дейді [3, 248]. Осы пікірден М.Әуезовтің әдебиет тарихын XVIII ғасырдан бастауға бейім екендігін және соны қолдайтынын аңғаруға болады. Оны Мұханның 1959 жылғы әдеби мұраға байланысты өткізілген конференциядағы кейбір ойларынан да аңғару қиын емес. Бұл жерде біз үшін басты мәселе — М.Әуезовтің әдебиет тарихын қай кезеңнен бастауында болып тұрған жоқ. Қажеттісі — оның әдеби дәуірлерді қалайша жіктегенінде. Мұханның еңбектерінен ғалымның әдебиеттің үш дәуірін айрықша бөліп қарастырғанын байқаймыз, олар: 1) XIX ғасырдың жетпісінші жылдарына дейінгі әдебиет, өзінің айтуы бойынша, «Отарлану дәуірінің әдебиеті»; 2) 1870–1905 жылдар аралығындағы әдебиет («Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті»); 3) Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі.

М.Әуезов отаршылдық дәуірдегі әдебиеттің бірқатар белгілерін тарихи-әлеуметтік жағдайлармен байланысты түсіндіре келе, Кенесары, Исатай-Махамбет бастаған көтерілістерге байланысты туған әдебиетке тоқталады. Қазақ әдебиетінің келесі дәуіріне келгенде, автор қазақ жеріне капиталистік қарым-қатынастардың енуін жан-жақты сипаттап, Ыбырай Алтынсарин, Абай, Өзбекірі, Шәңгерей, Мәшһүр Жүсіп есімдерін атап, олардың ағартушылық-діни еңбектерін алға тартады. Бұл мақаласында отаршылдыққа қарсылықты туған әдебиет, айтыс ақындары, сал-серілер поэзиясы жөнінде, олар сол кездегі әдебиетте айрықша көрінгенімен, ешнәрсе айта қоймайды. Бұлар жөнінде ол осы еңбегінің алдында бірнеше жыл бұрын жазылған «Зар заман ақындары» мақаласында толымды пікірлерін жеткізгендіктен және кеңес саясатының беті 1930 жылдардан бастап, сұстана түскен тұста саналы түрде ол Ы.Алтынсарин мен Абай жөнінде айта келіп, біз қазіргі кезде себебін анықтауға құлықсыз болып жүрген немесе аталған екі ақынды, оған қоса Шоқан Уәлихановты отаршылдыққа қарсы болды деген ыңғайдағы пікірлеріміздің дәлелсіз екендігін айқындайтын мынадай объективті тұжырым жасаймыз: «Бірақ бұлардың тобы саяси-әлеуметтік құрылыста патша үкіметінен қысым көрмейді. Қайта содан сыбаға алып, соның өзіне қоңсы қонған тап. Сондықтан ол тап ақындары төңкерісшіл қарсылық тақырыбы мен төңкерісшіл сарын сияқтыларының ешбіріне де жоламайды. Қазақ өлкесінің олар кезінде отар боп жатуы да бұлардың сана-сезіміне әсер етпегендей болады» [4]. М.Әуезовтің әдебиет тарихының білгір тамыршысы екендігі келесі әдеби дәуірдің өкілдерін сипаттап беруінен де айқын аңғарылады: «Бесінші жыл төңкерісінің артынан шыққан жаңа үлгідегі ақын-жазушы бұлар тобынан шықпайды. Оларды майданға әкеп шығарған қоғамдық, шаруашылық, саяси күйлердің басқаша боп жаңғырып өзгеруі. Сондықтан олардың өздері де қыр үлгісіндегі қазақ емес, оқыған, еуропаланған қызмет иесі боп жүрген қала туындысы болады. Олардың байшыл-ұлтшыл оқығандар боп қалыптануларында таптық досы, тұстасы да сол қала туындысы, қала ықпалындағы жергілікті буржуалар болады» [3, 315]. Ал енді М.Әуезов айқындаған үшінші дәуірге келсек, автор оны «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деп атаған. Абайдан соңғы дәуірді автор «Қазақ» газетінде көтерілген ұлтшылдық сарындармен байланыстырады. Бірақ артынша бұл дәуірдің әдеби-көркем сипатына келгенде ол аса білгірлікпен былай деп жазады: «Ол жаңалық — жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік, сыршылдық (романтизм) дәуірі. Бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері қарай келе жатқан реализм сарыны көбінесе құрғақ ой, жағдай сөз күйі осы күнде ішкі терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді... Қазақ әдебиетінің бұл дәуірі буыны бекіп, қатарға кірерлік әдебиет болғандығын көрсететін сыршылдық романтизм дәуірі болады» [5]. М.Әуезов атап отырған сыршылдық романтизм әдебиеті сол тұстағы Шәңгерей Бөкеев, Нарманбет Орманбетұлы, Міржәкып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Бернияз Күлеев шығармаларынан көрініс тауып жатты.

Төртіншісі, Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты кітабындағы (1932) дәуірлеу үлгісі. Мұнда автор қазақ әдебиетін «Билер дәуірі» және «Қазақ елі орыс патшасына бағынған дәуір» атты екі кезеңге бөледі. Сәкен Сейфуллиннің «Билер дәуірі» [6] деп отырғаны ауызша дамыған әдебиет тұсындағы билер мен шешендердің жырлары болса, екіншісі — отаршылдық дәуірдегі әдебиет. Әрине, бұл жалпы нақтыланбаған көрініс.

Бесіншісі, кезінде 20–30 жылдай негізге алынып келген Қ.Жұмалиев варианты. Академик-ғалым қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырдан, оның өзінде Бұқар жыраудан бастағаны мәлім. Оның бұл

пікірі «Қазақ эпосы және қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» монографиясынан, «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы» оқулығынан орын алды. Оның бұл бұлжымас қағидасы 1959 жылы қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда жасаған «XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері» атты баяндамасынан және осы конференциядағы қорытынды сөзінен көрініс тауып жатты. Конференциядағы қорытынды сөзінде: «Мен өзімнің баяндамада қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастау керек дедім. Б.Кенжебаев өзінің сөзінде қазақ әдебиетінің тарихын әріден бастауды ұсынды, тіпті VII ғасырдан бастайық деді. Әрине, әркімнің ұсыныс айтуына қақысы бар, бірақ бұл тарихи шындыққа сыймайды. Әдебиетіміздің тарихы бар деу, оның біртіндеп өскен желісі бар, ол желісін кімнен бастап, кімдерге келіп, кіммен аяқтау керек. XVIII ғасырдың бер жағындағы тарихқа аты мәлім 4–5 ақынның өзі тексерілуден бірде шығарылып, бірде енгізіліп жүргенде, сонау VIII ғасырға баруға бола ма? Б.Кенжебаевтың бұл пікірі жай ғана көңіл. VIII ғасырдан бүгінге дейін әдебиетімізде үзілмей келе жатқан өзек, желі бар деушілік, ешбір негіз жоқ, бос қиял», — дейді [7].

Алтыншысы, кешелі-бүгін кеңірек қолданылып жүрген Бейсенбай Кенжебаевтың дәуірлеуі. Оның 1941 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланып, кейінгі кітаптарына енген мақаласында дәуірлеу [8] үлгісі алдыңғы дәуірлеу үлгілерінен гөрі толымды, ең бастысы — өз заманы үшін объективті, басты оппоненті академик Қажым Жұмалиевтің әдебиет тарихын XVIII ғасырдан бастағанынан әлдеқайда кемел. Дегенмен Бейсекеңнің дәуірлеуін бұл саладағы бұлжымас қағида, ақтық сөз деуге болмайды. Оның да нақтылайтын, тіпті өзгертетін тұстары баршылық. Әсіресе әр дәуірдің атауы мен хронологиялық межелерінде қосып, алатын тұстары бар. Айталық, қазақтың төл әдебиетіне, жыраулық дейінгі дәуірді іштей үш кезеңге бөлу қажет:

- Көне түркі әдебиеті;
- Ислам тұсындағы әдебиет;
- Алтын Орда әдебиеті.

Екіншіден, жыраулар поэзиясын XV ғасырға емес, бір ғасырға ілгері жылжытып, XIV ғасырдан бастау керек. Себебі жыраулық әдебиет өкілдері бізге осы ғасырдан белгілі. Үшіншіден, XIX ғасырдың әдебиетін тұтас алмай, оны ауызша дамыған әдебиет деп 1870 жылдарға дейінгі мерзіммен межеллеу қажет. Бұл ретте әдеби тіл тарихын дәуірлеуші Рәбиға Сыздықтың еңбектеріне ден қойғанның артықтығы жоқ. Төртіншіден, ғалымның «XX ғасыр басындағы әдебиет» деп 1900–1917 жылдар арасын бір дәуірге жатқыза көрсетуін қайта қарау қажет. Бұл кезеңге байланысты соңғы жылдарда, кезінде Бейсекең біле тұрса да, кеңестік саясат айтқызбаған бірқатар шындық ашылды. Жазба әдебиетіміздің қалыптасуына іргелі үлес қосқан Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Қошқе Кемеңгерұлы, тағы басқа ондаған қаламгер шығармашылығы бұрын біз білетін шындықтың ауқымын кеңейтіп, бұл әдеби дәуірдің белгілі саяси оқиға өткен күнтізбелік жыл — 1917 жылмен шектелмейтіні, ұлттық бояуы қанық әрі өзіндік дәстүрі қалыптасып келе жатқан ояну дәуірі әдебиетінің үстемдігі 1927–1929 жылдарға дейін, яғни, Жүсіпбек Аймауытовтың романдары, Мағжан Жұмабаевтың соңғы өлендері мен поэмалары, Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесі жазылған және жарияланған мерзімге дейін сақталып келді. Сонымен бірге кеңесшіл, таршыл әдебиеттің белгілі бір көркемдік дәрежеге жеткен шығармалары Жүсіпбек, Мағжан, Мұхтардың аталған шығармалары жазылған тұста әлі дүниеге келмеген еді. Социалистік реализм көркем әдебиетінің дәурені Қазан төңкерісінен бір мүшел кейін орын ала бастады. Оған қосарымыз: ұлттық бағыттағы ақын-жазушыларды большевиктік саясат шеттеткен соң ғана барып жүре бастады. Жаңа өкіметтің идеологиясымен, демеуімен қанатталып келе жатқан қазақ кеңес әдебиетінің алғашқы дәуірін кеңес заманындағы әдебиеттанушылар 1929 жылмен межеллеуі де тегін емес. XX ғасыр басындағы әдебиетті кеңес үкіметінің орнаған жылымен шектемеу қажеттілігі Д.Қамзабекұлының, Б.Мамыраевтың зерттеулерінде де дәлелденіп отыр [9].

Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесі қазіргі әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселесі ретінде осыдан он-он бес жыл бұрын «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында көтерілген еді. Онда академик З.Ахметов, профессор Х.Сүйіншәлиев, Т.Сыдықов, тағы басқа бірқатар ғалымдар өз ойларын ортаға салған болатын. Бірақ пікір білдіріп, ой қозғалғанымен, жалғасын таппай қалды. Алайда дәуірлеу мәселесі бұдан ары қарай кең көлемдегі ғылыми әңгімеге ұласпады, профессор М.Мырзахметұлы ғана «Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу жайында» атты көлемді мақала жариялады. Ол үш ғасырдың әдебиетін азаматтық тарихпен тікелей байланыстырып, XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихын: 1) 1731–1822 жылдар арасы; 2) 1822–1867 жылдар арасы; 3) 1867 жылдан ғасыр соңына дейін деп үш кезеңге бөледі. Ал XX ғасыр басындағы әдебиетті «Ояну дәуіріндегі қазақ әдебиеті» деп

атауды ұсынады [10]. Ғалымның дәуірлеуі бір ғана гетерогенді жолмен түзіліп, одан барып әдебиеттің ішкі, төл даму жолы ескерілмеді. Әрі мұнда ұлттық идеологияға берілген көңіл-күй эмоциясы да басым еді.

Дәуірлеу секілді аса күрделі мәселеде ең алдымен оның критерийлері жасалуы тиіс деп ойлаймыз. Мұндай критерийлер, негізінен, әдебиеттің табиғи даму жолымен берік байланыста болуы міндетті. Әдебиет — халық деген сияқты жалпы ұғым. Халықтың көзге көрінер, қолға ұстар заттық, материалдық болмасы болмайтыны, халық дегеніміз — адамдар тобы екендігі сияқты, әдебиет дегеніміз де — көркем шығармалардың болмысынан түзілетін рухани әлем. Қай-қайсымызға да мәлім осы аксиомалық жайды мықтап ескерсек, әдебиет тарихының даму ерекшеліктері әр дәуірде дүниеге келген көркем шығармалардың ортақ қасиеттері сараланып, әдеби кезеңнің, дәуірдің дидамын айқындай алатын белгілер жинақталуы тиіс. Сол себепті де көркем мәтін, біз әдетке айналдырып алғандай, поэтиканың ғана емес, әдебиет тарихының да басты мәселесі болуға тиісті деп ойлаймыз.

Әдебиетті зерттеу, негізінен алғанда, екі бағытта: жекеленген көркем шығарманы зерттеу және жалпы әдеби процесті зерттеу бағыттарында жүргізіледі. Зерттеудің өзге салалары, айталық, әдебиеттер байланысын, көркем аударма табиғатын, әдебиет және қоғам, әдебиет және көркем өнердің өзге түрлерінің сабақтастығын т.с.с. қарастыру жоғарыда көрсетілген зерттеудің екі бағытынан шығып отырады. Көркем шығарманы зерттеу — әдебиеттану ғылымының бастапқы мәселесі, негізгі ісі, басты шаруасы болуы тиіс. Сол себепті де әдеби процесті, кең түрдегі әдебиет тарихын зерттеудің өзі көркем шығарманы зерттеуден барып өріс алады. Яғни, әдеби зерттеудің қандай да бір түрі болмасын, қандай да бір тәлімі болмасын, алдымен көркем шығарманы тануды мақсат етуі тиіс. Көркем шығарма поэтикасын зерттеуді жетекшілік орынға қоймай, әдеби процесті бар болмысымен, бүкіл шындығымен танып-білу мүмкін емес. Біз бұл жазбамызда көркем шығарма, көркем мәтін мәселелерін зерттеудің әдіснамалық негіздерін саралайын деп отырғанымыз жоқ, қазіргі мақсатымызға орай, көркем шығарманы танудың кейбір қырларына тоқталмақпыз.

Көркем мәтін бірқатар компоненттерден тұратыны белгілі. Жалпылай алсақ, мазмұн мен пішін. Бізде басым жағдайда мазмұн негізге алынады да шығарманың қоғамдық-идеологиялық мазмұны әдебиет тарихын жасау негізге алынады. Содан барып әдебиет пен әлеуметтік өмір арасына тепе-теңдік қойылады. Бұл жеңілдеу жол. Себебі тақырып, идея төңірегінде сөз қозғау, мазмұндау қашанда санаға салмақ түсірмейді. Кеңестік әдебиеттану тұсында оның қилы-қилы жолдары мен түрлері, қалыптары жасалды емес пе? Бұл арада біз шығармаларға арқау болар шындықты немесе оның идеялық шешімін жоққа шығарып отырғанымыз жоқ, айтпағымыз — тақырып пен идеяны ғана ту ете бермей, оның көркемдік құрылымын да ескеру қажеттілігі.

Әдеби туындының мәтінінің екі қыры — мазмұны мен пішіні болатыны аян. Пішінді мазмұн қалыптастырады дегенімізбен, қандай да болмасын мазмұнды қабылдау пішінді тану арқылы жүзеге асады. Соған қарап өзге ғылымдар да, әдебиеттануда да мазмұн мен пішін жөнінде сөз бола қалса, олардың берік ажырамас бірлікте екендігі үнемі айтылады. Мәтіннің барлық компоненттерін бойына жинаған мазмұн мен пішін категорияларының түсуі теориялық тұрғыдан поэтиканың нысаны болғанымен, сол дәрежеде тарихи әдебиеттанудың да зерттеу аясына енеді. Сол себепті де бұл екі категория бөлінбейтін тарихи күйінде әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесінде де назардан тыс қалмауы тиіс. Көркем шығармаларды бағалаудағы әдебиет тарихшысының міндеті мазмұн мен пішіннің өзгеру жүйесін зерттеу деп білесіз.

Мазмұн мен пішін жөніндегі зерттеулердің критерийлеріне сүйенер болсақ, онда алғашқысына шығарманың тақырыптық-идеялық бағдары, ал соңғысына құрылысы (сюжеті мен композициясы, құрылымы (жанры) және тілі (бейнелеу құралдары, стилі) енетіндігін айта кетуге болады. Енді мазмұндық және пішіндік компоненттердің қазақ әдебиетінің тарихындағы өзгеру, түрлену ерекшеліктеріне келейік. Әлбетте, бұл — аса ауқымды міндет. Біз оны толық шешіп беруге негізсіз тәуекел жасай алмаймыз. Біз бұл мақалада оның өзіміз білетін, біліміміз жеткен, өзімізше осылай болуға тиісті деген мәселелерін қамтымақшымыз. Оларды толықтырудан немесе мәселеге басқаша қараудан тіпті біздің жеке тұжырымдамамызды жоққа шығарудан жеке адам емес, жалпы әдебиет тарихы ұтады. Біздің мақсатымыз — әдебиет тарихының дұрыс, шынайы саралануы жағында. Ең болмаса мысалдай болса, ой қоса алсақ, бұған ғылыми қызығушылық тудырған ғалымдармен тізе қосып, мәселені орнынан жылжытуға ой қоссақ, мақсаттың ақталғаны деп білер едік.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мәрсеев Р. Қазақ әдебиеті жайынан // Қазақ газеті. — Алматы, 1998. — 156-б.
- 2 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. — Алматы, 2003.
- 3 Әуезов М. Өлкенің патша үкіметіне бағынып, отарлану дәуірінің әдебиеті // Шығармаларының елу томдық толық жинағы. — 7-т. — Алматы, 2002.
- 4 Әуезов М. Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті (1870 жылдар мен 1905 жылдар арасы) // Шығармаларының елу томдық толық жинағы. — 7-т. — Алматы, 2002. — 314-б.
- 5 Әуезов М. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі // Шығармаларының елу томдық толық жинағы. — 2-т. — Алматы, 1998. — 222-б.
- 6 Сейфоллаұлы С. Қазақ әдебиеті. — 1-ші кіт. — Билер дәуірінің әдебиеті. — Қызылорда, 1932.
- 7 Жұмалиев Қ. Қорытынды сөз // Әдеби мұра және зерттеу. — Алматы, 1961. — 291-б.
- 8 Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. — Алматы, 1986.
- 9 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. — Астана, 2002; Мамыраев Б. Основные тенденции развития казахской литературы первой четверти XX века. — Алматы, 1998.
- 10 Мырзахметұлы М. Түркістанда туған ойлар. — Алматы: Санат, 1998. — 76–78-б.

Е.Тилешов

О классификации периодов казахской литературы

В статье анализируются научные опыты классификации периодов казахской литературы. Рассматриваются научные поиски с начала XX в., включая мировое литературоведение. Показаны основные направления в истории литературы, выявлена их связь с периодизацией литературы. Приводятся выводы автора относительно данной проблемы.

E.Tileshov

About the classification of literary periods in Kazakh literature

The article devotes some scientific finds about periods classification of kazakh literature. There are scientific researches of kazakh scientfirst for head of XX century on this cours have been used. So, there are scientific find in world literature have been shown. Base courses in history of literature is charactered. The combination these courses by periodic of literature have been shown. So conclusion about this problem had make.

ӨОЖ 821.512.122+82–144

Ж.С.Рамазанова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Өнегелі өмір****Сыншы, ғалым, аудармашы, түркітанушы А.Егеубаев туғанына 60 жыл**

Мақала танымал қазақ ақыны мен ғалымы Асқар Егеубаевтың шығармашылығына арналған. Жұмыста кейбір лирикалық өлеңдердің мазмұнына талдау жасалып, тақырып тандауға назар аударылған. Қазіргі уақыттағы өзекті мәселелерге ақын баллада жанрында жазылған кейбір өлеңдерінде тоқталады. Аталған шығармаларды талдау арқылы ақынның лирикалық поэзиясы мен оның шығармашылығын бірлікте зерттеу қажеттілігі көрінеді.

Кілтті сөздер: А.Егеубаев, аудармашы, түркітанушы, сыншы, шығармашылық жолы, түркология ғылымы, Құтты білік.

Асқар Егеубаевтың есімі қалың жұртқа таныс. Ғылыми зерттеулерінен, көркем-әдеби туындыларынан бастап оқырман назарында, жұрт аузында. А.Егеубаев өз заманының сауатты, талантты ақыны болды. Әйтсе де, Асқар Егеубаев дегенде ойыңа, тіл ұшына бәрінен бұрын «Құтты білік», «Диуани лұғат ат-түрк» оралады. Осы еңбектерді тұңғыш рет ана тілімізге аударып

жариялатты, зерттеді, ғылыми айналымға қосты. Бұл әдеби мұралардан еліміздің рухани, ақиқатты-этикалық тұлғасын, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің тарихы мен дәстүрін көреміз. Ал қалың оқырман үшін қаламгердің шығармашылығы «Мөлдір тұма», «Жүректегі жұлдыздар», «Құс жолы» атты жинақтарға топталған өлең-жырлардан басталады.

Ақынның соңғы жинағы «XX ғасырдың екі сағаты» деп аталады. Екі бөлімнен тұратын кітаптың біріншісінде табиғат, туған жер, махаббат тақырыптарына жазылған поэзиялық шығармалары топтастырылған да, оны ақын «Бар, бар... Сұлу бір әлем» деп атайды.

Бұл жинақта ауыл тақырыбына арналған бірнеше өлең кездеседі: «Ауыл», «Барар едім ауылға», «Ауылдың құлындары». «Ауыл» өлеңінде ауылға деген сағынышын былай білдіреді:

*Дұғай сәлем ауылға,
Жол түспеді баруға.
Жолығармыз бір күні,
Жолы болғыр қауымға
Олай десіп, бұл десіп,
Келеміз ғой күн кешіп.
Алиы иірген сақамыз,
Бірде бүк те, бірде шік!
Түске жиі енесің,
Шарбақты аула, Шатырлы үй.
Ертегідей елесі,
Жиырмасыншы ғасырдың [1, 24].*

